



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

«SHAKARIM INNO – 2023»

Жаратылыстану, техникалық,
әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық және
аграрлық ғылымдар бойынша
XXVI ғылыми студенттік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ

XXVI научной студенческой конференции
по естественным, техническим,
социально – гуманитарным,
экономическим и аграрным наукам

«SHAKARIM INNO – 2023»

10-14 сәуір 2023 ж.
Семей




Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

«ШАКАРИМ INNO – 2023»

Жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық
және аграрлық ғылымдар бойынша
XXVI ғылыми студенттік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ

XXVI научной студенческой конференции по естественным, техническим,
социально-гуманитарным, экономическим и аграрным наукам

«ШАКАРИМ INNO – 2023»

10-14 сәуір 2023 ж.
Семей

**ӘОЖ 619"20"(574)(063)
КБЖ 48(5Каз)
В39=М34**

Главный редактор:

Б.А. Ердембеков – Председатель Правления – Ректор, доктор филологических наук, профессор

Редакционная коллегия:

Қалибекқызы Ж. – проректор по науке и инновациям, кандидат биологических наук, ассоциированный профессор;

Кливенко А.Н. – руководитель научного центра радиоэкологических исследований, PhD;

Евлампиева Е.П. – руководитель отдела по управлению научной деятельностью, кандидат биологических наук, и.о. ассоциированного профессора;

Нурымхан Г.Н. – декан инженерно-технологического факультета, кандидат технических наук, ассоциированный профессор;

Есенгулова Н.Ж. – декан факультета ветеринарии и агроменеджмента, кандидат ветеринарных наук;

Кадыров А.К. – декан факультета филологии, кандидат филологических наук;

Тлемисов У.Б. – декан гуманитарно-экономического факультета, магистр;

Мукаев Ж.Т. – декан естественно-математического факультета, PhD;

Семейская З.Т. – ведущий специалист отдела по управлению научной деятельностью;

Базанова А.К. – специалист отдела по управлению научной деятельностью.

Жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық және аграрлық ғылымдар бойынша XXVI ғылыми студенттік конференциясының материалдарының жинағы (Семей қ., 10-14 сәуір 2023 ж.): Материалдар жинағы / бас редактор Ердембеков Б.А. – Семей: Шәкәрім атындағы университеті, 2023. – 180 б.

Сборник материалов XXVI научной студенческой конференции по естественным, техническим, социально-гуманитарным, экономическим и аграрным наукам (Семей, 10-14 апреля 2023 года): Сборник докладов / гл. редактор Ердембеков Б.А. – Семей: Университет имени Шакарима города Семей, 2023. – 180 с.

ISBN 978-601-313-122-1

В сборник включены доклады, представленные на пленарном и секционных заседаниях XXVI научной студенческой конференции по естественным, техническим, социально-гуманитарным, экономическим и аграрным наукам. Материалы конференции будут полезны профессорско-преподавательскому составу и обучающимся многопрофильных высших учебных заведений.

© Университет имени Шакарима города Семей, 2023

1 СЕКЦИЯ: ВЕТЕРИНАРИЯ

СЕКЦИЯ 1: ВЕТЕРИНАРИЯ

ГТАХР: 619:611.1

А. Қуанышпаева, Г. Күзембайқызы

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **Ж.М. Нуржуманова**, ветеринария ғылымының кандидаты

ҚОЙ СТРОНГИЛОИДОЗЫ БОЛЖАМЫ ЖӘНЕ АЛДЫН – АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жануарлардың паразитологиясы – жалпы биологиялық пәндер арасында зоология, физиология, генетика сияқты пәндермен бірлесіп мал шаруашылығының биологиялық негізін түзейді.

Қой стронгилятозы – strongylata субординациясының өкілдері тудыратын гельминтикалық аурулардың кешені. *Chabertia*, күйіс қайыратын жануарлардың ас қорыту каналында жыныстық жетілу кезеңінде паразиттік, дернәсілдік кезеңдер патогеннің түріне байланысты әртүрлі тіндерде локализацияланған[5].

Жас жануарларда стронгилоидоз көбінесе ауыр жағдайды тудырады. Жануарлар дамуда күрт артта қалады. Алдымен дернәсілдердің көші қоны кезеңде терінің қышуы, жөтел, мазасыздық, пневмония, плеврит байқалады. Ішекте жыныстық жетілген гельминт локализацияланған кезде асқазан-ішек жолдарының бұзылуының белгілері пайда болады; перистальтиканың бұзылуы, диарея немесе іш қату, сондай-ақ дене температурасының жоғарлауы, тамақтан бас тарту, жалпы депрессия болады[1].

Стронгилоидоз-ауыл шаруашылығы жануарларының жас малдардарының инвазиялық ауруы. Қозылар өмірінің алғашқы сағаттарынан бастап жұқтыруы мүмкін. Ересек жануарларда ауру субклиникалық түрде жүреді және мұндай жануарлар инфекция көзі болып табылады. Көбінесе стронгилоидоз басқа диагноздармен өтеді; бронхопневмония немесе энтерит. Белгілері: қойларда личинка теріге енгеннен кейінгі алғашқы күндерде қышу, мазасыздық, қызару басталады, пустулалар пайда болады. Личинкалардың көші-қоны кезінде жағдай нашарлайды, дене температурасы көтеріледі, тәбеті төмендейді, өкпеде дымқыл сырылдар естіледі, нәжісте шырыш пайда болады. Бұзауларда стронгилоидоз созылмалы түрде жүреді, дене салмағы төмендейді, өрістен артта қалып қояды. Қозылардың (қойлардың) белгілеріне ұқсайды.

Кей бір қарапайым инвазиялық ауруларда 1-3 айлық қозылар ауырмайды, оларды анасының сүтінің иммунитеті сақтап қалады [1].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері экономикасын жоғары деңгейлерге жеткізу мақсатында, мал шаруашылығының алатын орны өте зор. Бүкіл әлемдік сауда ұйымына мүше болуды көздеуге, бұл жоғары сапалы тауарлар мен өнімдер шығарылуын қажет екендігі маңызды. Төрт-түлік малды өсіп-өнуіне және өнімділігін арттыруға мал өнімдерінің сапалы болуына залалын тигізетін инвазия қатарына стронгилятоздар да жатады. Қазақстанда кеңінен таралған гельминтоз. Жалпы мал шаруашылығын өркендетудің маңызы инфекциялық және гельминтологиялық аурулармен күресу болып табылады. Соның бірі – сүтқоректілердің, жануарлардың стронгилятоз аурулары болып табылады. Күйістілер стронгилятоздары: қой гемонхозы, нематодирозы, хабертиозы, буностомозы, эзофагостомоз, трихостронгилезы және т.б. түрлерінің саны 400-ге дейін болады. Қой шаруашылығында жие кездесетін инвазиялық аурулар қатарына асқазан-ішек жолдарына стронгилятоздары жатады. Олар ауқымды экономикалық зиян келтіретініне ғылымға мәлім. Осыған сәйкес аталған инвазияға қарсы паразитологиялық шараларды өткізу үшін, оның мерзімін алдын алатын және онымен күрес шаралардың ғылыми негіздемесі жасалады. Асқазан-ішек жолдарындағы стронгилятоздары көбіне күйіс қайыратын малда кездеседі, барлық елде кеңінен таралған сонын ішінде Қазақстанда.

Абай ауданында «Ұлан» шаруақожалығында қойлардың стронгилятоздарының эпизоотологиясы байқалды. Қойлардың гельминтоздарының ішінде, қазіргі уақытта, ең көп тарағаны ас қорыту жүйесінің старонгилятоздары. Стронгиляттар қарындарда ішектерде тоғышарлық етеді, геогельминттерге жатады. Олар қойдың денесіне трофикалық (қоректік), токсикалық (уыттық), механикалық (ішекті бітеу, жару), инокуляторлық (патогенді микробтардың құрттардың

баланқұрттарының денесімен сыртқы ортадан ішекке енуі) әсерімен тоғышарлық етеді. Малдың тірі кезінде стронгилятоздарға диагноз қою өте қиын. Эпизоотологиялық деректер, аурудың сырт белгілері және гельминтокопрологиялық зерттеулер жеткіліксіз, диагностикалық дегельминтизацияның да нәтижесі шамалы. Нақтылы тәсіл: құрт жұмыртқаларынан баланқұрттарын өсіріп, жұқпалы сатысына жеткізіп, солардың түрін анықтау арқылы диагноз қою. Ұсақ мүйізді қара малының стронгилятозы болғандықтан қой малына көңіл бөліп, нәжісінен сынама алып лабораторияда тексеріледі. Қойдан алынған нәжісті мал дәрігерлік клиникада «Фюллеборн» әдісі бойынша тексеріледі. Сонымен қатар ұсақ мүйізді қара малының инвазияның экстенсивтілігі мен интенсивтілігі зерттелген. Ұсақ мүйізді қараның стронгилятоздарын маусымдық және жастық дамуын зерттеп, олардың алдын алу мен емдеу жұмыстарында «Универм» және «Аверсект-2» (инъекциялық) препараттарын қолданудың салыстырмалы тиімділігі анықталды.

Стронгилятоздар қазірдің өзінде ауыл шаруашылығы экономикасына орасан зиянын келтіреді. Олар мал өнімінен, мал өнімінің сан-сапасының төмендеуінен, құрт жайлаған мүшелердің жарамсыздығынан, ішқұрт ауруларына қарсы жүргізетін ем-дау шараларының қиындығы мен қымбаттылығынан құралады. Өсіп-өнуі ас қорыту ағзаларында өмір сүретін стронгиляттар, геогельминттер қатарына жатады, яғни олар тікелей аралық иесі дамиды. Күйістілер стронгиляталарды көбінесе өрісте жұқтырады. Жұқпалы баланқұрттар мал денесіне шөппен не сумен (шалшық сулардан) бірге енеді. Азықтандыру тәртібі қатаң сақталмаса, мал қорада да құрттардың жұғуы мүмкін. Сондықтан стронгилятоздарды зерттеулер қазіргі уақытта жалғасуда, осы ретте әртүрлі препараттар сыналып, олардың экстенс және интенс тиімділіктері анықталып, өндіріске ғылыми ұсыныстар дайындалып, енгізілуде [3].

Зерттеу нысаны «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің» КеАҚ клиникасының агроменеджмент факультетінің «Ветеринария» кафедрасынан алынған. Зерттеу жұмыста паразитология лабораториясында бекіту әдістерінің микро-зерттеулері қолданылды.

Әдебиеттер

1. Сабаншиев М.С., Шабдарбаева Г.С., Сүлейменов Т.Т., Қожабаев М., Бердіқұлов М.А. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары // Оқулық. «Нұрлы Бейне» баспасы, Шымкент, 2010. – 475 б. Ыбраев Б.К. және басқалары.
2. Етқоректілер мен терісі бағалы аңдардың инвазиялық аурулары // Әдістемелік құрал. – Астана, 2009. – 52 б.
3. Шабдарбаева Г.С. Ветеринариялық гельминтология // «Агроуниверситет» баспасы, Алматы, 2007. – 194 б.
4. Есімбеков Ж.М., Ысқақов М.М., Дүйсенбаев С.Т. Жануарлардың инвазиялық ауруларын анықтау практикумы // Алматы, 2000. – 150б.
5. Хусайынова Н.Т., Исқаков М.М. Эймериозы сельскохозяйственных животных / Монография. – Германия: Издательство LAMBERT Academic Publishing, 2015. – 268 с.
6. Хусайынова Н.Т., Нуржуманова Н.Ж. Эймериозно-гельминтозные инвазии сельскохозяйственных животных / Монография. – Издательский дом «Интеллект».

FTAХР: 68.41.41

Н. Муфлин, А. Төлеубекова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **Е.Е. Билялов**, аға оқытушы, ветеринария ғылымдарының кандидаты

ҚАН ҚҰРАМЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Кіріспе

Ветеринария ғылымы жануарлардың жұқпалы емес ішкі ауруларының туындау себептерін, даму ерекшеліктерін зерттей келе оған қарсы іс шараларды үнемі жетілдіруде. Жануар организмінің гомостаздық жағдайын бақылауда гематологиялық зерттеулердің маңызы өте зор болып табылады. Өйткені қан мал организміндегі барлық биохимиялық үрдістердің атқарылуына қатысады. Осыған орай гематологиялық ілімде қан құрамындағы әрбір элементтің функциональдық және морфобиохимиялық құрамы мен олардың диагностикалық маңыздылығы айтарлықтай зерделенген.

Осы себепті қандайда бір мақсаттағы зерттеу мен ветеринариялық іс шарадағы терапевтикалық тиімділік қан құрамы көрсеткіштерінің өзгерістері арқылы бақылануда.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында ветеринариялық практикада танымал және зерттеуді шаруашылықта жүргізуге болатындай зерттеу материалдары мен әдістері алға қойылған міндеттерді орындауға негізделді

Біз өз зерттеуімізді ветеринария кафедрасының зертханасында гематологиялық әдістерді үйрену және меңгеру мақсатында атқара келе қан құрамы көрсеткіштерінің маңыздылығын шаруашылық жағдайындағы 17-19 күндік төлдерге жүргізілген 1-1,5 айлық жас шамасындағы бұзауларда гастрэнтеритті емдеудегі терапевтикалық тиімділікті анықтаудағы ғылыми зерттеу жұмысына сүйендік.

Зерттеу барысында кешенді емдеуде қосымша қолданылған пробиотиктік препарат Лактобифадол форте ірі қара малы үшін азықтық қоспа пробиотигі болып табылады. Препаратты өндіруші ел Ресей федерациясы Оренбург облысы Бугуруслан қаласының жауапкершілігі шектеулі қоғамы “Компонент” биотехнологиялық фирмасы болып табылады. Препарат негізінен ішек және асқазандық қалыпты микрофлора өсіндісінен алынған. Әсер ету механизмі патогенді микрофлораның орынын ауыстырып, азықтың қорытылуы үшін қолайлы жағдай туғызады. Препарат құрамына басқа да өнімдер кіреді, негізінен витаминдер мен микроэлементтер, лактобифадолды қолданудан иммундық жүйе нығайып, ішек инфекциясының тууы төмендейді және жануар өнімділігі жақсарды [4].

Гастрэнтеритпен ауырған бұзаулар қанының морфологиялық көрсеткіштерін анықтау (n1; n2=9)

Көрсеткіштер	Клиникалық жағдайдағы сау малдар $M \pm m$	Мал топтары	Тәжірибе барысындағы көрсеткіштер	
			Ауру малдар $M \pm m$	Емдеуден кейінгі көрсеткіш $M \pm m$
Гемоглобин г/л	107,1± 1,3	1	117,5±3,1	93,5±2,3
		2	114,3±0,5	107,5±2,3
Эритроциттер $\times 10^{12}/л$	8,1± 2,8	1	8,7±0,9	7,1±0,1
		2	9,1±0,01	8,3±0,1
Лейкоциттер $\times 10^9/л$	8,4± 0,3	1	9,8±0,11	8,9±0,31
		2	10,3±0,9	9,1±0,31
Балғын нейтрофильдер %	3,5±0,1	1	5,2±2,10xxx	3,1±2,3
		2	4,3±2,3xxx	3,7±2,0
Таяқша ядролы нейтрофильдер %	5,6±1,1	1	8,4±0,9	6,1±0,01x
		2	6,4±0,11	7,5±0,5
Бунақ ядролы нейтрофильдер %	32,1,0±0,1	1	28,3±0,2	33,7±0,1xx
		2	26,5±0,1	30,0±0,3
Эозинофилдер %	2,3±0,7	1	2,1±0,11	0,3±0,25
		2	2,1±0,9	1,0±0,7
Базофильдер %	1,0±0,01	1	1,0±0,33	1,0±0,25
		2	1,0±0,17	0,1±0,15
Моноциттер %	5,2±0,3	1	8,2±0,7	6,7±0,50
		2	9,6±0,8	6,3±0,3
Лимфоциттер %	50,3±0,2	1	46,8±0,3	49,1±0,2
		2	50,1±0,7	51,4±0,7

Ескерту: 1 – тәжірибе тобы; 2 – бақылау тобы. *** $P < 0.001$; ** $P < 0.01$; * $P < 0.05$

Зерттеу тәжірибелік жұмысы барысында малдардың клиникалық жағдайы, қанның морфологиялық, биохимиялық және иммунологиялық көрсеткіштеріне сипаттама берілді.

Белсенді иммунологиялық кешеннің кейбір қан көрсеткіштеріне әсерін қанның барлық ағзамен үнемі байланыста болуын және ағзаның ішкі ортасының негізі екенін ескере отырып зерттелінді. Сондықтан ол ағзада өтіп жатқан барлық өзгерістердің көрінісі болып саналады.

3-ші кестедегі гематологиялық көрсеткіштердегі, гемоглобиндік көрсеткіштерге жалпы сипаттама берер болсақ. Қан құрамының өзгеруі организмдегі физиологиялық-патологиялық процеске тән екендігі және емдеу тиімділігіне сәйкес қан құрамының қалыпты көрсеткішке өзгеруі оңды деп мәлімдейміз.

Гастроэнтеритпен ауырған бұзаулардағы негізгі өзгеріс эритроцит және гемоглобиннің жоғарлауы бұзаулар организмнің сусыздануы нәтижесінде болса, лейкоформулалық көрсеткіштердің өзгерісі ауруға тән патогенездік жағдайға байланысты болуы деп бағаланады. Сонымен қатар организмдегі қышқыл-сілті қоры тепе-теңдігі бұзылуынан туындайтын өзгерістерді моноциттік көрсеткіштен көре аламыз.

Жалпы алғанда клиникалық-гематологиялық көрсеткіштер организмдегі туындайтын құбылыстарға тәуелділігін ескере келе 3-ші кестедегі көрсеткіштер бойынша сипаттайтын болсақ зерттеуіміздегі қан элементтерінің аурудың патогенезіне қатысты болуын көріп отырмыз. Бұндағы Эритроцит, Гемоглобин организмнің сусыздануына байланысты қалыптан жоғары болуы шарт. Бұл қан элементтері емдеу алдында екі топта да жоғары болып, емдеуден кейін қалыпты деңгейге жақын төмендегенін байқап тұрмыз. Атап айтқанда эритроцит тәжірибе тобында емдеу алдында $(8,7 \pm 0,9) \times 10^{12}$ емдеудің соңында $7,1 \pm 0,1) 10^{12}$ дәрежесінде болды. Сонымен қатар, бұл көрсеткіш бақылау тобындағы малдарда төмендеу дәрежесі айтарлықтай төмен болып отыр. Бұны емдеу тиімділігі тұрғысынан бағалайтын болсақ бақылау тобындағы малдарда диагностикалық маңыздылығының айырмашылықтары барлық көрсеткіштерде айқын білінуде. Сондай-ақ, лейкоциттік құрылымды сипаттайтын болсақ. Лимфоциттің нейтрофильге қатынасы бақылау тобында 1:0,9 болса, тәжірибе тобында 1:1 болғандығы екі топтың да емдеу алдындағы клиникалық-физиологиялық жағдайының бір шамада екенін көрсетсе. Емдеуден кейін тәжірибе тобында 1:1; бақылау тобында 1:2 болып шамалы өзгерістік айқындап тұр. Сондай-ақ, жалпы лейкоцит және нейтрофильдік құрам көрсеткіштерінің деңгейі де ауру патогенезімен, емдеу нәтижесіне қатысты оң өзгерісте байқалып отыр. Бұл үрдістерді пробиотиктік заттың жағымды әсері деп білеміз. Сонымен қатар, қан сары суы құрамындағы жалпы белок қалыптан тыс төмен болуын мезгілдік ерекшелік және жалпы резистенттілігінің төмендеуі дей келе емдеу барысында тәжірибе тобында $51,1 \pm 0,1$ дейін, бақылау тобымен салыстырғанда артық болуы емдеу нәтижесінің артықшылығын көрсетеді. Сондай-ақ, жіті қабыну үрдісіне тән белгенің бірі альфа-глобулин бөлімінің төмендеуі біздің тәжірибемізде осы үрдісте байқалып отыр. Сонымен қатар жіті қабыну үрдісінің жалғасуында альфа глобулиннің төмендеп гамма-глобулин бөлімі жоғары болуы шарт. Бұл көрсеткіш бізде жоғарлауымен ерекшеленді. Бұл құбылыс біріншіден емдеу тиімділігінің артықшылығын көрсетсе екіншіден аурудың сол жіті түрінен ауытқымағанын айғақтайды.

Ретикулоэндотелилік қызмет өзгерсе бета-глобулин мөлшері өседі екен. Негізінен бұл бауыр қызметінің бұзылуы жағдайына тән құбылыс. Яғни патогенездік үрдіске қатысты байқалған құбылыс дер едік. Жалпы бұл көрсеткіштердің бір-біріне қатысты өзгерісі организмнің қорғаныс факторларының өзгерісі және мал жағдайының жақсарғандығын көрсетеді.

Біз қан құрамы көрсеткіштерінің организмдегі негізгі қызметтік міндеттерін қарапайым қорғаныс тарапынан сипаттайтын болсақ: лейкоциттік құрамдағы нейтрофилдік кешен қатардағы жауынгер, эозинофиль әскери танка, лимфоцитіміз артиллериялық шабуылдаушы тарапынан сипаттала келе базофильдік көрсеткішті ядролық қару, моноциттерімізді инженерлік тарапынан ұғуға болатындығы айтылады. Осы себепті де қан құрамын зерттеу әрдайым өз маңыздылығымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

1. Лабораторные исследования в ветеринарии / Под редакцией Б.И. Антонова. – М.: ВО «Агропромиздат», 1991. – С. 6-9.
2. Данилевская Н.В., Субботин В.В., Вашурин О.А., Пятышева Ю.В. Лактобифадол для стимуляции продуктивности дойных коров // «Ветеринария». – № 2, 2003.
3. Естественная резистентность организма животных. – Л.: Колос, 1979. – 181 с.

Ж.Қ. Оразғазы

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Д.М. Муратбаев**, ветеринария ғылымдарының докторы

САУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кіріспе

Малды өз төлінен өсіру бүгінгі таңдағы ең қиын да әрі өте көп жұмсауды, терең білімді қажет ететін жұмыс. Малды күтіп – бағудың ережелерін сақтап, ғылыми тұрғыдан азықтандырып, организмде болатын физиологиялық, биологиялық үрдістерді дұрыс пайдаланып отырса, әрбір 100 бас қой мен саулықтан жыл сайын 105-110 қозы және жоғары сапалы өнім алуға болады.

Малдың жалпы жағдайынан басқа оның көбею, өсіп – өну органдарының физиологиясы мен анатомиясы, патологиялары жөнінде терең білім болмай, мұндай табыстарға қол жеткізу мүмкін емес. Малдың бедеу немесе қысыр қалу себептерін анықтап, ауруды емдеудің тиімді әдістерін қолдана білу керек.

1955 жылдан бастап мал тұқымын асылдандырып және қолдан ұрықтандыру жұмысын басқаратын арнайы мемлекеттік станциялар аудандарда, облыстарда құрыла бастады. Асыл тұқымды құнды қошқарларды бір жерге топтастырып, оларды дұрыс пайдаланудың арқасында қысқа мерзімнің ішінде қойдың ондаған жаңа тұқымдары шығарылады, жаңа қолтұқымдар шықты.

Мал тұқымын асылдандыру – малдың тұқымдық сапасын жақсартуға, өнімділігін арттыруға бағытталған шаралардың біртұтас жүйесі. Ол малды зоотехникалық тұрғыдан бағалау, тиімді белгілеріне қарай таңдау, сұрыптау, жұптау, төлді дұрыс өсіру сияқты басты-басты жұмыстардан тұрады. Тұқым жақсарту ережелері биологиялық әсіресе генетика жетістіктеріне негізделеді. Асыл тұқымды мал зауыттары, асыл тұқымды мал шаруашылықтары, мал тұқымын асылдандыру станциялары мал тұқымын асылдандыру базалары болып саналады. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының басты міндеттеріне малдың өнімділік және тұқымдық қасиетін жақсарту, өздерін және басқа өндірістік шаруашылықтарды қамтамасыз ету үшін сапалы тұқымды мал өсіру жатады. Мал тұқымын асылдандыру жұмысын жетілдіруге бағытталған мемлекеттік шаралар тұқымдық мал көрмесін ұйымдастыру және мал тұқымдарын әр түрлі аймақтар мен облыстар бойынша аудандастыру болып табылады. Аудандастыру жоспарын жасағанда үш қағида басшылыққа алынады:

1. халық шаруашылығына қажеттілігі;
2. мал тұқымының биологиялық және өнімділік ерекшеліктері;
3. аймақтың табиғи-климаттық және экономикалық жағдайы.

Өзге тұқымдарға араластырмай, таза күйінде өсірілген малдың бағалы қасиеттері сақталады. Мал тұқымын асылдандыру барысында аса бағалы асыл тұқымды мал алынып, белгілі бір тұқымдық топқа жатқызылады. Тұқымдық мал зауыттарында, станцияларында жаңа желілер, аналық ұялар, жаңа тұқымдар шығарылады. мал тұқымын асылдандыру жұмысында, мұнымен қатар, шағылыстыру гибридтеу әдістері кеңінен пайдаланылады.

Асылдандыру орталығындағы өндірушілерге, шәуетке және оның таратылуына қойылатын ветеринарлық-санитарлық талаптар.

Асылтұқымды жылқыны, ірі қараны, ұсақ малды, шошқаны өсіру, оларды пайдалану ауыл шаруашылығының дамуында маңызды рөл атқарады және жүргізілген жұмыстың қанағаттанарлық нәтижесі асылдандыру орталықтарында күтіп – бағылатын таза қанды өндірушілерді пайдалану деңгейіне байланысты.

Мал шәуетін сату үшін мемлекеттік ветеринарлық қадағалау органдары және асылтұқымды мал шаруашылығы орталығы берген малдың тұқымына сәйкестігін дәлелдейтін құжат және идентификация сертификаты болу қажет. Асылдандыру орталықтарының жұмысы елдегі, аймақтағы шаруашылықтарға қызмет көрсетумен шектелмейді. Қазақстан Республикасының асылдандыру орталықтары өз өнімдерімен сыртқы нарыққа шығу үшін халықаралық талаптарды сақтау керек. Ветеринариялық - санитариялық ережелер ауылшаруашылық малының ұрығын алуға, сақтауға және таратылуына арнайы құрылған асылдандыру кәсіпорындарының, олардың қай ведомствоға қарайтынына және меншіктік формасына қарамастан сақталады.

Шәуетпен жұмыс істейтін арнайы асылдандыру кәсіпорын жұмысшыларын кезекті медициналық тексеруден өткізіп тұру керек. Туберкулез, бруцеллез және адам мен малға бірдей, басқа да аурулармен ауырған адамдар, арнайы құрылған кәсіпорында жұмысқа жіберілмейді. Таза қанды мал өсіруде

нәтижелі жұмыс болу үшін, өндіруші шәуетіне жоғары ветеринариялық талаптар қою керек. Елдің аймақтық ветеринариялық қызметінің бақылауында болған шәует асылдандыру кәсіпорынында жоғарғы құнды өндірушілерден алынған шәует өндіріске пайдалануға жіберіледі.

Қолдан ұрықтандырудың негізгі мақсаты – асыл тұқымды, құнды аталық малдан мейілінше көп төл алу, қысқа мерзімнің ішінде бүкіл малдың сапасын, өнімділігін арттыру, жаңа қолтумалар гибридтер шығару. Асыл тұқымды малдың шәуетін алыс елді мекендерге апаруға, басқа мемлекеттен сатып әкеліп қолдануға, шәуетті көп жинап алып, ұзақ уақыт сақтап қойып қолдана беруге болады. Малды қолдан ұрықтандыру – ауылшаруашылық малдарының тұқымын зоотехникалық жолмен асылдандырудың негізі болып саналады. Мал қашыратын пункттерді алдын ала дайындайды, малды қолдан ұрықтандыратын техниктерді, қажетті жұмысшылар мен көмекшілерді, ұрық алатын малды, ұрықтандыратын аналық малды 1,5-2 ай бұрын дайындай бастайды, малдың қоңдылығы, күйі жақсы болса, ұрықтандыру нәтижесі жоғары болады. Қолдан ұрықтандыру кезінде қолданылатын аспаптар стерилденген таза, малдың сыртқы жыныс органдары жуылып, сүртіледі, пункттің іші де таза, жұмысты бастамай тұрып, 0,5-1 сағат бактерицидті шамдардың сәулесімен зарарсыздандырылған болуы керек. Малды ұрықтандырған кезде мүмкіндігінше тыныштық сақталуы тиіс, малды ұрып-соғуға болмайды. Бөгде кісілердің жүруі, айғай – шу ұрықтандыратын малдың көңілін бөліп, алаңдатады, жатырдың тонусы төмендеп овуляция болмай қалады. Осының бәрі ақырында келіп қолдан ұрықтандыру жұмысының нәтижесіз қалуына әкеліп соғады. Малды қолдан ұрықтандыратын техниктің де күнде ауысып отырғаны дұрыс емес.

Малдың түлігіне қарай қолдан ұрықтандыратын шәуетті қынапқа, жатыр мойнына, жатыр денесіне, жатыр түтікшесіне, жас тұсақтарды, қашарларды ұрықтандырғанда шәуетті көбінесе қынапқа жібереді, ал ересектерін тек жатыр мойнына жіберу арқылы ұрықтандырады.

Қолдан шағылыстыру адам бақылауымен іске асады. Бұл малды жекелеп жұптастыру мен асыл тұқымдық жұмысты тиімді жүргізуге мүмкіндік береді; асыл тұқымды қошқарларды пайдалану жақсарады. Алайда қолдан шағылыстыру кезінде өте жақсы аталықтарды пайдалану шектеулі, өйткені оған көп еңбек шығымы қажет, аталықтар ауру жұқтырып таратуы мүмкін сондықтан қолдан шағылыстыруды мал басы аз жеке жұптау жүргізетін шаруалышықтарда пайдалану тиімді. Қолдан шағылыстыру кезінде күйге келген аналықтарды күйттеуші аталықтар көмегімен таңдап алады. Күйге келген саулықтарды оларға бекітілген қошқарлармен шағылыстырады.

Шағылыстыру үшін саулықты станокқа бекіткен дұрыс, аталық аналыққа күшпен итеріліп, секіргенде ғана ұрықтанған болып есептеледі. Бір саулыққа қайта-қайта аталықты секірту қажет емес. Бір рет алыпты секіру, ұрықтану үшін жеткілікті. Аталықты ұрықтандырғаннан кейін аталықты тұратын қоршауына, ал саулықты – ұрықтанған малдар қатарына қосады. Одан кейін дәл осы жолмен келесі саулық ұрықтандырылады. Аталық бәр тәулікте үш төрт саулықты ұрықтандыруы қажет, ал жақсы күтіммен күшті азықтандырудағы аталық үшін 5-6 саулық бекітіледі, секірту аралығы 1-2 сағаттан кем болмауы керек. Ұрық сапасын 5 күнде бір тексеріп отырады. Егер ұрық сапасы тұқыммен төмен болса, аталықты шағылыстыруға жібермей оған арнайы жақсы күтіммен толық құнды азық беріп, жағдайлар жасалады. Мұндай аталықтарды тек ұрық сапасы жақсарған жағдайда ғана шағылыстыруға жібереді. Шағылыстыру кезеңі мен ұзақтығы 1,5-2 ай. Қолдан шағылыстыру кезінде бір аталық 60-80 және одан да көп аналықты ұрықтандыра алады. Қолдан шағылыстыру аяқталғаннан кейін аталықтарды ұрықтанбай қалған саулықтар үшін, саулық табынына 25-30 күнге еркін шағылысуға жібереді.

Жасанды ұрықтандыру аналықтарды ұрықтандырудың нақты әдістерінің бірі болып табылады. Жасанды немесе қолдан ұрықтандыру асыл тұқымды аталықтарда неғұрлым көп пайдалануға мүмкіндік беріп, малдың өнімділік және асыл тұқымдық сапасын жоғарылатуға зор ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, бұл әдісті қолдану басқа ұрықтандыру әдістерімен салыстырғанда аналықтардың қысырлығына жол бермеудің бірден бір күресушісі. Бұл әдіс жыныс жолдары арқылы берілетін ауруларды алдын алады. Бірақ қолдан ұрықтандыру әдісі ғимарат, құралдарымен жабдықтап, реактивтер және қосымша жұмыс күшін қажет етеді. Сондықтан, бұл қажеттіліктермен кез-келген шаруашылық қамтамасыз етіле бермейді, ол тек мал басы аз фермаларда (500-1000 бас саулық) ғана қолданылады.

Қойды қолдан ұрықтандыру. Қойларды ұрықтандырудың тиімді әдісін таңдау нақты шаруашылық жағдайына байланысты, ондағы маманның шешуі бойынша жүргізіледі. Бұл маусымды, күзді күндері жүргізілетін жұмыс. Қой қашыру науқаны басталғанға дейін 1,5-2 ай бұрын қойды қозыларынан бөліп, жақсы жайылымдарға шығарады. Күйлеген қойды табу үшін күйіттеуші қошқарды 150-200 басты бөліп алып соның ішіне жібереді.

Күйлеген қойды арнайы станокқа бекітіп ұстап, оның құйрығын жоғары көтеріп сарпайын жуып сүртеді. Ұрықтандырушы техник станоктың арт жағында қазылған шұңқырға түсіп отырып жұмыс істейді.

Ұрықтандыру үшін жаңа алынған сұйылтылған шәует қолданылуы мүмкін. Шәуеттің қозғалу белсенділігі 8 балдан кем болмауы керек. Ұрықты визоцервикальді әдіспен жібереді, ол үшін жартылай автоматты шприц қолданылады.

Күйлеген саулықты арасына 10-12 сағат өткізіп екі рет, таңертен кешке қарай ұрықтандырады.

Жалпы қой ұрықтандыру науқаны 40 күнге созылады.

Қорытынды

Аналық бастан неғұрлым көбірек төл алып, оны тиімді пайдалану мал қашыруды ұрықтандыруды дұрыс ұйымдастыруға байланысты, әсіресе күйлеген малды дер кезінде ұрықтандырудың маңызы зор. Қазіргі кезде Қазақстанда өсіріліп жүрген қой малы тегіне, тұқымына, жер жағдайына, ауа райының ерекшеліктеріне қарай әр кезеңде ұрықтандырылады. Малдың осы биологиялық және басқа да ерекшеліктерін ұрықтандыру науқанының жоспарын жасағанда ерекше ескерген жөн. Саулықтарды ұрықтандыру науқаны әдетте тамыздан желтоқсан айына дейін созылады. Мұның өзі қой төлдетуді үш кезеңде қыста, ерте көктемде және көктемде өткізуге мүмкіндік береді.

Қойды қыста және ерте көктемде төлдету ұрықтандыру науқанын ауа райының қолайлы кезеңінде сапалы өткізуге және малдың өсімталдығын 18-20 процентке арттыруға жақсы әсер етіп жүр. Демек, табиғи және ауа-райы жағдайларын, жемшөппен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуін, пункттердің дайындығын, маман кадрлармен толықтырылуын ескере отырып, әрбір шаруашылық қой ұрықтандыруды өздеріне қолайлы бір уақытта өткізуді белгілейді.

Әдебиеттер

1. Қалтаев Ш.Қ., Жукин Б.Д., Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У. Ветеринариялық ақушерлік, гинекологиялық және көбею биотехникасы. – Алматы, 2011.
2. Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У., Туребеков О.Т. Мал ақушерлігі және гинекологиясы. – Алматы, 2005.
3. Омарқожаұлы Н., Қожебаев Б. Мал шаруашылығы салаларының технологиясы. – Астана, 2014. – 262 с.
4. Қожалы Б.Қ., Оңғарбаев Т.А. Мал азықтандыру мөлшері мен рациондары Анықтамалық оқулық – Алматы, 2014. – 464 б.
5. Омарқожаұлы Н., Қожебаев Б. Мал шаруашылығы салаларының технологиясы. – Астана, 2014. – 262 с.
6. Қожалы Б. Қ., Оңғарбаев Т.А. Мал азықтандыру мөлшері мен рациондары Анықтамалық оқулық – Алматы, 2014. – 464 б.

МРНТИ: 68.39.19

Т.С. Семёнова

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: **О.Н. Зайковская**, к.в.н., преподаватель кафедры «Ветеринарии»

Соавтор: **Э.С. Абдуллина**

ВЫЯВЛЕНИЕ И ЛЕЧЕНИЕ МИКОПЛАЗМОЗА У КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА

Актуальность темы: Микоплазмоз является одной из самых малоизученных мировых инфекций, т.к. из-за необычного строения возбудителя его невозможно обнаружить примитивными диагностическими средствами. Только в последнее десятилетие, с появлением метода ПЦР стало возможным всестороннее изучение данного заболевания. Благодаря этому методу было установлено, что на территории РК распространена латентная (скрытая) форма микоплазмоза. Она сопровождается явлениями кератоконъюнктивита и представляет опасность в связи с возможностью трансплацентарной передачи. В данный период времени не существует метода лечения, способного разорвать цепочку передачи инфекции от матери к плоду, поэтому его разработка является актуальной проблемой.

Цель работы: разработать метод лечения микоплазмоза у КРС, направленный на устранение симптомов заболевания и разрыв трансплацентарной передачи.

Задачи работы:

1. Кратко охарактеризовать микоплазмоз и микоплазмы;
2. Раскрыть сущность диагностики микоплазмоза методом ПЦР с секвенированием первого поколения;
3. Предложить комплексный метод лечения микоплазмоза у КРС.

7 февраля 2022 года на территории Абайской области в Бескарагайском районе, селе Жетіжар среди абердин-ангусской породы КРС началось распространение заболевания, которое сопровождалось явлением кератоконъюнктивита. Среди других симптомов отмечались следующие: помутнение роговицы глаза, слезотечение, гиперемия слизистых оболочек и спазм век. После проведенного обследования был поставлен предварительный диагноз – *моракселлез*. Для подтверждения диагноза было отобрано 10 проб глазных истечений и 3 пробы сыворотки крови. Взятые пробы были направлены в г. Астана в «Национальный центр биотехнологии», для исследований методом ПЦР. В результате исследований диагноз на моракселлез не подтвердился, в ходе дополнительных исследований в секвестре обнаружили **микоплазмы**.

Микоплазмы вызывают у КРС такое заболевание, как микоплазмоз. Оно сопровождается различными воспалительными явлениями респираторного, урогенитального трактов и слизистых оболочек глаз. При поражении глаз развивается *латентная* (скрытая) форма данного заболевания. Она представляет угрозу широкого распространения заболеваемости, т. к. протекает бессимптомно и передается от матери к плоду. При таком незначительном количестве клинических признаков и способности к трансплацентарной передаче микоплазмоз становится одной из самых быстро распространяющихся инфекций [2].

Второй особенностью микоплазм, помимо способность к преодолению плацентарного барьера, является их строение. Микоплазмы не имеют оформленной клеточной стенки, вместо неё у них имеется мембрана, наполненная *стеариновыми белками*. Подобная особенность не позволяет обнаружить их с помощью окраски по методу Грама и простой световой микроскопии. Для диагностики микоплазмоза используются методы ПЦР с секвенированием первого поколения и ИФА.

При исследовании секвестра взятого в селе Жетіжар, у поголовья КРС были обнаружены микоплазмы 4-х штаммов: **Mycoplasma bovoculi semsk-2**, **Mycoplasma bovoculi semsk-4**, **Mycoplasma bovoculi semsk-6** и **Mycoplasma bovoculi semsk-8**. Обнаруженные штаммы микоплазм на 100 % соответствуют последовательности фрагментов 16 S RNA [1].

Лечение микоплазмоза исключает классическую для инфекций систему разработки противозооотических мероприятий, т.к. микоплазмы неустойчивы во внешней среде. Лечение микоплазмоза должно быть комплексным: направленным на устранение симптомов заболевания и прекращение его распространения.

Для лечения микоплазмоза в селе Жетіжар был применён комплекс ретробульбарной новокаиновой блокады с применением антибиотикотерапии. **Ретробульбарная новокаиновая блокада** способствует снятию болевой чувствительности глаза, что в свою очередь снижает светобоязнь. Как следствие, прекращается слезотечение. Отсутствие слезы делает глаз неблагоприятной средой для роста и развития микоплазм. Уже спустя 14 дней после применения новокаиновой блокады наблюдается частичное восстановление функциональной способности глаза, ослабевают явления кератоконъюнктивита.

В качестве средства направленного на борьбу с возбудителем микоплазмоза был использован антибиотик нового поколения – «**Драксин**». Действующее вещество данного препарата представлено тулатромицином, который активен в отношении большинства представителей *Mycoplasma bovoculi*. Драксин ставится подкожно, в количестве 7,5 мл – однократно. После введения препарат разносится по всему организму гематогенными путями и накапливается в нейтрофилах. Антибиотик действует бактериостатически и препятствует трансплацентарной передаче возбудителя [3].

Эффективность лечения: После проведенного комплексного лечения в селе Жетіжар у коров породы ангус наблюдалось купирование симптомов кератоконъюнктивита. Для установления чувствительности микоплазм к Драксину был назначен повторный анализ методом ИФА. В результате повторного исследования микоплазмы в пробах глазных истечений обнаружены не были, что свидетельствует об эффективности предложенного метода лечения.

Экономическая эффективность: Драксин относится к разряду одних из самых эффективных и дорогих современных антибиотиков. Его рыночная стоимость составляет 122 500 тенге за 100 мл продукта. Стоимость лечения 1-го животного в среднем составляет 12 250 тенге. Исходя из сделанных расчётов, можно сделать вывод, что предложенный способ лечения является экономически оправданным.

Заклучение: На основании приведённых выше данных, можно сделать вывод, что микоплазмоз может стать злободневной проблемой в РК. Для его диагностики необходимо использовать наиболее современные методы исследования, такие как ПЦР и ИФА. Лечение, в свою очередь, должно быть комплексным: направленным на устранение симптомов кератоконъюнктивита и приостановление передачи возбудителя от матери к плоду. Таким лечением можно считать комплекс взаимодействия ретробульбарной новокаиновой блокады с применением антибиотикотерапии. На основании произведённых исследований, в качестве наиболее эффективного средства в борьбе с микоплазмозом можно выделить антибиотик – «Драксин» [4].

Литература

1. Джобулаева А.К., Саданов А.К., Айткельдиева С.А., Байкара Б.Т., Джакибаева Г.Т., Кебекбаева К.М. Молекулярно-генетическая идентификация штаммов микоплазм на основе анализа нуклеотидных последовательностей 16S RRNA гена.
2. Инфекционные болезни животных /Б.Ф. Бессарабов, А.А. Вашутин, Е.С. Воронин и др. Под ред. А.А. Сидорчука. – М.: КолосС, 2007. – С. 396.
3. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2014. – № 8-1. – С. 63-67. URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=5640> (дата обращения: 10.04.2022).
4. Протокол испытаний ПЦР с секвенированием первого поколения от 08.02.2022. – С. 1-2; file:///C:/Users/User/Desktop/конфа/ПЦР.pdf

ҒТАХР: 68.41.05

А. Болатұлы, Ә. Құмарова, Г. Сағымбек, А. Төлегенова, К. Түйтебаев

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **Н. Мухамадиева**, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

АУЫЛШАРУАШАЛЫҚ МАЛДАРЫН ҰРЫҚТАНДЫРУДАҒЫ ҰРЫҚ МАҢЫЗЫНА ӘДЕБИ ШОЛУ

И.И.Ивановтың зерттеулері жануарлардың жыныстық көбеюімен бірге жүретін барлық күрделі мінез құлық реакциялары соның ішінде жұптасу актысы ұрықтандыру және ұрпақты тудыру үшін құрамдас бөліктер немесе шартты рефлексдер екенін білдіреді. Содандықтан қолдан ұрықтандыру істері, аналық жыныс жолдарына ұрықты енгізу әдістерін толығымен дәлелдеді.

Сүт коректілерді қолдан ұрықтандыруда аналықтардың жыныс мүшелеріне аталық жыныс клеткалары – спермияларды қолдан енгізу, оларды жасанды ортаға орналастыру арқылы И.И.Ивановтың еңбегі зор екендігі белгілі. Осы әрекеттерді жүргізуде И.И. Иванов, Штейнахтың тәжірибелеріндегі аталық безбен қосалқы мүшелерді операциялық жолмен алып тастауды қолдамай ұрықты сұйылтып аналықтарға енгізу жолын ашты.

Ұрықтану үрдістеріне көптеген ферменттер қатысады олардың ішінде соңғы кезде белгілі гиалуронидаза мен муциназа сияқты ферменттер бар.


Гиалуронидаза және ол әрекет ететін субстрат, гиалурон қышқылы табиғатта және өмір үрдісінде маңызды роль атқарады.

Гиалуонидаза алғаш рет бактериологдар, ірі қара мал аталықтарының жыныс безінің сығындыларында бар екендігі анықталды. Гиалуронидаза табиғатта кең таралған, ол тек сиыр аталық безінің сығындыларында емес, сонымен қатар көздің шыны тәріздес сұйықтығында, көкбауырда, бүйректе, мида, тері ұлпаларында, жаралардан бөлінетін бөлінділерде бар екендігі анықталды.


Гиалуонидазаның әсерін бұрын зерттелген заттардың әсерімен салыстыру ферменттің табиғаты туралы аз түсінік береді, белгілі бір таралу әсері глицерин, триацетин, кейбір лейтиндер пептондар, кейбір диаза қосылыстары, сондайақ аскорбин қышқылдарында табылған. Гиалиронидаза термоллабильды, бірақ әліде дымқыл күйде 100°, 5 минутқа дейін белсенділікті жоғалтпай толық төтеп бере алады.

Г.У. Стамм еңбектеріне жүгінсек ірі қара мал аталықтарының ұрықтары ақ қою сұйық жаңа сауылған сүт тәріздес. Эякулят көлемі 2-6 мл дей болады. Тайынша аталықтардікі бір неше мл ғана болады, ал жасы үлкендердікі 10 мл дейін. Эякуляттың көлемі малдарға жасалған жағдайларға байланысты болады. Бір мл ұрықта шауәттің саны әртүрлі болуы мүмкін, әлбетте 800 млн. болады, бірақ 300 млн. 2 млрд. дейін ауытқиды.

Гиалурон қышқылының реакциясы



Сурет 1 – Жетілген аталық без (en testis, didimus)



Сурет 2 – Ен қосалқысы – epididimus

Ұрықтың түсі оның сапасын білдіреді. Ұрықпен жұмыс жасағанда олардың өте нәзік екенін, ереже бойынша жұмыс жасауды естен шығармау жағына көп көңіл бөлу қажет. Олар тікелей түскен күн сәулесіне, көп шақағанда, тым қышқыл немесе тым сілтілі антисептиктерден, сабынан өліп кететінін әдеби шолу бойынша байқадық. Оларға температураның төмендеуіде, суық темірлі беті бар жерге қоймауды ескеру қажеттігіне көңіл бөлу керектігін аңғардық. Ұрықты жарты сағаттан 48 сағатқа дейінгі аралықта 1,6-4,5° нолден жоғары температурада, дұрыс сақтай білсе ұрықтандыруға болатындығын ескеру керектігін білу керек. Ерітірділер шәуетке энергия береді, оның құрамындағы тұздар сапалы буфер ретінде әсер етеді. Буфердің ерітіндідегі маңызы керекті сілтілікті сақтайды. Ұрықта микробтардың дамуы жылдам болғандықтан пенициллин, стрептомицин және сульфаниламид (ақ стрептоцид) қосылады, бұлар микробдың дамуына жол бермейдіде өмір сүруін ұзартады.



Сурет 3 – Зерттеу жұмыстарын жүргізу үстінде

Міне, осы дерек көздерімен танысып осыларды зерттеуді қарастырып отырмыз. Біздің мақсатымыз ұрықтағы ерітінді ұрықтың санын көбейтуді, бір алынған эякулятпен бірнеше сиырды ұрықтандыруға болатындықтан соның әрбір құрамның сапасын білуді және меңгеруді білуді алдымызға қойдық. Сонымен қатар әрқайсының ерекшелігін анықтауды міндет деп білеміз.

2 СЕКЦИЯ: ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ

СЕКЦИЯ 2: РАСТЕНИЕВОДСТВО

МРНТИ: 68.29.21

А. Ораз

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»
Научный руководитель: **Г.О. Камзина**, старший преподаватель кафедры
«Сельское хозяйство и биоресурсы»

ВЫРАЩИВАНИЕ ТЮЛЬПАНОВ

Сегодня тюльпаны в промышленных масштабах выращивают во многих странах мира, в том числе и у нас. Несмотря на то, что их родина Средняя Азия, они очень популярны среди наших соотечественников. Кроме того, тюльпан отлично себя чувствует в теплице, не требует обильного света, и если соблюдается технология выращивания тюльпанов, можно собрать по 200 – 30 цветков с квадратного метра.

Прежде чем начать бизнес, надо определиться с тем, каким сортом цветков будет заниматься ваш бизнес. Существует много разновидностей по цвету и форме лепестков. Чаще всего для выращивания крупных партий высаживают сорт «Стронг». Как и обещает название, этот ярко-желтый цветок вырастает очень крепким и высоким. Немалый интерес у покупателей вызывают «Рол Вирджин», «Приор», «Барселона» и особенно – махровые тюльпаны. Для тепличного производства лучше всего подходят такие сорта тюльпанов: лилие цветные; бахромчатые; триумф; махровые ранние; простые ранние; дарвиновы гибриды; простые поздние. Чаще всего покупатели отдают предпочтение ярким цветам. Поэтому соотношения цвета тюльпанов, выращенных на продажу должно быть примерно таким: 40% красных, 20% желтых, 20% белых, 10% сиреневых.

Для того чтобы вырастить тюльпаны, надо найти луковицы для высадки. Сегодня эти цветы выращивают исключительно из голландских луковиц, потому что вырастить их в наших условиях слишком сложно и затратно. Продаются они также в Прибалтике, Новой Зеландии, Америке, но стоимость рассады в этом случае будет заметно выше. В Голландии сосредоточены самые крупные мировые цветочные аукционы, поэтому делать закупки здесь намного выгодней. Даже сами тюльпаны проще закупить здесь, но довести можно только самые стойкие сорта. Поэтому выращивание тюльпанов в теплице лучше ориентировать на те сорта, которые не завозят из Голландии. При покупке луковиц важно следить за их качеством. От сильных и здоровых клубней зависит количество и качество урожая, а, значит, и ваш тепличный бизнес. Плюс, если доставка идет издалека, включается стоимость транспортировки. Чтобы сократить риски покупки неподходящего расходного материала, луковицы вполне возможно вырастить самостоятельно. Для посадки берется луковица с открытого грунта. Как только распускается цветок, его сразу срезают, а саму луковицу выкапывают после того, как пожелтеют нижние листки и привянут верхние. Оптимальный диаметр луковицы – 3,5 см.

Хранятся они около 6 недель при температуре не выше 20°C и влажности не более 75%, пока на них не образуется пестик. Только при таких условиях внутри сформируется цветок. На начальной стадии допускается хранение в более теплых условиях, но перед высадкой луковицы обязательно охлаждаются.

Тюльпаны выращивают в субстрате из речного песка и опилок, песка и торфа. Важно, чтобы почва была однородной и хорошо пропускала воду. На дно ящиков насыпают дренаж, а затем грунт примерно на 10 см. Прежде чем высаживать цветы, почву пропаривают воздухом, нагретым до 80°C, и поливают фунгицидом. Затем сверху насыпают слой песка. Он уберет луковицы от плесени и гарантирует чистый срез при сборе урожая. Цветы не очень требовательны к удобрениям, поэтому не всегда биогумус и минеральные удобрения стоит включать в свой бизнес-план. Высаженные луковицы две недели выдерживаются при температуре около 9 °C, а затем переносятся в теплое помещение с хорошим освещением. Примерно через месяц у растений появятся бутоны. На основании того, как построен ваш план срезки, можно регулировать их рост снижением или повышением температуры. Как правило, идеальной считается влажность 75% и температура воздуха около 18°C.

Существует два основных способа выращивания цветов. Самый простой из них – традиционный. При нем луковицы погружают в грунт, поливают и хранят в темном месте при

температуре не выше 12°C. Высадка проводится в ящики 70x40x7см. В таком ящике помещается до 115 луковиц. Когда они дали росток примерно на 10 см, ящики можно относить в теплицу, где температура постепенно поднимается до 18°C. При этом следить за регулярным поливом. Чтобы цветки дольше цвели, можно удерживать температуру на 12°C. Очень важно обеспечить растению искусственное освещение, когда появятся ростки. Они должны хорошо освещаться не меньше шести часов в день. Более сложной является голландская технология выращивания, поскольку требует строго соблюдения температурного режима. Перед высадкой луковицы охлаждаются 12 недель при температуре 5°C или же 22 недели при температуре 9°C. Затем луковицы высаживаются и тоже держатся в прохладном помещении, постоянно опрыскиваются, чтобы влажность достигала не менее 90%. Цветочный бизнес во многом зависит от того, насколько правильно вы собираете урожай. В начале марта ростки с зелеными бутонами выдергиваются из грунта и ставятся в ящики строго вертикально. В противном случае бутоны будут тянуться вверх и искривят стебель. Также можно срезать цветы, но вырывать с луковицей быстрее. К тому же так удлинится сам стебель. Срезка проводится при температуре 12°C, когда бутоны полуокрашены. Выносят их из теплицы рано утром, чтобы бутоны еще не распустились.

Литература

1. Линь В.В. Комнатное цветоводство / В.В. Линь. – М.: Аделант, 2007. – 496.
2. Николаенко Н. Журнал «Цветоводство». – Москва: Высшая школа, 1985. – 132 с.
3. Соколова Т.А. Декоративное растениеводство. Цветоводство / Т.А. Соколова, И.Ю. Бочкова. – М.: Academia, 2011. – 458 с.
4. Цветкова М.В. 1000 видов комнатных растений. Цветоводство от А до Я. – Харьков: Книжный клуб «Клуб семейного досуга», 2011. – 688 с.
5. <https://newbusiness.su/vyrashchivanie-tulpanov-v-teplitce-biznes-plan.html>

ҒТАХР: 69.25.13

П. Жунисбекова, Р. Курбанжан

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Ғылыми жетекші: А.О. Досмағанбетова, ауыл шаруашылық магистрі

ХЛОРЕЛЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨСУІНЕ КӨМІРҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бұл табиғатта кең таралған бір клеткалы микроскопиялық планктонды балдырлар. Ол ылғалды топырақта және су астындағы заттарда жасыл жабынды құрайды, ал өзендер мен көлдерде ол тоқтатылған күйде болады Хлореллалы ас мөлшеріне, немесе жасыл дәруменді жемдеу түрінде, немесе баста жем ретінде енгізеді. Бастапқы биомасса сақталып және жануарларды жеммен қамту тұрақтылығы жоғарылайды және нәрлі заттар жоғалуы тез тоқтайды [1].

Н.И. Богдановтың айтуынша, хлорелланың өсуі нуклеин қышқылдары мен амин қышқылдарынан, пептидтерден, дәрумендер мен қанттардан тұрады. Автордың айтуынша, хлорелла өскен кезде мутацияға қарсы процесс және тіндердің тиімді регенерациясы жүреді. Сонымен қатар, генетикалық ақпарат хлорелланың бір ұрпағынан екіншісіне беріледі. Хлорелла тиісті жағдайларда төрт немесе одан да көп есе өсетіні дәлелденді. Бұл процесс екі миллион жылдан астам уақыт бойы жалғасып келеді.

Зерттеудің өзектілігі – Хлорелладан жасалған қоспа мал шаруашылығының өнімділігін арттырып, пайда келтіреді. Микробалдырлар құрамында әртүрлі дәрумендер, микроэлементтен тұратын жасушаны синтетикалық құраммен алмастыру мүмкін емес. Балдырларды өсірудегі маңызды факторлардың бірі-рН, өйткені ол СО₂ мен негізгі қоректік заттардың ерігіштігі мен қол жетімділігін анықтайды, сонымен қатар балдырлардың метаболизміне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Хлорелла – табиғатта кең таралған бір клеткалы микроскопиялық балдырлар тұқымының өкілі. Ол әртүрлі беттерде жасыл жабын түрінде кездеседі, мысалы, ағаштардың қабығында, ылғалды топырақта, су қоймаларында және көлдерде [3].

Бұл микробалдыр адам қызметінің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Медицина, тамақ өнеркәсібі, Ауыл шаруашылығы сияқты салаларда ол биоотын мен оттегі көзі ретінде де қолданылады.

Хлорелланы қолданудың перспективалы бағыттарының бірі оны ауыл шаруашылығында жемшөп қоспаларына қосымша ретінде пайдалану болып табылады. Бұл таңқаларлық емес, өйткені бұл микробалдыр су мен жер үсті өсімдіктер арасында көптеген жағынан жеңіске жетеді [4].

Зертханалық типтегі хлорелла өсіру қондырғылары 30 жылдан астам уақыттан бері белгілі. Суспензияның рециркуляциясы және аэрациясы бар алғашқы қондырғылардың бірі 1952 жылы құрастырылды. Оның қопсытқышы ұзындығы бірнеше метр және қабырғасының қалыңдығы 4 мм болатын пластикалық қаптан тұрды. Балдырлардың суспензиясының температурасы әдетте жазда да 27С-тен төмен болды. Мұндай қопсытқыштар әдетте шұңқырларға орналастырылды, ал АҚШ-та олар тіпті 51 ғимараттардың төбесінде де орналастырылды [5].

Қоректік заттардың шектелуі жағдайында биохимиялық құрамдағы айтарлықтай айырмашылықтар балдырларда қандай қоректік заттардың шектеулі және қаншалықты дәрежеде болуына байланысты байқалуы мүмкін. Жалпы, балдырлардың өсу қарқыны оңтайлы температура мен рН жағдайында ең шектеулі қоректік заттардың сіңу жылдамдығына пропорционалды және әдетте Михаэлис-ментен теңдеуімен сипатталады. Балдырлардың табиғи ортада қоректік заттарға (яғни азот пен фосформен шектелген) шектеулі болатындығында ерекше ештеңе жоқ. Осы негізгі қоректік заттардың шектелуі дененің метаболикалық жолын өзгертеді. Мысалы, азот пен фосфордың ашығуы липидтер алмасуын мембраналық липидтер синтезінен липидтердің бейтарап жиналуына ауыстырады. Бұл өз кезегінде жасыл балдырлардағы липидтердің жалпы мөлшерін арттырады. Негізгі қоректік заттардың нақты әсерлері төменде талқыланады. Көміртек. Көміртек, сутегі және оттегі үш негізгі минералды емес қоректік заттар болып табылады. Балдырлар мәдениетіндегі сутегі мен оттегінің көптігі олардың қол жетімділігі жасуша өсуіне немесе метаболизмге қиындық туғызбайды дегенді

Признаками отбора пчел являются: зимостойкость, устойчивость к нозематозу, плодовитость маток, выращивание расплода, ройливость, мёдопродуктивность и воскопродуктивность, масса тела и длина хоботка, эффективность использования типичных условий медосбора. По нашим данным пчелы, разводимые индивидуальным предпринимателем «Беккель» занимают среднее положение между среднерусскими и кавказскими по показателям зимостойкости и устойчивости к падевому токсикозу, нозематозу, по плодовитости маток, по ройливости (30-35%), по предприимчивости в отыскании источников корма.

Для плеч характерно раннее весеннее развитие и наращивание семей к моменту цветения садов. Наполнение медового зобика 28-38 мг.

Таким образом, результаты изучения подопытных пчел позволят внести новые данные о медоносной пчеле, средой обитания которой является северный регион области Абай.

Литература

1. Анахина Е.А., Маннапов А.Г. Состояние и проблемы использования пород пчел в Орловской области // Пчеловодство – 2019. – № 3. – С. 16-18
2. Бородачев А.В., Савушкин Л.Н., Бородачев В.А. Породы пчел и племенные хозяйства по их разведению // Зоотехния. – 2016. – № 8. – С. 4-6
3. Кривцов Н.И., Козин Р.Б., Лебедев В.И., Масленникова В.И. Пчеловодство. – СПб.: Лань, 2010. – С. 35-51
4. Методика измерения экстерьерных признаков медоносных пчёл СТО 00669424-001-2021

Е. Дюсекенова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Л.С. Құрманғали**, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар»
кафедрасының оқытушысы

КЛИНИКА ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛГЕН ҚОЯНДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Кіріспе. Қоян шаруашылығының тұрақты дамуы тек өнімділікті арттыруға және отандық генетикалық ресурстарды сақтауға ғана емес, сонымен қатар бейімделу қабілетін арттыруға бағытталған қолға үйретілген қоян түрлерінің тұқымдық алуан түрлілігін сақтау және оны көбейту қажеттігі қазіргі уақытта ең маңызды міндет болып табылады. Үйірме жұмысы барасында Ветеринария және агроменеджмент факультетінің жануарлар клиникасында өсірілетін қояндар тұқымдарын зерттеп, ары қарай өсіру және күтіп бағу әдістерін қолданып дамыту қолға алынуда. Клиникада ақ алып, көбелек және қара алып тұқымдары өсіріледі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Клиника жағдайында өсірілген қояндардың қазіргі жағдайын зерттеу және оларды дамытып, өнімділігін ұлғайту жолдарын қарастыру

Міндеттері:

- Қояндардың экстерьерлік, өнімділік және тұқымдық қасиеттерін анықтау
- Қояндардың күтіп бағу жағдайын зерттеу
- Өнімділігін толыққұнды азықтандыру рационын құрастыру

Зерттеу материалы мен әдістері.

Ветеринария және агроменеджмент факультетіндегі жануарлар клиникасы өсірілетін ақ алып, көбелек және қара алып қоян тұқымдары зерттеу нысаны болып табылады.

Осы жобаны жүзеге асыруда қолданылатын әдістер: аталған қоян тұқымдар туралы әдебиеттерден мәліметтер жинақтау, азықтандыру және күтіп бағу әдістерін бақылау.

Зерттеу нәтижелері және оны талдау

Зерттеу жұмысы Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің Ветеринария және агроменеджмент факультетінің жануарлар клиникасында ғылыми әдебиеттерден, интернет ресурстардан тұқымдардың ерекшеліктерін зерттеу.

Ақ алып қояны тұқымының қояндары өте күшті, үлкен, бірақ шомбал емес. Олардың орташа салмағы 5,4 кг-ға жетеді. Тері бағытандағы тұқымдарының барлық өкілдері сияқты, ақ алыптар денелері ұзартылған (оның ұзындығы 60-65 см аралығында өзгеруі мүмкін) және қысқа, мықты табандары бар. Табандарының әлсіз түктілігіне байланысты Ақ алыптар торлы едендері бар торларда өмір сүре алмайды. Оларды қоршауларда немесе ағаш тақтайшалардан жасалған едендері бар торларда ұстау керек. Ақ алыптардың терілері, өте тығыз түк жабыны (ұзындығы кемінде 4 см), тек қарлы ақ түсті керек. Ақ түстің басқа реңктеріне жол берілмейді. Басқа тері реңктері бар қояндар жарамсыз болып шығарылады. Бұл тұқымның қояндары альбинос: олардың көздері бояғыш пигменттен мүлдем айырылған, тек қызыл болуы мүмкін. [3]

Қара алып қояндары қара және бірінғай түске ие. Кейде ол қоңыр реңкке ие болуы мүмкін. Түк жабыны қысқа. Ұзындығы 2 см жетеді. Басы айтарлықтай үлкен. Қалың құлақтары орташа ұзындықта. Мойын әдетте қысқа және дене бітімі жақсы. Кең кеудесі жақсы дамыған. Аяқтары массивті және күшті. Олар 7-8 көжек әкеледі. Тұқымның басты артықшылығы – оның ерте жетілуі. Көжектері тез өсіп келеді. Өмірінің 3 айында олар 2 кг салмаққа жетеді. 8-14 айда союға болады. [4] Көбелек тұқымы дәмді ет пен жақсы терісін беретін көбелек тұқымының қояндары ақ гигант, ағылшын көбелек және фландре деген үш тұқымның дараларын шағылыстыру арқылы алынған. Сипаттама: Олардың айрықша ерекшелігі – қара және ақ түсті болуы. Ересек қояндардың орташа салмағы 5 кг. Дене ұзындығы – 60 см-ге дейін. Бір ұяда сегізден онға дейін қоян болуы мүмкін. Тұрақты иммунитеттің болуы осы тұқымның қояндарын жұқпалы және суық тиюден қорғайды. Кез келген климаттық жағдайларда ұстауға тез бейімделу қабілетінің арқасында бұл тұқымның қояндары ыстық және суық бөлмелерде жақсы сезінеді. Терінің сапасын жақсарту үшін тәжірибелі қоян өсірушілер оларды үйде емес, ашық ауада ұстауды ұсынады. [3]

Клиника жағдайында қояндардың күтіп бағылуы зерттелді. Бұл үшін қораның температурасын, күтіп бағу стандарттары арнайы әдістемелер арқылы зерттеу жасалды. Қояндар қазіргі уақытта жылы қорада ұсталында, алайда арнайы қояндарды ұстауға арналған тора емес, тауықтарға арналған

торларда уақытша ұсталынууды. Қояндардың арнаулы торлары бар, бірақ ол қораның салқын бөлігінде орналасқан.



Сурет 1 – Қояндардың клиника жағдайында ұсталуы

Қояндарды азықтандыру малдың денсаулығын жақсартудың маңызды факторларының бірі болып табылады, ал денсаулығы мардымсыз болса, жоғары өнімділігіне қол жеткізу мүмкін емес. Осыған байланысты олар әсіресе қоректік заттар мен минералдардың, сондай-ақ витаминдердің жеткілікті мөлшерін қажет етеді. Қояндарды торда ұстау жағдайында олар серуендеу және жайылымға шықпайды. Бұл жағдай оларды толыққанды азықтандыруды ұйымдастырудың маңыздылығын одан әрі арттырады. [2] Қояндарды дақылдардың қоспасы және пішенмен азықтандырылуда. Күніне бірнеше рет суы ауыстырылап тұрады.



Сурет 2 – Клиника жағдайында қояндарды азықтандыру барысы

Клиникадағы қоян тұқымдары арнайы ет бағытындағы тұқымдары болғандықтан олардың өнімділігін жоғарылату мақсатында бордақылайтын қоянның орташа тәуліктік рационын қолдану ұсынылады: 60-80 гр. концентраттар (құрама жем, астық қоспалары); 700 г дейін шөп; шырынды азық (балғын көкөністер) 150-200 гр.; пішен 150-200 гр.[1]

Қорытынды:

Қорада өсіріліп жатқан қояндардың потенциалы жоғары оларды тері және ет бағыты өнімділігі бойынша дамытуға болады. Қояндардың күтіп бағу жағдайлары бойынша үлкен ақ қоянның тік тұратын құлақтары тар торларды ұстау ыңғайсыздық келтіретіндіктен және көбелек тұқымын далада ұстаған тиімді, сондықтан қояндарды арнайы торларды және жазғы уақытта дала ұстау ұсынылады.

Қояндардың толық дамуы және өнімділігін жоғарылату мақсатында жасыл және шырынды азықтарды рационға енгізу керек.

Әдебиеттер

1. Агейкин А.Г. Технологии кролиководства: курс лекций. – Красноярский государственный аграрный университет. – Красноярск, 2020. – 393 с
2. Рулева, Т. А. Разведение кроликов как перспективная отрасль животноводства / Т. А. Рулева, Н. Ю. Сарбатова // Молодой ученый. – 2016. – № 7 (111). – С. 306-308. – URL: <https://moluch.ru/archive/111/27809/> (дата обращения: 24.04.2023).
3. <https://zverovod.info/kroliki/velikany.html>
4. <https://hozsektor.com/porody-krolikov-chernogo-okrasa#>

ҚАЗ СЕЛЕКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Үй құстарын өсірудің қолайлы жағы оны кез келген мөлшерде және түрлі климаттық жағдайларда өсіруге болады. Сонымен қатар бұл ерекше шығындарды талап етпейді.

Экономикалық пайда тұрғысынан алғанда құс шаруашылығы мал шаруашылығының өте тиімді және табысты саласы болып табылады. Бұл бағыттың ауыл шаруашылығындағы маңыздылығын жете бағаламауға болмайды, өйткені мазмұны, өнімділігі және өнімнің өзі өте жоғары сапалы және өте бәсекеге қабілетті [1-3].

Зерттеу жұмысы Абай облысы Семей қаласының Озерка елді мекенінде «Гага» фермерлік шаруашылығында жүргізілді.

Қазіргі уақытта «Гага» фермерлік шаруашылығында қаздардың линдов тұқымы өсіріледі. 2300 аналық қаздар бар. Шаруашылық инкубатормен жабдықталған. Қаздар жайылымда сол Озерка өзені бойында бағылады. Еті қалалық рынокқа шығады.

Зерттеу жұмысы барысында «Гага» фермерлік шаруашылығында өсірілетін қаздарды зерттеу үшін визуалді тексеру, салыстырмалы бақылау, сипаттау және фото суретке түсіру әдістері қолданылды.

Құс қораларының микроклиматы, санитарлық-гигиеналық жағдайы, балапандарды өсіру технологиясы «Гага» шаруа қожалығында құс өсіру талаптары бойынша жүргізілетін нұсқаулығына сүйене отырып жүргізілді.

Жүргізілген эксперимент барысында 2 топ құрылды: бақылау (I) және тәжірибелік (II). 1-ші топқа өнімділік кезеңі 125 күннен аспайтын қаздар, 2-ші топқа өнімділік кезеңі ұзағырақ қаздар алынды. Ұрпақтардың көбеюі табиғи жұптасу арқылы жүзеге асырылды.

Ақпан-наурыз айларында қаздарды маусымдық өсіру кезінде, әдетте, асыл тұқымдық қасиеттерін толық пайдаланбау байқалады, ал мамыр-маусым айларында қаздар халық пен маусымдық өндіріс циклі бар шаруашылықтарда жоғары сұранысқа ие.

Барлығына белгілі, ең жоғары сұраныс маусымында өнімнің шығымдылығын арттыру мәселесін бірнеше жолмен: асыл тұқымды табынды бағыттап өсіру технологиясын қолдану; жұмыртқалардың инкубациялық қасиеттерін ұзақ уақыт сақтау технологиясын әзірлеу, сондай-ақ өнімділік қисығының өзгеруінен тұратын селекциялық жолмен шешуге болады.

Біздің зерттеулерімізде қойылған міндет асыл тұқымды табынға мақсатты өсіру технологиясын қолдану және аналықтардың жұмыртқалағыштық қисығының өзгеруін қамтамасыз ететін селекция әдістерін әзірлеу арқылы шешілді.

Қаздардың жұмыртқа өнімділігі қисығын өзгертуге бағытталған селекциялық әдістерді әзірлеу үшін 100 қаздың жұмыртқалағыштығының жасына байланысты қайталануы зерттелді.

Жас аспектісіндегі қаздардың тірі салмағының өзгеру сипаттамасы кестеде келтірілген.

Кесте – Тірі салмағы мен азық шығыны, г

Жасы, апта	Аталық қаздар		Аналық қаздар	
	тірі салмағы, М±m	азық шығыны	тірі салмағы, М±m	азық шығыны
тәуліктік	101±1,9	-	98±1,3	-
2	737±18,3	1,48	689±16,2	1,51
4	1934±55,6	1,95	1799±49,4	2,09
6	3186±97,3	3,18	2970±64,6	3,27
8	4039±101,6	4,75	3678±92,3	5,53
10	4760±121,3	6,56	4320±101,8	6,84
12	5083±127,2	12,43	4568±112,3	13,91
14	5518±130,3	9,63	4936±111,4	10,65
16	5896±127,6	10,37	5332±115,3	10,01
18	6252±128,4	11,08	5640±117,4	12,70
20	6513±138,8	14,29	5870±118,6	15,09
22	6761±146,4	15,49	6026±124,3	23,26

Тәжірибелер көрсеткендей, линдов қаздарының тұқымы 8 аптаға дейін тез өсті. Осы кезеңде

қаздардың тірі салмағы шамамен 40 есе өсті. 8 апталық жасында олар негізінен қаңқа бұлшықеттерінің сызықтық өсуі мен қалыптасуын аяқтады.

Алайда, өсіріліп отырған тұқымның 8 аптадан кейін де тірі салмақ қосуы жоғары болғанын атап өткен жөн. Сонымен, 8-ден 10 аптаға дейінгі кезеңде тірі салмақтың орташа тәуліктік өсуі аталықтар мен аналықтар үшін 40 граммнан асады. Қаздардағы тірі салмақтың айтарлықтай төмендеуі 10 аптадан кейін ғана байқалады.

Біз алынған өнімге жем шығындарының деректерін талдадық. Алынған мәліметтерден (кесте 1) 10 аптадан кейін тірі салмақтың өсу бірлігіне жем шығындары екі есе артқандығын көреміз.

Қаздарды қорада ұстау тәсілін қолдану барысында балапандар жарып шыға салысымен құс қорада + 32°C температурасын сақтауды қамтамасыз етіп, оны 10 күн бойы күн аралатып 1°C-ге төмендету керек.

Бұдан кейінгі әрбір үш күн сайын 2°C-ден төмендете отырып, қорадағы жылуды 8°C-ге дейін төмендетпейінше осындай қалыпта ұстайды. Құс қораны балапандар тіршілігінің 22-күнінен бастап жылытпай-ақ қойса да болады немесе температура аяқ-астынан төмендеп кеткен жағдайда ғана жылыту керек.

Ата-аналық табынды тәулік ішінде 7 сағат серуендетпей, астықпен азықтандырғанда құстың жұмыртқалау қарқындылығы 20%-дан аспайды.

Жұмыртқа салуды бастау үшін 14 күн ішінде күндізгі жарықтың ұзақтығын 7-ден 12 сағатқа дейін арттыру керек, содан кейін ай сайын күндізгі жарықты тағы бір сағатқа көбейту керек.

Жұмыртқа салудың жоспарланған басталуынан үш апта бұрын құсты өнімді кезеңнің азықтандыру режиміне ауыстырады.

Қаздарды 15-16% ақуызы бар құрама жеммен еркін азықтануға мүмкіндік жасалады. Жаппай шығарылатын жемдердің ішіндегі ең жақсысы ата-аналық табынның жұмыртқалайтын қаздарға арналған құрама жемді санауға болады.

Құстарға қолайлы жайылым ұйымдастырған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Қаз балапандарын буындары қатайған кезде немесе туа салысымен-ақ жайылымға жіберуге болады.

Қаз төзімді құстар қатарына жататындықтан, тақтайдан тығыз етіп жасалған қоралар олар үшін әрі арзан әрі қолайлы болып саналады. Оның едені жерден сәл жоғары етіп жасалуы керек. Әрбір қораны екіге бөлген тиімді болар еді: біріншісін – үлкендеу етіп демалыс пен серуендеу үшін, екіншісін – кішілеу әрі аздап қараңғылау етіп құстардың дамылдап отыруы мен жұмыртқа салуы үшін. Қаз өсірудегі ең маңызды нәрсе таза төсеніш пен міндетті түрде ауаны желдетіп тұру болып табылады.

Әрбір құстың ұясын жасанды түрде бір-бірінен бөлек ету үшін шөп, сабан, қурай, құрақ сынды немесе басқа да шөптермен жауып немесе қоршап қою керек.

Жоғары өсімді молайту, тірі салмағының өсуі, жақсы қауырсын-мамық сипаттамалары бар біртекті құс табынын жасақтау үшін 2020 жылдан бастап шаруашылықта селекциялық бақылау ұяларын орнату жолымен селекция жүргізіледі.

Осыған орай, Абай облысының "Гага" фермерлік шаруашылығында линдов тұқымының асыл тұқымды қаздарын өсірумен айналысады. Құстар жоғары тірі салмақ пен жақсы конституциясымен және көбею қабілетімен сипатталады. Жас қаздар ерте жетілгіштігімен және жергілікті табиғи-климаттық жағдайларға бейімделуімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

1. Горнюроев Н.А. Қолда құс өсіру. – Алматы: Қайнар, 2010. – Б. 17-42.
2. Байбарақов Е. Өнеркәсіптік негіздегі құс шаруашылығы. – Алматы: Қайнар, 2002. – Б. 77-108.
3. Әкімбеков Б.Р., Байбатшанов М.Қ., Қадыкен Р. Ауыл шаруашылық құстарының түрлері мен кростары. Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт. 2014. – 128 б.

А. Дүсіпова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Л.С. Құрманғали**, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар»
кафедрасының оқытушысы

АГРОТЕХНОПАРК ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ТҰҚЫ ЖӘНЕ МӨҢКЕ БАЛЫҚТАРЫН ӨСІРУ ПРОЦЕСІ

Кіріспе. Еліміздің бірқатар аймақтарында ғана балық шаруашылығы дамып келе жатыр, алайда бұл халықтың тұтыну қажеттілігін қамтамасыз етпейді. Бұл саланы дамытуға еліміздің әлеуеті жоғары, бірқатар себептерге байланысты бұл бағыт әлі толық жеткілікті деңгейде де дамымай жатыр.

Тұқы балығы тұщы суда тіршілік етеді, араларында өткінші түрлері де кездеседі. 270 туысы, 1500-дан астам түрі белгілі. Қазақстанның барлық су айдындарында кездесетін 33 туысы, 90-ға жуық түрі бар. Уылдырығын негізінен су түбіндегі шөпке шашады, араларында тасқа немесе құмға шашатындары да кездеседі.

ТМД теңіздері мен өзен-көлдерінде 120 түрі белгілі. Уылдырығын өсімдіктерге, топыраққа, суға шашады. Тұқы балықтар, (қаракөз, табан, сазан, оңғақ балық т.б.) кәсіпшілік балықтар түрі болса, тұқы, мөңке, дөңмаңдай көбейту мен жерсіндіру балықтары [1-2].

Мөңке балығы Қазақстанда Жайық, Жем, Ырғыз, Торғай, Нұра, Ертіс өзендерінің су алабында кездеседі. Өзен, көл тартылғанда, не су қатқанда 70 см-ге дейін су түбіндегі лайға көміліп, қатты суықтан не ыстықтан сақтанады. Ұзындығы 35-38 см-дей, салмағы 2 кг-дай. Мөңкенің бүйірі алтын сияқты сары түсті, жүзбе қанаттары қызыл-қоңыр, ал арқасы қара түсті болады. Қабыршағы тегіс. Жыныстық жағынан аналығы 3-4, аталығы 2-3 жасында жетіледі. Уылдырығын (300 мыңдай) мамыр – маусым айларында су температурасы 17-18°C болғанда су түбіндегі шөп арасына шашады. Бұлар негізінен зоопланктонмен, зообентоспен және өлексмен (детритпен) қоректенеді. Қорек ретінде өсімдікті сирек пайдаланады. Мөңкенің кәсіптік маңызы бар [1-2].

Зерттеу жұмысының мақсаты: Агротехнопарк ғылыми орталығындағы тұқы және мөңке балықтарын өсіру процесін зерттеу

Міндеттері:

- Тұқы және мөңке балықтарын өсіру технологиясын зерттеу
- Балықтардың дене тұрқы өлшемдерін анықтау

Осы көрсеткіштерді талдау кезінде ұсынылған жағдайларда балықтардың өсуі мен дамуына бақылаулар жүргізілді.

Зерттеу материалы мен әдістері.

Агротехнопарк ғылыми зерттеу орталығында өсірілетін тұқы және мөңке тұқымдас балықтар зерттеу нысаны болып табылады.

Осы жобаны жүзеге асыруда қолданылатын әдістер: ТЖҚ жүйесінде өсіруді зерттеу, күнделікті бақылау, азықтандыру. Судың температурасын, гидрохимиялық құрамын арнайы әдістемелер арқылы зерттеу жасалды. Судың температурасы, оттегі, рН көрсеткіштері – бақылауға алынды. Арнайы әдістемелер арқылы олардың салмағын және ұзындығын өлшеп журналға тіркеліп отырды.

Зерттеу нәтижелері және оны талдау

Зерттеу жұмысы Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің жанындағы Агротехнопарк ғылыми орталығында жүргізілді Агротехнопарк ғылыми зерттеу орталығында заманауи тұйық желі қондырғысы қолданылады оның ерекшелігі балықтардың маусымдық өзгерістерге тәуелділігін қолдан ұйымдастыру арқылы жетілуін ынталандыру, жеделдету.

Зертхана жағдайында балықтардың салыстармалы түрде өсіп – дамуы зерттелді. Бұл үшін судың температурасын, гидрохимиялық құрамын арнайы әдістемелер арқылы зерттеу жасалды. Судың температурасы, оттегі, рН көрсеткіштері – маңызды экологиялық фактор болып табылады. Бұл көрсеткіштер балықтың зат алмасу процесіне, жыныстық даму жылдамдығына, өсу жылдамдығына және тағы басқа факторларға тығыз байланысты. Олардың температураны, желдетуді және айналымды реттеу автоматтандырылған. Уақытылы өшіріліп қосылады. Зерттеулерге және міндеттерге сәйкес температураның ең төменгі шегі 22 градус болды. +20-ден 26 градусқа дейінгі амплитудада балықтардың өсуі мен дамуы үшін оңтайлы температура. [3]

Балықтарды аулап, арнайы әдістемелер арқылы олардың салмағын және ұзындығын өлшеп журналға тіркеліп отырды.

Екі балық тұқымы екі танкте өсіріледі. Тұқы балықтарының жыныстық өнімдерін алып, қолдан ұрықтандыру жасап, Вейс аппаратында шабақтар алу жоспарлануда



Сурет 1,2 – Тұқы балықтарын өлшеу барысы

Тұқы балықтарының өсіп – дамуы бойынша 6 жасар балықтардың салмағы орташа 781,7 г, дене ұзындығы 33 см болды. Ал 1 жылдық мөңке балықтарының орташа салмағы 65,1 г, дене ұзындығы 9-10см болды.



Сурет3 – Мөңке балығын таразыда өлшеу



Сурет 4 – Тұқы балығын зерттеу мақсатында аулап алу

Қорытынды:

Балықтар тұқымның ерекшеліктеріне, технологиялық талаптарға сай автоматты режимде ұсталуда.

Тұқылардың жыныстық диморфизмін анықтап, жыныстық өнімдер алуға дайындау жоспарлануда. Балықтар дене өлшемдері қалыпты жасына сай.

Әдебиеттер

1. Құржықаев Ж.К., Морузи И.В., Сыздықов Қ.Н., Аубакирова Г.А. «Аквакультура». Оқу құралы. – Астана: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, 2014. – 111 б.
2. Сейтбаев Қ.Ж. Балық қорын қорғау: оқулық. – Алматы: Эверо, 2016. – 297 б.
3. Абдибеков Б.Т. Балық шаруашылығының гидротехникасы: [оқулық] / Б.Т. Абдибеков; Қ.Ж. Сейтбаев, Б.Б. Бектурғанов. – Алматы: Эверо, 2014. – 246 б.

ҒТАХР: 68.39.39

Д. Ержанқызы

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Т.Қ. Қажыбекова**, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар»
кафедрасының оқытушысы

ҚОЯН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАР

Өзектілігі: Қазіргі таңда Қазақстанда қоян шаруашылығымен айналысушылар сұраныстың 20%-ын ғана жабады. Бұл біз сияқты мемлекет үшін өте аз сан және үлкен проблема. Сондықтан, бұл санды көтеру жолдары біз үшін өте өзекті.

Мақсаты: қоян шаруашылығында кездесетін актуалды проблемаларды айқындау.

Міндеті: қоян шаруашылығында кездесетін өзекті проблемаларды айқындай отырып, оларды шешу жолдарын қарастыру.

Қазақстанда қоян шаруашылығы әлі айтарлықтай дамымаған. Елімізде тіркелген саны 15-тен аспайтын ғана қоян өсіретін ірі және шағын фермалар бар екен. Дегенмен, пандемиядан кейін жағдай

өзгере бастады. Төтенше жағдай енгізілгеннен кейін отандастарымыз жұмысынан айырылып, жаңа табыс жолын іздеуде қояндарды өсіре бастады. Соған қарамастан да қоян шаруашылығының біздің еліміздегі әлеуеті өте төмен.

Қазақстандағы орыстар бұл проблеманың күннен-күнге актуалды екенін түсініп «Ушастые, плодовые, но пока не признанные» деп қоян шаруашылығын атайтын болыпты. Қоян шаруашылығының экспорттық әлеуеті орасан зор, бірақ осы уақытқа дейін біздің елде ауыл шаруашылығының жеке саласы ретінде танылған жоқ.

Қазақстанды қоя тұрып, көршілес алып Ресей өз елін қоян етімен 30%-ға ғана қамтамасыз етеді екен. Қазақстанда бұл сан 5%-ғана қамтиды екен. Төмендегі кестеден аймақ бойынша өнім шығымын көре аласыздар.

Кесте 1 – Еліміздегі қоян өсіруші аймақтардың өнімділік қуаты

Қала атауы	Өнім
Шымкент	2%
Алматы	1%
Талдықорған	1%
ШҚО	0,7%
Басқа қала мен облыстар	0,3%

Дүние жүзінде барлығы 240 қоян тұқымы тіркелсе, бүгінде Қазақстанда оның 15-і ғана өсіріледі. Қазақстандық қоян өсірушілер елге жаңа тұқымды әкелуге тырысып бағуда. Бірақ оларды Еуропадан әкелу (және Германия, Франция, Чехия, Словакиядағы ең жақсы селекционерлер) тым қымбат, бір бас қоян 500 еуроға жуық тұрады, жуық шамамен 241 мың теңге, кедендік қиындықтар да әр кезде туындайды.

Қоян өсірудің басты проблемасы – қояндардың үлкен көлемін өсіру технологиялық тұрғыдан қиын болып табылуы. Қоян шаруашылығын тұрақты түрде жүргізу үшін өлім-жітімнің болмауы және көп күш пен қаражатты қажет ететін белгілі бір аумақ қажет. Көбісі арнайы тор сатып алдым, оған бірнеше қоян отырғыздым, болды енді олар жыл бойы еш қиындықсыз көбейеді деп қателеседі. Бірақ бұл бәрі ойлағандай қарапайым және оңай іс емес. Қояндар – өте нәзік тіршілік иелері. Олардың организмі сүзгі ретінде жұмыс істейді: егер Сіз оған зиянды нәрсе берсеңіз, онда "сүзгі" бітеліп, қоян өледі, сондықтан да олардың еті диеталық, "таза" деп есептеледі. Олардың нәзік болғаны сонша, егер қандай да бір инфекция пайда болса, онда бүкіл табын өледі. Сол себептен де шаруашылық бастағанда ауруларды жақсы көтеретін якорь тұқымдарын өсіру керек.

Біздің елде қоян шаруашылығының тері бағытында өсірілетіндері дамымаған. Себебі, Қазақстанда қоян терісін өңдейтін зауыттар жоқ. Фермерлер оларды утилизацияға жібереді, бірақ, елде осындай проблема болмаса фермерлер оларды жергілікті нарықта сатып, қосымша табысқа шыға алатын еді.

Қоян етіне деген сұраныс қашанда жоғары – бүгінде олардың келісі 2,5 мың теңгеден бастап сатылуда. Сондай-ақ бас киімдер, пальтолар, қолғаптар тігілген терілерді де тиімді сатуға болады.

ШҚО, Ұлан ауданы, Төлеген Тоқтаров ауылдық округі «ЕСО Product» ЖШС Шығыста 2017 жылы үздік рейтинг көрсеткен. Алайда мемлекет тарапынан аса қолдау таппағандықтан қазір оның қуаттылығы төмендеген.

Кәсіпорынның жобалық қуаты жылына 20 тонна қоян етін құрайды. Бүгінгі күні қояндардың саны 1000 басты құрайды. Кәсіпорынның «Великолепный кролик» сауда белгісімен шығаратын өнімдері экспортқа бағытталған. Бүгінде ол Өскемен қаласындағы 10, Павлодар мен Қарағанды қалаларындағы 4 дүкеннің сөрелерінде сатылуда. Деликатес ет өндіру 4 жыл бұрын басталды, сою дүкендердің сұранысы бойынша айына бір рет жүргізіледі. Орта есеппен бір сойылғанда 350-400 қоян басы сатылады.

Көрші Өзбекстанда осыдан үш жыл бұрын арнайы заң қабылданған. Бұл елдің қоян өсірушілеріне субсидиялар беріліп, асыл тұқымды төл сатып алуға жеңілдетілген несиелер беріліп, малды шекарадан өткізу тәртібі жұмсартылды. Соның салдарынан көршілес елде қоян фермалары жаппай ашылуда. Қоян еті балабақшалардың ас мәзіріне енгізілді. Біздің қоян өсірушілерге де мемлекет тарапынан осындай жан-жақты қолдау қажет деп ойлаймын.

Проблемаларды шешу жолындағы біздің ұсыныстарымыз:

1. Қоян шаруашылығын мал шаруашылығының негізгі салаларының қатарына қосу;
2. Қоян терісін өңдейтін зауыттар құру;
3. Мемлекет тарапынан берілетін субсидиялар санын көбейту;

4. Кедендік талаптарды жұмсарту;
5. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасына көмекке жүгіну
6. Көршілес елдермен, әсіресе Өзбекстан және Тәжікстанмен бірлескен ғылыми жұмыстар мен конференциялар, съездтер санын көбейту.

Әдебиеттер

1. Гриднева Е.Е., Калиакпарова Г.Ш., Сыздыкова К.Ш. Қазақстандық диеталық ет нарығы: экономикалық аспектілер// <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.16>
2. Киршенбаум Б.: Кролиководство // Изд: Поляндрия NoAge – Россия, 2021.
3. [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://kapital.kz/business/90812/kazakhstanskiye-krolikovody-rokryvayut-lish-20-sprosa.html>
4. Разведение кроликов. Кролиководство. Ч1. [Электронный ресурс] Официальный сайт <http://ivlaz.tut.ru> (25.05.2016)

ҒТАХР: 65.09.39

С.Е. Амиртаев, Е.А. Көленова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **А.Т. Серикова**, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

ЗААЕНЕН ЕШКІ СҮТІН ВЕТЕРИНАРЛЫҚ – САНИТАРЛЫҚ САРАПТАУ

Заанен ешкі тұқымының сипаттамасы. Дүние жүзіндегі ең көп тараған сүтті ешкі тұқымы Заанен (сүті 600–800 кг, майлылығы 2,8–5,5%). Ол Швейцарияда өсірілді және қазіргі уақытта пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктер тізіліміне енгізілген жалғыз сүтті ешкі тұқымы болып табылады. Бұл тұқым сүт өнімділігі бойынша әлемдік рекордқа ие – жылына 3507 кг. Бірақ Заанен ешкілері тек жоғары өнімділігімен ғана танымал емес. Олардың басты құндылығы – олардан алынатын шикізаттың жан-жақты болуы: олар табиғи пастерленген сүтті өндіруге де, оны құрғақ сүтке өңдеуге де, ірімшік, май, сүзбе және басқа да сүт өнімдерін өндіруге жарамды [1].

Ақ қарлы швейцар ешкілері негізінен сүттілігі жоғары болғандықтан өсіріледі. Орташа алғанда, 250-270 күндік лактация кезеңінде бір ешкіден сегіз жүз литр сүт шығаруға болады, ал рекордтық жағдайларда бір тоннадан астам [2]. Сүт өнімділігі өте жоғары – тәулігіне 4,5-6 кг. Лактация кезеңі 270-360 күнге созылады. Қиыр ешкілер кейде екі және одан да көп жыл үзіліссіз сауылады. Бір лактацияда орташа сауылатын сүт 1200–1600 кг, майлылығы 3,5–4,5% құрайды [3].

Ешкі сүтінің пайдасы мен қасиеті. Ешкі сүтінің майы сиыр сүтінің майына қарағанда май қышқылдарының құрамы жағынан басқаша және баланың ас қорыту жүйесіне оңай сіңіріледі. Майлылығы 4,0-4,49% ешкі сүті 100% дерлік қорытылады [4]. Сүт – күрделі полидисперсті жүйе, оның дисперсті ортасы су, ал дисперсті фазасы – молекулалық, коллоидтық және эмульсиялық күйдегі заттар. Сүт қанты мен минералды тұздар молекулалық және иондық ерітінділер түзеді. Белоктар еріген (альбумин, глобулин) және коллоидтық (казеин) күйде, сүт майы эмульсия түрінде болады. Сүттің құрамы көп жағдайда жануардың түріне байланысты. Жеке құрамдас бөліктердің пропорциялары өзгеріп қана қоймайды, кейбір жағдайларда олардың химиялық құрылымы да өзгереді. Ешкі сүтінің химиялық құрамы олардың азықтандыру жағдайларына, лактация кезеңіне, жасына және басқа себептерге байланысты [5].

Ешкі сүті өте пайдалы. Өнімнің артықшылығы – көбінесе аллергия тудыратын казеиннің аз мөлшерде болуы. Ешкі сүтіндегі лактозаның мөлшері шамамен 4,1% құрайды. Майдың мөлшері 3,6%-дан 6%-ға дейін болуы мүмкін. Нақты көрсеткіш жануардың тұқымына байланысты. Заанен тұқымы 3,2-4% құрайды [6]. Ешкі сүті А дәрумені мен ниацинге бай, сиыр сүтіне қарағанда темір мен магний аздап көп. Ешкі сүтінің қышқылдығы шамамен 17-19°Т (рН = 6,4 ÷ 6,7), тығыздығы – 1033 кг / м³ [7]. Физика-химиялық қасиеттері мен дәмі бойынша ешкі сүті сиыр сүтінен және басқа жануарлар түрлерінің сүтінен жақсы ерекшеленеді. Мүмкін бұл ешкі сүтінде калийдің көп болуына байланысты, жүрек-тамыр жүйесінің қызметінде үлкен рөл атқарады. Лактозаның төмен мөлшері (сиыр сүтінен 13% және адам сүтінен 41% аз) бұл өнімді лактозаға төзбеушіліктен зардап шегетін адамдар үшін жарамды етеді. Ешкі сүтінде жоғарыда аталған ерекшеліктерге қоса, кальций, фосфор, мыс, В, С және D дәрумендері көп болады. Алайда ешкі сүті сиыр сүті сияқты темірдің нашар көзі болып табылады. Темір қандағы гемоглобинді синтездеу үшін ғана емес, сонымен қатар иммундық жүйенің қалыпты жұмысын және мінез-құлық сипаттамаларының сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажет. Ересектерде темір тапшылығы суыққа реакцияның жоғарылауымен байланысты болды. Ешкі сүтінің темірі сиыр сүтінің теміріне (10%) қарағанда әлдеқайда жақсы (30%) сіңеді, бірақ адам сүтінің темірін сіңіру деңгейіне (50%) жетпейді [8].

Жұмыстың мақсаты: Заанен ешкі тұқымының сүтінің сапалық көрсеткіштерін физика-химиялық талдау негізінде бағалау және әр түрлі ешкі тұқымдарының сүт сапасының көрсеткіштерімен салыстыру.

Жұмыстың міндеттері: 1) Заанен және қылшық жүнді ешкілердің сүттерінен зерттеу сынамаларын алу; 2) Органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу жұмыстары Семей қаласының Шакарим атындағы мемлекеттік университеті, «Ветеринария» кафедрасының зертханалық аудиториясында жүргізілді. Зерттеу жұмыстарына 3 сынама – Заанен тұқымды және қылшық жүнді тұқымды емес ешкілерінің сүттері алынған болатын. Сүттердің иісі таза тығынмен жабылған конус тәрізді колбада, су моншасында шамалы жылытылып анықталды. Түсі жарты көлемде толтырылған Петри табақшасында, ақ үстелдің бетінде анықталды. Консистенциясы сүт құйылған колбаны аздап шайқау арқылы анықталды. Сүттердің физика-химиялық көрсеткіштері «Клевер-2» сүт анализатор аппаратымен анықталды. Бактериялармен ластану деңгейі редуктаза сынағы (метилен көгі) арқылы анықталды.

Жұмыстың нәтижелері.

Органолептикалық көрсеткіштері:

№	Көрсеткіштері	1-ші сынама	2-ші сынама	3-ші сынама
1	Түсі	Ақ, біраз сарғыштау	Ақ, біраз сарғыштау	Ақ, біраз сарғыштау
2	Иісі	Хош иісті, ашыған және спецификалық иістері жоқ	Сүтке тән иіс, спецификалық иістер жоқ	Сүтке тән иіс, спецификалық иістер жоқ
3	Дәмі	Біраз тәтті, сауылған сүтке тән емес	Таза, бөгде дәмі жоқ	Таза, бөгде дәмі жоқ
4	Консистенциясы	Біркелкі, ыдысты шайқаған кезде қабырғасынды ақ іздер қалады.	Біркелкі, ыдысты шайқаған кезде қабырғасынды ақ іздер қалады.	Біркелкі, ыдысты шайқаған кезде қабырғасынды ақ іздер қалады.

Физика-химиялық көрсеткіштер:

№	Қасиеттері	Заанен ешкі тұқымының сүті		Қылшық жүнді тұқымды емес ешкінің сүті	
		2023 жылғы (1-ші сынама)	2022 жылғы	2-ші сынама	3-ші сынама
1	Температура	20.4°C	21°C	20.8°C	17.4°C
2	Майлылығы	3.81%	3.07%	3.28%	1.65%
3	Белок	3.64%	3.55%	2.70%	3.79%
4	Тығыздығы	31.91 кг/м3	29.07 кг/м3	25.62 кг/м3	20.63 кг/м3
5	Сомо	8.24%	8.91%	7.55%	8.57%

Бактериялармен ластануы:

	Заанен ешкі тұқымының сүті		Қылшық жүнді тұқымды емес ешкінің сүті	
	1-ші сынама	2-ші сынама	2-ші сынама	3-ші сынама
Класс	II (қанағаттанарлық)		II (қанағаттанарлық)	

Қорытынды

Зерттеулердің нәтижелері бойынша Заанен ешкі сүтінің сапасы жоғары болып шықты. Үш сынамаларының органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін талдай келе, майдың массалық үлесі 3,81% Заанен ешкі сүтінің сынамасының органолептикалық көрсеткіші жоғары болды деген қорытынды жасауға болады. Дәмі толық, құрылымы біртекті және қабыршақтанбайды, түсі ақ, аздап сарғыштау, дәмі сәл тәтті, спецификалық бөгде дәмі жоқ.

Жүргізілген әдеби және лабораториялық зерттеулер негізіне сүйене отырып, сүтті ешкілердің ең жақсы тұқымдарына жататының бірі – Заанен ешкісі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Бұл ешкі тұқымы жоғары сауындармен және сүттің құндылығымен сипатталады.

Әдебиеттер

1. Фокша И., Смирнская Ю. Козьи технологии // Журнал «Агротехника и технологии». – 1 ноября 2013.
2. Зааненские козы [Электронный ресурс] – 2012 – URL: <https://kozya-sloboda.jimdofree.com/зааненские-kozy/?ysclid=lg9txek46p827138129>
3. Козы Зааненской породы: описание, продуктивность, уход и содержание [Электронный ресурс] – 2019 – URL: <https://ferma.expert/jivotnie/kozy/porody-kozy/zaanenskie-kozy> © Ферма.expert

4. Айбазов А.М.М., Мамонтова Т.В. Некоторые биологические и морфометрические показатели западно-кавказского тура // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2014. – № 1. – С. 21-23.
5. Денисова С.Н. Использование козьего молока в питании кормящих матерей для лечения и профилактики атопического дерматита у детей / С.Н. Денисова, Т.Б. Сенцова, М.В. Гмошинская, М.Ю. Белицкая // Вопросы детской диетологии. – 2004. – № 2. – С. 21-24.
6. Из чего состоит козье молоко? [Электронный ресурс] – 2023 – URL: <https://zverovod.info/kozy/sostav-koze-go-moloka.html?ysclid=lg9udr2yb0641787579>
7. Макарова И.В. Зааненские козы: описание породы, фото. Настоящая зааненская коза. Какая она. – 24.01.2014
8. Фролова Н.И. Журнал «Практическая диетология». – № 3 (3). – 2012.

ҒТАХР: 68.41.37

М. Нұрланқызы, Т. Қалжанова

Семей қаласының «Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **С.Т. Дюсембаев**, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор

«DOCTOR BEAR» ВИТАМИН ҚОСПАСЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАМАСЫ

«Doctor Bear» витамин қоспасы – хош иісі бар балдың тәтті дәмі мен жаңғақтардың тағамдық құндылығы бірге ағзаға пайдалы құнды заттарды құрайды. Ол ағзаға жағымды әсер етеді. Өзара әрекеттесу кезінде екі өнімнің де ерекше құрамы емдік әсерді күшейтеді. Ағзаға қажетті заттармен қаныққандықтан, әл-ауқатты жақсартады. Қан айналымының жақсаруына байланысты ішкі ағзалардың жұмысы қалыпқа келеді. Үнемі қолданған кезде витамин қоспасы қан тамырларын тазартуға, олардың икемділігін арттыруға көмектеседі.

Балдың сапасын ветеринариялық санитариялық сараптау кезінде «Ветеринариялық зертханалар мен балды ветеринариялық санитариялық ережелеріне сәйкес» болуы керек. Бұл заңнамада балдың сапасын анықтау әдістері мен реті жазылады. Балды сараптауға алмас бұрын иесінен ветеринариялық анықтама алып, пасеканың паспортын қарайды. Егер де сол қағазда бал қандай да бір антибиотиктар мен залалсыздандырылған десе, онда сараптаушылар сол балдан қалған антибиотиктердің мөлшерін анықтайды. Ветеринариялық анықтама мен куәлікті ветеринар мамандары ғана беруі тиіс.

Органолептикалық және зертханалық зерттеулерді МЕСТ 19792-87 талаптарына сәйкес тексереді. Сынаманың қалған мөлшерін иесіне қайтармайды оны техникалық утилизацияға жібереді. Ветеринариялық заңнаманы бұзған жағдайда; қылмыстық, административтік т.б. жауапкершіліктерге тартылады. Ветеринариялық сараптаудың қорытындысы болып әкелінген сынаманың жарамды және жарамсыз болуы, соған байланысты құжаттар тағайындалады. Ол ветеринариялық сертификат түрінде беріледі.

Сынама алу. Нарықтағы ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасында зерттеу үшін әрбір жеткізілген бірліктен салмағы 100 г балдың бір реттік сынамалары алынды, судың массалық үлесін ареометрмен анықтаған кезде бал сынамасының массасы екі есе артты. Жақтаулардағы бал үлгілері 5x5 см өлшемдегі әрбір бесінші фото жиектемеден алынды. Жақтаудан алынған бал ұяларының үлгілері әр қаптамадан бірдей мөлшерде алынады. Ветеринариялық зертханада балға қосымша зерттеулер жүргізу кезінде сынама кемінде 500 г болуы тиіс, бұл ретте бал сынамасы мөрленді, жартысы ветеринариялық зертханаға жіберілді, ал екіншісі зерттеу нәтижелері алынғанға дейін сақталды (бақылау ретінде). Іріктелетін сынамаларға арналған ыдыс санитарлық талаптарға сай болуы, шыны, қыртысты тығындармен немесе бұрандалы қақпақтармен жабылуы тиіс.

Балдың органолептикалық көрсеткіштерін анықтау.

Түсті анықтау. Бал түтікке немесе түссіз шыны цилиндрге құйылады (егер бал кристалданған болса, ол 45-50°C температурада су ваннасында алдын-ала ерітіледі). Балдың түсі күндізгі жарықта көзбен анықталады.

Хош иісті анықтау. Шыны бюкске (стаканға) 30-40 г бал қойылады, қақпақпен жабылады және су ваннасында 40-45°C температурада 10 минут қыздырылады. Бюкс ваннадан алынады, қақпақ алынып, мұрын арқылы қысқа дем алынады.

Дәмді анықтау. Балдың дәмін бағалау үшін оңтайлы температура 30°C болып саналады, сондықтан зерттеу алдында сынама су ваннасында жылытылады.

Консистенцияны анықтау. Консистенциясы шпательді балға батыру арқылы анықталады, температурасы 20°C, шпатель алынып, балдың ағу сипаты бағаланады:

- сұйық бал-шпательде кішкентай, жиі тамшылармен ағып жатқан балдың аз мөлшері;
- тұтқыр бал-шпательде сирек, ұзартылған тамшылармен ағып жатқан балдың едәуір мөлшері;
- өте тұтқыр бал-шпательде балдың едәуір мөлшері бар, ол ағып жатқанда ұзын сымдарды құрайды;
- тығыз консистенциялы бал-шпатель қысыммен балға батырылады.

Зертханалық әдістер.

Судың құрамы. Азық-түлік базарларында ылғалдылығы 21% бал шығаруға рұқсат етіледі. Судың жоғарылауы балдың жетілмегендігі, судың бұрмалануы немесе сұйық қант шәрбаты болуы мүмкін. Мұндай балды сатуға жол берілмейді, өйткені ол тез ашыту процесіне ұшырайды. Балдағы судың мөлшері гидрометрмен немесе рефрактометриялық жолмен анықталады.

Жалпы қышқылдық. Табиғи балдың құрамында аз мөлшерде органикалық және бейорганикалық қышқылдар бар. Жалпы қышқылдық әдетте қалыпты градуспен көрсетіледі-бұл мл мөлшері 0,1 н. 100 г балды титрлеуге кеткен каустикалық натрий ерітіндісі. Гүл мен балдың жалпы қышқылдығы-1-4о. Қышқылдық құрамының жоғарылауы балдың қышқылдануының және сірке қышқылының жиналуының немесе қышқылдардың қатысуымен сахарозаның жасанды инверсиясының көрсеткіші болып табылады.

Балдың фальсификациясының анықтамасы. Ветеринардың тәжірибесінде табиғи балға әртүрлі қоспалар қосылатын жағдайлар болуы мүмкін: қант, қант шәрбаты, ұн немесе крахмал.

Қант шәрбаты қоспасын анықтау. Қыздырған кезде табиғи бал қант шәрбатымен оңай араласады. Органолептикалық көрсеткіштер бойынша фальсификацияның бұл түрін анықтау өте қиын. Мұндай бал ашық түсті, дәмі ерекше, хош иісі әлсіз, консистенциясы сұйық. Сондықтан, егер қант шәрбаты балының қоспасына күдік болса, зертханалық әдістер қолданылады. Бұл түрдегі жалғандық диастаз белсенділігін, инверттелген қанттың мөлшерін, минералды заттардың мөлшерін едәуір төмендетеді және сахарозаның мөлшерін арттырады.

Минералды заттардың құрамы. Глюкоза, сахароза, қант шәрбаты, қант балынан жасанды төңкерілген қант қосылған кезде минералдардың мөлшері балда айтарлықтай төмендейді. Бұл жалғандықтардың күлділігі 0,1% - дан төмен . Бұл көрсеткіш балды тексеру кезінде қосымша болып табылады.

Балдың құрамында тез және пайдалы көмірсулар мен биологиялық белсенді заттар бар, ал жаңғақ дәндері дәмді тағам және дәрумендер, минералдар, май қышқылдары мен талшықтардың көзі болып табылады. Бал мен жаңғақ қоспасы екі өнімнің қасиеттерін тамаша үйлестіреді.

Балдың құрамында рибофлавин мен аскорбин сияқты дәрумендер бар. Өнімде фруктоза мен глюкозаның үлкен құрамы бар. Сондай-ақ, бұл қоспаның үлкен артықшылығы-пайдалы дәрумендердің (мырыш, магний, кальций) болуы.

Жаңғақтарға келетін болсақ, бұл өнімнің байлығы бұрынғыдан кем түспейді. Құрамында май, ақуыздар мен аминқышқылдары бар. Өнімдердің жоғары концентрациясының арқасында пайдасы екі есе артады.

Рецептті жасау кезінде әртүрлі жаңғақтар қолданылады: грек жаңғағы, бадам, фундук, кешью, күнбағыс тұқымдары, асқабақ тұқымдары, кептірілген өрік, инжир.

Жаңғақтардағы дәрумендер мен микроэлементтер. Химиялық құрамына байланысты жаңғақ ең құнды дақылдардың біріне жатады. Жемістерде негізінен майлар (67% дейін) және ақуыздар (21% дейін) бар, ал көмірсулар жалпы қоректік заттардың тек 7% құрайды. Биологиялық белсенді компоненттер: К,Р,С дәрумендері, омега-3, аминқышқылдары (глутамин, аспарагин, цистин және т.б.), сондай-ақ, жаңғақтарда А дәрумені мен В тобының, магний, мырыш, калий және кальцийдің мөлшері өте жоғары.

Қорытынды. Бал қосылған жаңғақтар иммунитетке пайдалы екені сөзсіз. Жемістердегі аскорбин қышқылы организмнің қорғаныш функцияларын ынталандырады және сақтайды, ал К дәрумені ақуыз синтезі процесінде өте қажет – патогендік микроорганизмдермен инфекцияға иммундық жауап болады. Бал, өз кезегінде, ағзаның қорғаныс тосқауылын күшейтетін биохимиялық реакциялардың катализаторы ретінде де белгілі. Сонымен қатар, ол қабынуға қарсы қасиеттерге ие, сондықтан оны жаңғақтармен біріктірудің артықшылықтары айқын ғана емес, сонымен қатар көп қырлы. Мидың жұмысына пайдасы, ең алдымен, құрамында глюкозаның көп мөлшері бар балмен байланысты. Бұл орталық жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі және интеллектуалды белсенділік үшін өте қажет. Жаңғақтар өз кезегінде когнитивті процестерді реттеуге көмектеседі. Май

қышқылдары, сондай-ақ А және Е дәрумендері қысқа және ұзақ мерзімді есте сақтау қабілетіне жақсы әсер етеді. В дәрумендері мен аскорбин қышқылы жүйке жүйесінің қызметі үшін өте маңызды. Олар күнделікті қажеттілікті қамтамасыз етіп қана қоймай, резервтік қорды құру үшін жаңғақтарда жеткілікті мөлшерде кездеседі. Сонымен В1 дәрумені (тиамин) жүйке жасушаларын энергиямен қамтамасыз ету үшін қажет. Рибофлавин (В6) Альцгеймер ауруының дамуына жол бермейді. В5 дәрумені (пантотен қышқылы) стресстен кейін жүйке жасушаларын қалпына келтіру үшін қажет. Когнитивті функция, есте сақтау, логикалық ойлау және есептеу қабілеті организмдегі С витаминінің мөлшеріне тікелей байланысты.

Әдебиеттер

1. Серикова А.Т., Дюсембаев С.Т., Тихомирова Е.Ю. Практикум по ветеринарно-санитарной экспертизе продуктов растениеводства, рыбоводства и пчеловодства. – 2014. – 132 с.
2. Дюсембаев С.Т., Серикова А.Т., Ветеринариялық-санитариялық сараптау практикумы. – Б. 204-261.
3. Боровков М.Ф. Ветеринарно-санитарная экспертиза с основами технологии и стандартизации продуктов животноводства. – СПб.: Издательство «Лань», 2007. – С.390-416.
4. Ежкова М.С. Ветеринарно-санитарная экспертиза. Ч.2. Биологическая безопасность сырья и продуктов животного происхождения. – Казань: КНИТУ, 2013. – 188 с.

ҒТАХР: 06.81.23

А.С. Төлеубекова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: А.Т. Серикова, в.ғ.к., аға оқытушы

КӨКӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІСТЕРДЕГІ НИТРАТТАРДЫ АНЫҚТАУ

Мақалада ауылшаруашылық өнімдерінде көп мөлшерде нитраттардың жиналуын анықтау туралы ақпарат келтірілген. Нитраттар адамдардың улануын тудырады, денсаулығын нашарлатады. Көкөністердегі нитраттардың құрамын және олардың зиянды әсері зерттелді. Көкөністер мен жемістердегі нитраттарды анықтау үшін талдаудың жедел әдісі жасалды. «SOEKS» маркалы құрылғы Семей базарларындағы көкөністер мен жеміс құрамындағы нитраттарды анықтау үшін қолданылған.

Көкөністер мен жемістер адам ағзасына қажетті дәрумендер мен минералдардың жеткізушісі болып табылады. Сонымен қатар, пайдалы заттармен қатар, өсімдіктерде жиналатын және ағзаның улануын тудыратын қауіпті заттар адам ағзасына енеді. Бұл қауіпті заттар-нитраттар. Өсімдіктерде нитраттардың болуы қалыпты жағдай, өйткені олар осы организмдерде азот көзі болып табылады, бірақ олардың көбеюі жағымсыз, өйткені олар адамдар мен ауылшаруашылық жануарларына өте улы. Семей қаласының сауда нүктелерінің сөрелерінде азот қышқылы тұздарының жоғары концентрациясы бар өнімдердің қауіпі үлкен және олардың халыққа әсері өте ауыр.

Өзектілігі: өсімдік шаруашылығы өнімдерімен адам ағзасына енетін нитраттар денсаулыққа теріс әсер етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы-көкөністерде жемісте нитраттардың болуын анықтау; нитраттармен уланудың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу; адамның назарын денсаулыққа пайдалы тағамдардың сапасына аудару.

Зерттеу тақырыбы: көкөніс жеміс сатылатын дүкенінен сатып алынған көкөністер мен жемістер.

Мақсаты: дүкендерде сатып алынған көкөністерде, жемістерде нитрат мөлшерінің асып кету жағдайларын анықтау.

Көкөністер мен картоп нитраттардың негізгі жеткізушілері болып табылады. Нитраттар-азот қышқылының тұздары, мысалы: NaNO_3 , KNO_3 , $\text{Mg}(\text{NO}_3)_2$. Олар азотты зат алмасудың қалыпты өнімдері, кез-келген тірі организм – өсімдіктер мен жануарлар-сондықтан табиғатта құрамында "нитрат" жоқ өнімдер жоқ.

Нитраттар – көкөністер мен жемістердің пісуін тездету, көбірек өнім алу үшін топырақты тыңайту үшін қолданылатын азот қышқылының тұздары. Бұл тыңайтқыштардың минусы-нитраттар ауылшаруашылық өнімдерінде жиналып, тамақпен бірге адам ағзасына еніп, ас қорыту процесінде

нитритке айналады. Бұл қауіпті, өйткені қанның оттегін тасымалдау қабілеті төмендейді. Сонымен қатар, нитраттар қауіпті канцерогендерге айналуы мүмкін.

Егер құрамында азотты қосылыстары бар көкөністер мен жемістерді үнемі жесе, асқазан-ішек жолында нитрозаминдер – улы канцерогендер түзіле бастайды. Бастапқыда олар созылмалы шаршау мен витамин тапшылығына ұқсас белгілерді тудырады: тұрақты бас ауруы; бас айналу; жүрек аймағындағы ауырсыну; жалпы әлсіздік пен апатия.

Зерттеу нысандары ретінде Семей қаласының дүкендерінен сатып алынған көкөністер мен жемістер алынды. Көкөністер мен жемістердегі нитраттардың құрамын сыртқы түрі бойынша анықтау қиын немесе мүлдем мүмкін емес, сондықтан бұл жұмыста нитраттардың құрамын анықтау «SOEKS» құрылғысы көмегімен жүргізілді. Зерттеу нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Осы тақырып бойынша әдебиеттерді зерттей отырып, олар бірқатар көкөністер мен жемістерге нитрат-тестер құрылғысымен эксперименталды түрде анықталды. Тәжірибелердің нәтижелерін 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Көкөністер мен жемістер құрамындағы нитраттардың анықталған мөлшері.

Зерттелінетін жемістер және көкөністер	Нитрат мөлшері нормада	Зерттеу нәтижесі
Алма грэнни Қытай	60 мг/кг	46 мг/кг
Алма Черный принц Польша	60 мг/кг	23 мг/кг
Алма Венгерка Польша	60 мг/кг	94 мг/кг
Алма голден	60 мг/кг	21 мг/кг
Киви Қытай	60 мг/кг	103 мг/кг
Апельсин Египет	60 мг/кг	87 мг/кг
Мандарин Марокко	60 мг/кг	90 мг/кг
Мандарин Түркия	60 мг/кг	59 мг/кг
Банан	200 мг/кг	138 мг/кг
Шалған	1500 мг/кг	278 мг/кг
Сәбіз	250 мг/кг	124 мг/кг
Картоп Бесқарағай	250 мг/кг	198 мг/кг
Алмұрт	60 мг/кг	66 мг/кг

Осы тақырып бойынша әдебиеттерді зерттей отырып, бірқатар көкөністер мен жемістерге нитрат-тестер құрылғысымен эксперименталды түрде анықталды. Тәжірибелердің нәтижелерін 1-кестеден көруге болады.

Жүргізілген тәжірибелер барысында киви, апельсин, мандарин, алмұрма және сәбіз ең "қауіпті" екендігі анықталды. Сондықтан оларды жеуге болмайды. Көкөніс, жемістерде нитраттардың құрамын азайту үшін:

- 1) жасыл көкөністерді (ақжелкен, аскөк және т.б.) тікелей күн астында суға салу керек
- 2) қызылша, цуккини, қырыққабат, асқабақты кішкене текшелерге кесіп, жылы сумен 2-3 рет құйып, оларды 5-10 минут ұстау қажет;
- 3) көкөністер мен жемістер термиялық өңделеді (қайнатылады), сондай-ақ құрамындағы нитраттардың мөлшерін маринадтау, тұздау, өңдеу азайтады.
- 4) кептіру, шырын дайындау нитраттардың құрамын арттырады.

Қорытындылай келе, менің зерттеуімнің мақсаты көкөністер мен жемістердің құрамындағы нитрат мөлшерін анықтау және адам организміне қауіптілігін алдын алу үшін зерттеу жүргізу. Әр түрлі қаланың базарларынан шетелден келген жемістер мен көкөністерді нитрат мөлшеріне зерттеу жүргіздім.

Әдебиеттер

1. Чупрова В.В., Ермолаева В.А. Методы определения нитратов в растительной продукции // Успехи современного естествознания. – 2012. – 192 б.

6 СЕКЦИЯ: ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ҚАРЖЫНЫ ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРІ

СЕКЦИЯ 6: СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ РАЗВИТИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА И ФИНАНСОВ В МИРЕ И КАЗАХСТАНЕ

МРНТИ: 06.52.17

К.Н. Тусипова

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: **Б. Қуантқан**, к.э.н., и.о.ассоц.профессор

ФИНАНСОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ И ПУТИ ЕЕ ПОВЫШЕНИЯ

Финансовая грамотность – это умение, которое способствует грамотному распределению бюджета и принятию верных финансовых решений физическим лицом. Финансовая грамотность гарантирует, что человек сможет разумно планировать свои расходы и доходы, осуществлять финансовые операции (покупку-продажу движимого и недвижимого имущества и других необходимых товаров, оплату коммунальных платежей, погашение кредитов), а также ориентироваться на правильные инвестиции и сбережения [4].

Посмотрев сегодня на развитые страны, можно заметить, что в них создаются сберегательные фонды как личные, так и корпоративные, население этих стран осуществляют пенсионные накопления как обязательные, так и добровольные. В странах дальнего зарубежья так же сильно развиты различные виды страхования, их население активно участвует в биржевой фондовой торговле, покупая и продавая не только акции, но и облигации различных фирм или компаний, исходя из этого можно констатировать, что жители данных стран финансово грамотны.

Финансовая грамотность в Казахстане

Если опираться на данные, которые были предоставлены руководителем управления повышения финансовой грамотности Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка Сауле Ынтыкбаевой, то в прошлом году индекс финансовой грамотности граждан РК составил 39,5%, в то время как средний показатель развитых стран 55%. В 2020 году этот индекс в Восточной-Казахстанской области составил 30,1% [2].

В большинстве навыками финансового менеджмента овладели люди старше 30 лет, они вовремя оплачивают счета, следят за доходами и расходами. Молодое и старшее поколение признают, что тратят больше, чем получают. Судя по опросу, проведенному capital.kz 68% участников опроса, попадали в ситуации, когда их доход не мог покрыть затраты [3].

Согласно данным «Казинформ» 23 мая 2022 года [1]:

Самые популярные финансовые услуги (%)	Наименее популярные финансовые услуги (%)
Товарный кредит (37,4)	Пенсионный аннуитет (1,08)
Текущий счет (32,6)	Образовательный депозит (0,72)
Банковский депозит (29,3)	Акции и облигации (0,16)

Также подписание финансовых документов является значимым фактором для оценки финансовой грамотности населения. В 2022 году 45,2% опрошенных людей утверждали, что, подписывая договор с финансовой организации, читают условия тщательно [3].



На что следует обратить внимание людям, которые хотят стать финансово грамотными?

- Часть дохода обязательно должна быть направлена на сбережения;
- План оплаты должен быть составлен путем написания расходов;
- Определенно не следует превышать сумму составляющей Ваш доход;
- Финансовые планы должны быть долгосрочными и реалистичными;
- Расходы домашних хозяйств должны контролироваться;
- Дети также должны быть включены в тему при обсуждении домашнего бюджета;
Бүгінгі күні энергия мен шикізат үшін биомассаны пайдаланудың көптеген әртүрлі технологиялары кең ауқымды енгізілу сатысында. Биомассаның өнімді түрлерін іздеу перспективалық көздер ретінде фототрофты микроорганизмдерді алға тартты. Мұндай биотехнологиялық процестерді әзірлеу кезінде қолданылатын биомассадан әртүрлі мақсатты өнімдерді алу мүмкіндігін ескеріп қана қоймай, сонымен қатар қоршаған ортаға ең аз әсер ететін қауіпсіз өндірісті ұйымдастыру маңызды [1]. Бұл талаптарды микробалдырлардың биомассасы толығымен қанағаттандырады.

Микробалдырлар – табиғатта кең таралу аймағымен (теңіздер, өзендер, көлдер, топырақ) және көптеген түрлерімен сипатталады. Ең көп таралған бір жасушалы қарапайым фотосинтездеуші микробалдыр - хлорелла. Хлорелла жасушалары шар тәріздес, өлшемі 2–12 мкм, бірақ түріне, өсіру жағдайларына және жасына байланысты олар 50 мкм жетуі мүмкін [2].

Chlorella vulgaris штамы берілген мақсатқа қажетті бірқатар қасиеттерге ие: планктондығы; қоректік ортада жасушалардың біркелкі таралуы; жасушалардың жабыспауы және тұнбаға түспеуі; вирустар мен бактерияларға төзімділік көрсетуі; ұзақ уақыт анабиоз күйінде сақталуы.

Бүгінгі күні хлорелланың биологиялық белсенділігі оның бай дәрумендік құрамымен, ақуыздың және полиқаньқапаған май қышқылдарының, пигменттердің жоғары мөлшерімен байланысты [3].

Хлорелла мал шаруашылығында және құс шаруашылығында жемдік қоспа ретінде қолданылады және салмақ қосуды 35%-ға дейін, сүт өнімділігін 20%-ға дейін, тауықтың жұмыртқа өнімділігін 30%-ға дейін арттырады. Сондай-ақ жасыл биоазықтың құндылығы жем шығынын 10-15%-ға азайтады және мал мен құстың түрлі ауруларға төзімділігін арттырады [4].

Спер және Милнер [5] тәжірибелерінде минералды қоректену, жарық және температуралық жағдайларды өзгерту арқылы қоректік заттардың әртүрлі қатынасы бар микробалдырларды өсіруге болатынын көрсетті, мысалы, 8,7-58% ақуыз, 5,7-37,5% көмірсу және 4,5-85,6% май. *Chlorella vulgaris* микробалдырларының ақуыздық құрамын Хайами мен Чино, Фишер және Берлю, Фоуден, Томме және Алексеев зерттеген [5]. Олардың зерттеулері бойынша, хлорелла құрамында сыра ашытқысына, соя ұнына немесе майсыздандырылған сүт ұнтағына қарағанда көбірек ақуыз бар.

Соңғы жылдары микробалдырлар протеиннің перспективті продуценттері болып саналады, өйткені олардың өсімдік шикізатымен және теңіз өнімдерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар. Оларға мыналар жатады: қарапайым орталарда биомассаның тез жиналу жылдамдығы, отырғызуға жарамсыз жерлерде биомассаны өсіру мүмкіндігі, жасушаларда 60% дейін ақуыздардың синтезі және жинақталуы [1].

Зерттеу жұмысының мақсаты: Зертханалық жағдайда микробалдырларды өсіріп, олардың биомассасында ақуыздарды анықтау.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы. Зерттелетін *Chlorella Vulgaris* микробалдыр ақуыздар продуценті ретінде тиімді болып табылады. Алынған нәтижелерді практикада микробалдырдан ақуыз препараттарын алу технологиясын жасаудың ғылыми негізі ретінде ұсынуға болады.

Зерттеу нысаны: *Chlorella vulgaris* біржасушалы балдыры.

Зерттеу әдістері: Вегетациялық тәжірибе, титриметриялық әдіс, вариациялық статистика әдісі.

Жасуша биомассасын өсіру процесінде *Chlorella vulgaris* микробалдырларының қалыпты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін келесі шарттарды сақтау қажет: микро- және макроэлементтердің оңтайлы концентрациясы, жарық деңгейі және рН, температура, CO₂ концентрациясы [5].

Микробалдырлардың *Chlorella vulgaris* жасушаларын өсіру үшін орғано-минералды тыңайтқыш және Тамия қоректік ортасында вегетациялық тәжірибе әдісі жүргізілді. Тамия ортасы микробалдырларды интенсивті өсіруге ең қолайлы орта болып саналады. *Chlorella vulgaris*

биосинтезінде ақуыздың көзі ретінде қоректік ортада азоттың жоғары мөлшері қажет. Тамия ортасы құрамындағы азот концентрациясының жоғары болуына (KNO_3 -5 г/л) байланысты қолайлы саналды.

Вегетациялық тәжірибеде реакторлар ретінде сыйымдылығы 400 см³ мөлдір түссіз шыны бөтелкелер қолданылды. Реакторларға 100±5см³ көлеміндегі балдыр суспензиясы құйылды. Тұрақты температураны ұстап тұру үшін температура тұрақтандырғышН-360 пайдаланылды. Оңтайлы өсіру температурасы 28-29°С. Ортаның рН 7-8 құрады.Өсіру кезінде балдыр суспензиясы күн жарығымен сәулелендірілді. CO₂ концентрациясы 0,04%-ды құрады және компрессор AR-106 арқылы таратылды.

Chlorella vulgaris микробалдырларының биомассасының суспензиядан бөлу центрифуга CENTRIFUGE CM-6М арқылы 3500 мин⁻¹ 5 минутқа айналдыру арқылы жүргізілді.Биомассаны кептіру пеште SNOL 58/350 LPF55-60°С температурада жүргізілді (1-сурет) [1].Тамия және орғано-минералды тыңайтқыш орталарда 30 күн уақыт аралығында өсірілген балдырдың кептірілгеннен кейін шыққан массалық мөлшері(г/л): 2,45 және 1,65 сәйкес болды. Хлорелла құрамындағы ақуыз мөлшері титриметриялық анализ әдісі арқылы анықталды [6]. Тамия ортасында өсірілген хлорелланың құрғақ массасында 34,17%-ы ақуыз жинақталды.Орғано-минералды тыңайтқышта өсірілген хлорелланың құрғақ массасының 25%-ы ақуыз құрады.



1 сурет – Балдыр биомассасының кептірілген күйі

Қорытынды:

1. Зертханалық жағдайда орғано-минералды тыңайтқыш және Тамия қоректік орталарында микробалдырлар өсірілді.

2. Микробалдырлар биомассасынан ақуыздарды анықтау мақсатындағы химиялық талдау жүргізілді.

3. Эксперименттік зерттеулер нәтижесінде өсіру кезінде хлорелланың құрамындағы ақуыздың максималды концентрациясына жету үшін қажетті қоректік Тамия ортасы анықталды.

Әдебиеттер

1. Гамко Л.Н., Уфимцев Д.К. Хлорелла и ее хозяйственное использование: монография. – Брянск: Издательство Брянской ГСХА, 2010. – С. 3-9.
2. Мещерякова Ю.В. Разработка технологического процесса получения биодобавок из липидных компонентов микроводоросли хлорелла для улучшения свойств дизельного топлива: диссертация ... кандидата технических наук: 05.20.01. – 2016. – С. 17.
3. Safi C., Zebib B., Merah O., Pontalier P.Y., Vaca Garcia C. *Chlorella vulgaris* морфологиясы, құрамы, өндірісі, өңдеуі және қолданылуы: шолу. – 2014. – С. 267-274.
4. Аужанова Н.Б. Морфологическая и систематическая характеристика хлореллы. Ее производство и применение // Научный вестник. – 2014. – № 1. – С. 124.
5. Сальникова М.Я. Хлорелла – новый вид корма. – Москва: Колос, 1977. – С. 51-53.
6. Дворецкий Д.С., Дворецкий С.И., Темнов М.С. Технология получения липидов из микроводорослей [Электронный ресурс]: монография /– Тамбов : Изд-во ФГБОУ ВПО «ТГТУ», 2015. – 1 электрон. опт. диск (CD-ROM).
7. ГОСТ 13496.4-93. Корма, комбикорма, комбикормовое сырье. Методы определения содержания азота и сырого протеина. – Введ. 1995-01-01. – Москва: Изд-во стандартов, 2011. – С.41-47.

Е.М. Зенкова

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»
Научный руководитель: **Л.К. Оразжанова**, к.х.н., ассоциированный профессор
кафедры «Химической технологии и экологии»

СИНТЕЗ ГИДРОГЕЛЕЙ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РОСТ И РАЗВИТИЕ ТОМАТНЫХ РАСТЕНИЙ

Синтез гидрогелей и исследование их свойств является актуальным в научной среде, так как расширяют теоретические знания о структуре и свойствах полимерного материала и имеют прикладное значение в связи с широким практическим использованием в различных областях промышленности, науки и техники [10].

Исследование влияния гидрогелей на рост и развитие томатных растений имеет большую актуальность в современном сельском хозяйстве, где эффективное использование ресурсов становится все более важным [11, 13]. Исследование влияния гидрогелей на томатные растения является особенно важным, так как томаты являются одной из самых популярных овощных культур, которые выращиваются в разных условиях [7].

По литературным сведениям, множество исследований показали положительный эффект использования гидрогелей на рост и развитие томатных растений.

Гидрогели, обладающие способностью задерживать и высвобождать воду по мере необходимости, могут значительно увеличить урожайность растений при снижении затрат на полив и снизить влияние неблагоприятных условий, таких как засуха или переувлажнение, на развитие растений [5].

Гидрогели, полученные из мономеров метакриловой кислоты, так же могут повысить эффективность удобрений и защиты растений от болезней и вредителей, а также он способствует увеличению поглощения воды корнями томатных растений и уменьшению частоты поливов [16].

Целью исследования является синтез гидрогеля на основе метакриловой кислоты и изучение его влияния на рост семян томата.

Для достижения поставленной цели были выполнены задачи: получение гидрогеля на основе метакриловой кислоты, исследование кинетики набухания гидрогеля, а также изучение влияния гидрогеля на прорастание семян.

Гидрогели на основе метакриловой кислоты были получены методом радикальной полимеризации. Для получения гидрогеля рассчитанное количество мономера, растворенного в воде, помещали в емкость для синтеза, добавили сшиватель – метиленбиакриламид, затем продували аргоном в течение 15 минут для удаления воздуха. Затем добавляли инициатор - пероксодисульфат аммония. Полученную реакционную смесь нагревали на водяной бане в течение 30 минут при температуре от 65 до 80 °С до формирования гидрогеля.

Полученный гидрогель тщательно промывали дистиллированной водой и высушивали в изопропиловом спирте в течение недели. Образец гидрогеля разрезали на равные части, высушивали при комнатной температуре и использовали для дальнейшего исследования [3].

Изучение влияния гидрогеля на прорастание семян томатов проводилось в лабораторных условиях в течение 14 недель. Посадка семян томатов проводилась с использованием почвы без гидрогеля (контроль) и почвы с гидрогелем для сравнительного анализа [9].

При посадке томатов контрольная земля перемешивалась для рыхлости, насыпалась в горшочки и семена томата помещались в ямку глубиной 2 см [1]. рН водной вытяжки почвы составил 6,4 [8,15].

При посадке томатов в землю с гидрогелем было добавлено 1,5 г сухих гранул гидрогеля, земля тщательно перемешивалась и семена помещались в ямку глубиной около 2 см [12].

Исследование кинетики набухания показало быстрый и равномерный процесс набухания. Степень набухания, определенная весовым методом, составила 4,37 г/г [2]. Гидрогель обладает хорошей способностью задерживать воду и удерживать ее в течение продолжительного времени [1].

Ранее проведенные экспериментальные исследования свойств гидрогеля на рост и развитие различных растений показали возможность использования гидрогеля в качестве дополнительного источника влаги [5]. Гидрогели способны удерживать питательные вещества в почве и предотвращать их потерю из-за вымывания, что способствует увеличению эффективности удобрений [4].

Изучение влияния гидрогеля на основе метакриловой кислоты на прорастание семян, показало, что гидрогель на основе метакриловой кислоты способствует более быстрому и одновременному прорастанию семян [14]. Так, на почве с гидрогелем проростки взошли на пятый день, тогда как на контрольной почве они взошли на девятый день. Исследование на томатном растении показали, что использование гидрогеля в почве способствует увеличению количества побегов и повышению общей продуктивности растения [6].

Таким образом, методом радикальной полимеризации был получен гидрогель на основе метакриловой кислоты. Исследование кинетики набухания гидрогеля показало хорошую набухающую способность гидрогеля. Гидрогель на основе метакриловой кислоты является эффективным способом создания водоудерживающего, безопасного и вовсе не токсичного материала, который может использоваться в земледелии. Использование гидрогеля в почве требует более тщательного исследования и оценки его влияния на рост и развитие растений.

Литература

1. Рейтлингер С.А. Проницаемость полимерных материалов // М.: Химия. – 2004.
2. Ширинов Ш.Д., Джалилов А.Т. Исследование кинетики набухания синтезированных гидрогелей на основе гидролизованного полиакрилонитрила // Universum: Химия и биология :электрон.научн. журн. – 2018. – № 3(45).
3. Букина, Е.П., Чернышева, Е.И., & Байкова, Л.Ю. Исследование влияния условий синтеза на свойства гидрогелей на основе метакриловой кислоты // Вестник ТвГУ. Серия: Химия. – 2014 (3), 114-119.
4. Овчинникова О.М. «Исследование физико-химических свойств гидрогеля на основе полиакриламида»[<https://infourok.ru/issledovatel'skaya-rabota-na-temu-issledovanie-fiziko-himicheskikh-svoystv-gidrogelya-na-osnove-poliakrilamida-5713784.html>] (27.01.2022)
5. Борисевич А.Д. Исследовательская работа «Влияние гидрогеля и силикагеля на рост и развитие растений» [<https://eee-science.ru/item-work/2021-3330/>]
6. ТатьянаО. Проращивание семян томатов в гидрогеле [<https://floristics.info/ru/stati/ogorod/7277-prorashchivanie-semyan-tomatov-v-gidrogele.html>] (17.03.2023)
7. Domvsadu Гидрогель для растений: как применять в огороде и сократить поливы [https://7dach.ru/dom_v_sadu/gidrogel-dlya-rasteniy-kak-primenyat-v-ogorode-i-sokratit-polivy-274410.html] (30.06.2021)
8. Медведева А. Выращивание помидоров по принципу увеличения урожая: томатные правила [<https://www.agroxxi.ru/zhurnal-agromir-xxi/stati-rastenievodstvo/vyraschivanie-pomidorov-po-principu-uvlichenija-urozhaja-tomatnye-pravila-2021.html>] (04.02.2021)
9. Щербинина п. Что такое гидрогель и как его использовать в саду, огороде, цветнике [<https://www.ogorod.ru/ru/now/soil/13277/CHto-takoe-gidrogel-i-kak-ego-ispolzovat-v-sadu-ogorode-cvetnike.htm>] (12.12.2022)
10. IMARINA Гидрогель – что это такое? Виды гидрогеля. Как применяется? [<https://ogorodland.ru/udobreniya/gidrogel-chto-eto-takoe-vidy-gidrogelya-kak-primenyaetsya/>] (03.04.2018)
11. Agro-Market24 Как использовать гидрогель для растений [<https://agro-market24.ru/blog/sovety-i-rekomendatsii/kak-ispolzovat-gidrogel-dlya-rasteniy/>]
12. Vusadebke Гидрогель для растений – зачем нужно это средство? [<https://vusadebke.com/ogorod/udobreniya/gidrogely.html>] (28.07.2018) glav-dacha Гидрогель для рассады — новый помощник овощевода [<https://glav-dacha.ru/gidrogel-dlya-rassady/>] (04.10.2014)
13. Кобыляцкая В.А. Влияние гидрогеля на скорость прорастания семян [<https://infourok.ru/issledovatel'skaya-rabota-na-temu-vliyanie-gidrogelya-na-skorost-prorastaniya-semyan-3754202.html>] (30.05.2019)
14. Филиппова О.Е. “Умные” полимерные гидрогели [http://vivovoco.astronet.ru/VV/JOURNAL/NATURE/08_05/GELS.HTM#3] (2005 г.)
15. Шабаров П.А., Сафронов А.П. Взаимодействие гидрогелей на основе сополимеров акриламида с акриловой и метакриловой кислотами с водой [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/70612/1/978-5-7996-1145-4_2015_039.pdf]

А.Е. Бекзатова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
 Ғылыми жетекшесі: **А.Н.Сабитова, PhD,**
 «Химиялық технология және экология» кафедра меңгерушісі

ЖЕМІС ПЕН ӨСІМДІК ТЕКТІ ЗАТТАРДАН ПЕКТИН АЛУ

Өзектілігі: Қазіргі уақытта пектиндердің қасиеттерін зерттеу ерекше орын алады. Олар α -1,4-байланысқан D-галактурон қышқылының қалдықтарынан және α -1,2-рамноза бірліктерінен, сондай-ақ арабинозаны, галактозаны және басқа қанттардың аз мөлшерін қоса алғанда, сонымен қатар көп мөлшерде бейтарап қанттардан тұратын полисахаридтер [1]. Пектиннің ең көп мөлшері жемістер мен тамыр дақылдарында кездеседі. Өнеркәсіпте пектинді алма сығындысынан, қызылшадан, күнбағыс себеттерінен алады. Пектиндердің қоршаған орта үшін маңыздылығын анықтайтын бірнеше биологиялық және функционалдық сипаттамаларға ие, сонымен қатар олар қазіргі әлемде: тамақ, медициналық, косметологиялық салаларда үлкен қолдануды табады, бұл осы тақырыптың өзектілігін көрсетеді [2].


Жұмыстың мақсаты: Жеміс пен өсімдік текті заттардан пектинді алу, физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, пектин-металлокомплекстерін алу.

Жұмыстың мақсатына байланысты қойылатын міндеттер:

1. Жеміс пен өсімдік текті заттардан пектин алу;
2. Алынған пектинді заттарға сапалық реакцияларын зерттеу;

Өртүрлі өсімдік шикізатының түрлерінде окшауланған пектиндердің құрамы, функционалдық қасиеттері, карбоксил топтарының таралуы, сондай-ақ пектин молекуласының ұзындығы және этерификация дәрежесі бойынша ерекшеленеді. Олардың қолданылуын анықтайтын пектиндердің маңызды қасиеттерінің бірі-гель және комплекс түзуші қабілеттері [3].

1848 жылы Фреми пектинді екі фракцияға бөлді-еритін (гидропектин) және ерімейтін (протопектин). Метоксил топтарының санына және полимерлену дәрежесіне байланысты пектиндер жоғары және төмен эфирленген болып бөлінеді. Н-пектин жоғары эфирленген, этерификация дәрежесіне ие, яғни пектин қышқылының әрбір 100 карбоксил тобына эфирленген карбоксил топтары санының қатынасы 50%-дан астам ; L-пектин төмен эфирленген, этерификация дәрежесі 50%-дан төмен [4].



1 сурет – Пектиннің құрылымдық формуласы

Пектин – қайталанатын бірліктердің ұзын спиральды бұралған тізбегі және жоғары молекулалық салмағы бар полисахарид, лиофильді коллоидтық қасиеттерге ие. Басқа табиғи коллоидтардан айырмашылығы (желатин, агар-агар) пектин қант пен қышқыл немесе поливалентті металдардың қатысуымен ғана гельге өтеді.

Өсімдіктерден алынған пектин кептірілген күйінде ақ немесе сұр-қоңыр түсті ұнтақ болады. Бірақ өндіру көзіне, тазарту дәрежесіне байланысты түстері де әртүрлі болады. Оның иісі жоқ, тіл сынағы кезінде шырышты. Пектин суда ериді, әсіресе қыздырылған кезде спиртпен және басқа органикалық еріткіштермен тұндырылады. Температура 150 °С-тан жоғары көтерілгенде, пектин ыдырайды, хлор иондарының қатысуымен тез ыдырайды. Пектин ерітінділері оптикалық белсенді, оң айналмалы, меншікті айналудың рН мәні 3,0-6,5 болғанда тұрақты болады [2].

Пектин алу үшін жаңа, сульфиттелген және кептірілген шикізат қолданылады. Құрамында пектин бар шикізатты кептіру және қайта өңдеу, негізінен сақтау мерзімін ұзарту қажеттілігінен туындаған. Кептірілген шикізатта микробиологиялық және физика-химиялық процестер баяулайды, нәтижесінде сақтау нәтижесінде пектиндік заттардың мөлшері мен сапасы аздап өзгереді.

Пектинді құрамында пектин бар биомассадан экстракция арқылы алынады. Экстракцияны екі валентті катиондарды байланыстыратын комплекс түзгіштердің қатысуымен (аммоний оксалаты, натрий гексаметафосфаты, этилендиаминтетрацет қышқылы), сұйытылған ыстық қышқылдармен (тұз, қымыздық) немесе ыстық сумен жүзеге асырылады. Экстракция кезінде протопектин ыдырайды.

Алынған пектин спиртпен тұндырылады. Алынған пектиндерді қайта тұндырылу арқылы тазартады (еріткіш – су, тұнба – этил спирті). Экстракциядан кейін эфирлену дәрежесі реттеледі, кейін кептіру, ұнтақтау және стандарттау [7].

Жемістердің пектиндік заттарының бастапқы мөлшерінің 80%-ға дейін болады. Пектиндер жасуша қабырғаларында, целлюлоза, гемицеллюлоза және басқа заттармен бірге көп мөлшерде кездеседі. Өсімдіктердегі пектиндік заттар биологиялық процестерді жүзеге асырудың белгілі бір аспектілерін құрайды. Мысалы, өсімдік организмдерінің құрғақшылыққа немесе белгілі бір жағдайларға байланысты ұзақ мерзімге төзімділігін арттырады [5].

Өнеркәсіпте пектиндер алма шырынынан, цитрус жемістерінің қабығынан, қызылша сығындысынан, күнбағыс себеттерінен алынады. Бұл жағдайда пектин алудың әртүрлі технологиялары қолданылады. Көпшілігінде өсімдік шикізатынан пектиндік заттар әдетте 0,1 н тұз немесе басқа қышқыл ерітіндісімен қыздырылған кезде алынады; сығынды пектиндік заттарды спиртпен тұндырады, сүзеді және қайта тұндырады [6].

Қазақстанда пектин өнеркәсібінің өндірісі жоқ. Пектиндік заттар тек шет елдерде өндіріледі. Сондықтан Қазақстанда бір кг пектиннің орташа бағасы АҚШ-тың \approx 333 долларын құрайды, бұл өте қымбат. Бұл республикада пектин өндірісін жолға қою қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

1. Апельсин, алма, лимон жемістерінен пектин экстракция әдісі арқылы алынды.
2. Апельсинен пектиннің шығымы 0,24 %; лимоннан пектиннің шығымы 0,55%; алмадан пектиннің шығымы 2,03%.
3. Алынған апельсин пектинінің физика-химиялық қасиеттері зерттелді: рН=3,62; ылғалдылығы: 4,2%; күлділігі: 14%; этерификация дәрежесі: 27,09%; бос карбоксил топтарының құрамы: 8,5 %; ісіну дәрежесі: 6,4 %.

Әдебиеттер

1. Mironov V.F., Arkhipova D.M., Khabibullina A.V., Mironova L.G., Zakirova Y.M. Milyukov V.A. Biological Activity and Pharmacological Application of Pectic Polysaccharides: A Review // Polymers. – 2018. – P. 31.
2. Аверьянова Е.В. Пектин: Методы выделения и свойства. – 2015. – С. 42.
3. Созаева Д.Р., Джабоева А.С., Шаова Л.Г., Цагоева О.К. Содержание пектиновых веществ в различных видах плодовых культур их физико- химические свойства // Вестник Воронежского государственного университета инженерных технологий. – 2016. – № 2. – С. 170-174.
4. ГОСТ Р 51806-2001. Пектин. Термины и определения. – Введ. 2002-07-01. – Москва: Изд-во стандартов, 2011.
5. Поткина Г.Г., Ляшевская Н.В., Кузнецова О.В. Пектиновые вещества плодово-ягодных культур // Биоразнообразие, проблемы экологии Горного Алтая и сопредельных территорий: настоящее, прошлое, будущее: материалы второй межрегиональной научно-практической конференции. – Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2016. – С. 123.
6. Бондарь С.Н., Голубев В.Н. Экстрагирование свекловичного пектина // Пищевая промышленность. – 1992. – № 12. – С. 18-19.
7. Донченко Л.В., Фирсов Г.Г. Пектин: основные свойства, производство и применение. – М.: ДеЛипринт, 2007. – 276 с.

FTAХР: 31.25.15

А.Ж. Аркашева, А.Ә. Жардамова, Қ.Н. Самалхан
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **А.Н. Кливенко**, PhD, аға оқытушы

АКРИЛАМИД ЖӘНЕ НАТРИЙ АКРИЛАТЫ НЕГІЗІНДЕГІ ГИДРОГЕЛЬ АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ

Мұнай кен орындарын игеру кезінде өндірілетін мұнайдағы судың жоғары болу проблемасы туындайды. Жоғары сулану проблемасын полимерлі су басу технологиясы және алдын ала дайындалған гель бөлшектерін қолдану арқылы түзетеді (PPG). Мұнай өндіруді арттыру технологиясында қолдану үшін гидрогельдердің жаңа құрамы жасалды [1,2].

Зерттеу жұмысының мақсаты: Акриламид пен натрий акрилаты негізіндегі гидрогельді алу және зерттеу.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері:


1. Әртүрлі құрамдағы гидрогельдердің синтезі;
2. Дистильденген судағы ісіну дәрежесін зерттеу;
3. NaCl тұздарының әртүрлі концентрациясы бар тұз ерітінділеріндегі ісіну дәрежесін зерттеу;

Зерттеу жұмыстарының практикалық маңыздылығы: Жұмыстың практикалық маңыздылығы алынған материалдарды қабаттардың мұнай өндірісін арттыру технологиясының құрамдас бөлігі ретінде қолданудан тұрады [3].


Зерттеу жұмыстарының әдістемесі мен материалдары: Зерттеу жұмысы зертханалық жағдайда жүргізілді. Акриламид, натрий акрилаты және бентонит негізіндегі гидрогель бөлшектері алынды. Гидрогельдердің сулы және тұзды орталарда ісіну процестеріне жұмыстары жүргізілді. Гидрогелдің ісіну дәрежесін гравиметриялық анализ әдісімен анықталды [4].

№	bent	H ₂ O	MBAAm	AAm	AA	NaOH
1	0,5	9,0	0,0107	0,4442	0,0450	0,0250
2	0,5	8,5	0,0214	0,8885	0,0901	0,0500
3	0,5	8,0	0,0321	1,3327	0,1351	0,0750
4	0,5	7,5	0,0428	1,7770	0,1802	0,1001
5	0,5	7,0	0,0535	2,2112	0,2253	0,1251


Зерттеу барысы: Зерттеу жұмыстары 6 кезеңнен тұрды. 1 – кезеңде, гидрогельге мономерлер, яғни метилен – бис- акриламид, акриламид, акрил қышқылы, NaOH дайындалды. 2 – кезеңде, мономерлер біріктірілу процесі жасалды. 3 – кезеңде пайда болған сұйықтыққа аргонмен үрлеу процесі жүргізілді, процестің мақсаты – сұйықтық құрамындағы артық газды шығару. 4 – кезеңде сұйықтыққа инициаторлар(амоний пероксодисульфаты, натрий пероксодисульфаты) енгізілді. Кейін 5 – кезеңде оны 60-70°C су моншасында 10 – 15 минут қыздыру жұмыстары жүргізілді. Соңғы кезеңде, тұрақты массаға дейін кептіру мақсатында 1 тәулікке кептіргіш шкафқа қалдырылды.




1 сурет – Гидрогелдің алыну реакциясы



2 сурет – Дистильденген су әсерінен гидрогельдердің ісіну дәрежесінің көрсеткіштері.



3 сурет – NaCl тұзының концентрация өзгерісі әсерінен гидрогельдердің ісіну дәрежесінің көрсеткіштері



4 сурет – Акриламид және натрий акрилаты негізіндегі гидрогельдің ИҚ – спектрлері

Қорытынды

- 1) Анализ нәтижесінде, бентонит және акриламид, натрий акрилаты мономерлердің әрекеттесуінің нәтижесінде гидрогель өнімі синтезделді.
- 2) Гидрогельдердің дистильденген суда ісіну дәрежесінің мономерлердің концентрациясына тәуелділігі зерттелді. Гидрогельдердің дистильденген суда ісіну дәрежесінің мәні 24-ден 66-ға дейін өсті.
- 3) NaCl тұзының әртүрлі концентрацияларымен ерітінділердің ісіну дәрежесін бақылауға алғанда, олардың концентрацияларының жоғарылауымен гидрогельдердің ісіну дәрежелерінің төмендеуі зерттелді. Яғни, гидрогельдердің тұздағы ісіну дәрежесінің ең жоғарғы мәні – 25, ал төменгі мәні – 18.

Әдебиеттер

1. Павляченко В.Н., Иванчев С.С. Композиционные полимерные гидрогели // Высокомолек. Соедин. Сер. А., 2009. – С. 1075-1095.
2. Ихтиярова Г.А., Нуритдинова Ф.М., Курбанова Ф.Н. Получение гидрогеля на основе бентонитовой глины и акриламида [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/poluchenie-gidrogelya-na-osnove-bentonitovoy-gliny-i-akrilamida> (дата обращения: 04.04.2023).
3. Elbert D. L. Liquid – liquid two – phase systems for the production of porous hydrogels and hydrogel microspheres for biomedical applications. // Acta Biomater., 2011. – P. 31-56.
4. Ahmed E.M., Aggor F.S., Awad A.M. An innovative method for preparation of nanometal hydroxide superabsorbent hydrogel // Carbohydr Polym. 2013. – P. 627-643.

СЕКЦИЯ 19: ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ И ИНФОРМАТИКА

ҒТАХР: 29.01.45

Б. Айтқалиева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Ғылыми жетекшісі: **А.Т. Рахимбердина**, аға оқытушы

МОЛЕКУЛА-КИНЕТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ БӨЛІМІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мектеп физика курсындағы молекула-кинетикалық теория негіздері бөлімін оқытуды теориялық білім, зертханалық жұмыстар, сонымен қоса есептер шығару арқылы оқыушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға болатыны белгілі.

Молекула-кинетикалық теория бөлімінде оқушылар жаңа материялық объектімен танысады: өте көп бөлшектерден (молекулалар мен атомдардан) тұратын жүйелер, осы жүйеге ғана тән қозғалыс формасы мен (жылулық) және энергиямен (ішкі) танысады. Осы тарауда өте көп бөлшектердің күйін сипаттауға қолданылатын статистикалық заңдылықтармен, осы арқылы қайтымсыз жылулық процестердің мағынасын ашуға болатынына көз жеткізеді. Жылулық процестердің қайтымсыздығы жылулық процестердің өзіне тән ерекшелігі, ол жылулық тепе-теңдік, температура, жылу машиналарының жұмыс істеу принципі, идеал газ заңдары туралы түсініктер беруде қолданылады.

Мұғалімнің міндеті жылулық құбылыстар мен процестердің екі әдісінің біртұтастығын талдап, түсіндіру. Термодинамикалық әдіс – энергия ұғымына, ал статистикалық әдіс заттың құрылысы туралы молекула-кинетикалық көзқарасқа негізделген. Осы екі әдістің бір ғана объектінің күйін әртүрлі тұрғыдан қарастырып, бір-бірін толықтыратынын көрсетудің маңызы зор.

Молекула-кинетикалық теория негіздері тарауында оқушылар заттың құрылымы, микроәлемге қажетті алғашқы мәліметтер алады. Молекулалық физика материяның өмір сүруінің ең басты формасы – қозғалыс дегенді дәлелдеп жылулық қозғалыс туралы ұғымды қалыптастырады. Ол жылулық қозғалыс заттың барлық агрегаттық күйлеріне тән қозғалыс. Кез-келген затты жүйе деп қарастырып және ол жүйе өте көп бөлшектерден (атом және молекулалардан) тұрады деп аламыз. Осы бөлшектердің жылулық қозғалыстарының қарқындылығын көрсететін шама температура, ал жүйенің ішкі энергиясы осы температурамен анықталатынын теориялық және практикалық жағынан түсіндіріледі. Сонымен қатар, энергияның сақталу заңдары жылулық процестер арқылы беріледі.

Молекула және атомдар материяның ең кіші бөлігі, ендеше олар да барлық заттар сияқты массаға, импульске, энергияға ие. Молекула-кинетикалық теория негіздері оқушыларда қоршаған ортаға, әлемге деген ғылыми көзқарасты оятады, оның біртұтастығына көздерін жеткізеді [1].

Молекулалық физика бөлімін оқығанда оқушылардың материя туралы алған ұғымдары туралы түсініктері терендей түседі. Молекулалар мен атомдар қоршаған ортада объективті өмір сүретін материяның заттық формасы. Ол массаға, импульске, энергияға ие. Молекулалар мен атомдарға материяға тән өмір сүру формасы, қасиеттердің бірі қозғалыс тән. Молекулалар мен атомдар жылулық қозғалысқа түседі.

Молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын оқытуда мұғалімнің алдына қоятын негізі мақсаты молекулалардың жылулық қозғалыстарының механикалық қозғалыстан айырмашылығын түсіндіру және Ньютон динамикасы заңдарының қолдану шегін айқындауы қажет. Сонымен бірге, жылулық құбылыстар мен процестерді түсіндірген кезде статистикалық және термодинамикалық әдістерді ұтымды қолдана білуге қажетті әдістемелік тәсілдер қолдануы керек. Бұл әдістер арқылы бір дененің күйін әр түрлі жолмен түсіндіре отырып, олардың бір-бірін толықтыратынына баса назар аударамыз. Осыған байланысты мұғалім температура, ішкі энергия, идеал газ, идеал газ күйінің тендеуі және т.б ұғымдарды термодинамикалық және статистикалық тұрғыдан қарастырып, олардың мазмұнын аша білуі керек.

Денені құрайтын барлық бөлшектердің немесе жүйенің қозғалысы классикалық механика заңдарына бағынады, бірақ бұл бөлшектердің қозғалысы кез-келген уақыт мезетінде кездейсоқ өзгеріп отырады, осы өзгеруге мәжбүрлеген себептерді ескеру мүмкін емес. Бөлшектер жүйесі жиынтығының қозғалысы белгілі бір заңдылықтарға бағынады, оны статистикалық деп атайды. Мысал ретінде,

бөлмедегі молекулалардың қозғалысын қарастырғанда бір молекулалық қозғалысы, жылдамдығы деген ұғымның ешқандай мағынасы жоқ, себебі ол кездейсоқ шама және ол басқа көптеген молекулалардың қозғалысымен тығыз байланысты. Ал барлық молекулалардың қозғалысын қарастырғанда берілген шарттарға сай ең ықтимал қозғалыс жылдамдығын анықтауға болады. Сондықтан ықтималдық теориясын қолданамыз. Ал, массалық құбылыстар, яғни өте көп молекулалар қатысатын құбылыстар статистикалық заңдылыққа бағынады [2].

Молекулалық физикада статистикалық заңдылыққа жататын тұжырымдар:

- өте көп молекулалар жиынтығының қасиеті жеке молекулалар қасиеттерінен басқаша. Мысалы, қысым, температура, жылу өткізгіштік, тұтқырлық молекулалар жиынтығының қасиеттері. Жеке молекулалының температурасы, жылу өткізгіштігі, тұтқырлығы туралы айтпаймыз. Сонымен жеке молекулалардың қозғалыстары механика заңдарына бағынады, бірақ молекулалар жиынтығының қозғалысы қозғалыстың жаңа формасы, ол механикалық қозғалыстан өзгеше, ол бағана жоғарыда айтылған жылулық қозғалыс, яғни молекулалардың ретсіз, бей-берекет қозғалысы.
- молекулалар жиынтығы қасиеттері мен жүйе күйін сипаттайтын үш шама қысым, көлем және температура арасында сандық байланыс бар. Мысалы, газ молекулаларының орташа кинетикалық энергиясы оның абсолют температурасына пропорционал.
- молекулалар жиынтығы қасиеттері макроскопиялық қасиеттер, ал жеке молекулалар қасиеттері микроскопиялық. Осылар арасындағы байланысты табу үшін, мысалы газ қысымы мен молекулалар жылдамдығы арасындағы байланыс үшін жеке молекулалардың орны мен қозғалыстарын білудің қажеті жоқ. Тек қана осы көлемдегі молекулалардың ықтимал санын білсе болғаны [3].

Молекулалар қозғалысын сипаттайтын шамалардың орташа мәні алынады, сондықтан қозғалыс бағыты, жеке молекулалардың жылдамдықтарының шамасы, көлемдегі молекулалар саны макроскопиялық шамаларды анықтауда ескерілмейді. Тек осы шамалардың орташа мәні ғана маңызды.

Молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын оқытуда мұғалімнің алдына қоятын негізі мақсаты молекулалардың жылулық қозғалыстарының механикалық қозғалыстан айырмашылығын түсіндіру және Ньютон динамикасы заңдарының қолдану шегін айқындауы қажет.

Сонымен бірге, жылулық құбылыстар мен процестерді түсіндірген кезде статистикалық және термодинамикалық әдістерді ұтымды қолдана білуге қажетті әдістемелік тәсілдер қолдануы керек. Бұл әдістер арқылы бір дененің күйін әр түрлі жолмен түсіндіре отырып, олардың бір-бірін толықтыратынына баса назар аударамыз.

Физиканы оқып үйрену процесі кезінде оқушыларда дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастыру мынадай элементтерді қамтиды: физикалық құбылыстардың материялық табиғатын ашып көрсету; құбылыстар арасындағы байланыстарды және оларды түсіндіру; оқып-үйренген физикалық заңдардың объективті сипатын ашу; оқушыларды табиғат заңдарын танып және оларды қолдана білуге мүмкіндігіне көз жеткізу; физикадағы ғылыми жетістіктердің ғылыми негіздерін көрсету [4].

Молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын оқытуда мұғалімнің алдына қоятын негізі мақсаты молекулалардың жылулық қозғалыстарының механикалық қозғалыстан айырмашылығын түсіндіру және Ньютон динамикасы заңдарының қолдану шегін айқындауы қажет. Сонымен бірге, жылулық құбылыстар мен процестерді түсіндірген кезде статистикалық және термодинамикалық әдістерді ұтымды қолдана білуге қажетті әдістемелік тәсілдер қолдануы керек. Бұл әдістер арқылы бір дененің күйін әр түрлі жолмен түсіндіре отырып, олардың бір-бірін толықтыратынына баса назар аударамыз. Осыған байланысты мұғалім температура, ішкі энергия, идеал газ, идеал газ күйінің теңдеуі және т.б ұғымдарды термодинамикалық және статистикалық тұрғыдан қарастырып, олардың мазмұнын аша білуі керек.

Әдебиеттер

1. Орехов В.П. Физиканы оқыту әдістемесі / В.П. Орехов. А.В. Усова және т.б. – Алматы: Мектеп, 1978. – 392 б.
2. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі.
3. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. – Алматы, 2009.
4. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.
5. Теория и методика обучения физике в школе. общие вопросы / Под ред. С.Е. Каменецкого и Н.С. Пурьшевой. – М., 2000.

А. Шолтаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **Д.А. Жумаханова**, аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдар магистрі

ИНТЕРНЕТТІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Адам-өмір бойы қарым-қатынас пен дамуды қажет ететін әлеуметтік тіршілік иесі. Қарым-қатынас процесі немесе ақпарат алмасу-күнделікті шындықты танудың және білудің кең таралған әдістерінің бірі.

Интернет және әлеуметтік желілер ақпаратты сақтау және беру тәсілі ретінде.

Бізге диалог түрінде берілген ақпаратты игеру әлдеқайда оңай, бірақ, өздеріңіз білетіндей, мұндай ақпарат қысқа мерзімді. Ақпарат екі түрлі болады: маңызды және маңызды емес. Оны сақтау немесе бастапқы түрінде беру үшін адамзат көптеген жолдарды ойлап тапты және ойлап табуды жалғастыруда. Әдістердің өзгеруі қоғамның дамуымен тығыз байланысты, олар адамзат сияқты табиғи сұрыпталудан өтеді, нәтижесінде ескірген әдістер жаңа, прогрессивті және перспективалы әдістермен алмастырылады.


Біліммен қамтамасыз етілген тірекке ие бола отырып, адам өзінің дамуын жалғастыра алады, жаңа білімді зерттей алады, ойлап табады немесе сипаттай алады. Ақпаратты сақтауды, беруді және жүйелеуді дамытудағы үлкен серпін компьютердің, содан кейін Интернет желісінің өнертабысы болды. Қазіргі уақытта ол туралы пікірлер екіге бөлінді: біреу Интернет тек оң рөл атқарады және біздің өмірімізге жаман ештеңе әкелмейді деп санайды, ал біреулер, керісінше, бұл зұлымдық деп санайды және одан жақсы нәрсе күтуге тұрарлық емес деп ойлайды. Менің ойымша, интернет дамуға үлкен мүмкіндіктер береді, және жаңа әлемнің кілті болып табылады. Өйткені оның кеңістігінде көптеген ақпарат және мүмкіндіктер шоғырланған. Қашықтықтан білім алу, жұмыс жасау, қашықтықтан басқару, ақпарат алмасу барлығы дерлік осы ғаламтордың арқасында жүзеге асып отыр. Әлемдік желінің қазіргі таңда жеткен шыңы өте биік және әлеуметтік желі адамзаттың жеткен ең биік жетістігі болып табылады. Осындай жетістіктің тағы бір мәрте адамзат тарихында қайталануы екі талай деп есептелінеді. Бірақ Дүниежүзілік желінің кемшілігі-бұл ақпарат автордың сауатсыздығына байланысты дұрыс емес болуы мүмкін немесе адамдарды шатастыру немесе жалған ақпарат беру үшін арнайы бұрмаланған болуы мүмкін.

Интернетке және әлеуметтік желілерге тәуелділік


Интернет танымалдылықтың шыңында, желі қолданушыларының саны күн сайын артып келеді. Ресми дерек бойынша, жеті жыл аралығында (2010-2017) Қазақстанда интернет пайдаланатындар саны екі есеге өскен.

Қазақстанда 13,8 миллион адам интернет қолданады. Бұл Дүниежүзілік Желінің қол жетімділігіне байланысты болды. Көпшілігінде ғаламдық желіге кіруге арналған бір емес, бірнеше құрылғы бар: компьютер, ноутбук, телефон және т.б. алғашқы байланыс құрылғысы орташа балада бірінші сыныпқа барғанда шамамен 6-7 жаста пайда болады. Мұның бәрі кіші жастағы қарапайым ойыннан басталады "кімнің ойыншығы жақсырақ" деген сынды және пайдаланушы мен зат арасындағы байланыс ойыншықпен қарым-қатынастан да көп нәрсеге айналуымен аяқталады. Адамға үйде телефонды ұмытып жұмысқа кету немесе дүкенге бару-бұл қорқынышты түс іспеттес: кенеттен біреу қоңырау шалады немесе хабарлама жібереді, ал сіз оған бірден жауап бере алмайсыз деген ойлар мазалайды. Интернет белсенді қолданушылар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Оның көптеген тұтынушылары интернетке тәуелді бола бастайды, бұл әсіресе 13-28 жас аралығындағы қазіргі жастардың мысалында айқын көрінеді. Интернетсіз өскен адамдар оның әсеріне төзімді және оларда белсенді тәуелділік болмайды, оқылмаған электрондық поштадан немесе фотосуретке түсініктеме беруге оларда "үзіліс" болмайды.

Интернетке тәуелділік туралы айтатын болсақ, ол негізінен сіздің біліміңізді толықтыруға болатын көптеген пайдалы және қызықты ақпарат орналастырылған сайттардан емес, әлеуметтік желілерден ("TikTok", "Instagram") қалыптасатындығын нақтылау қажет. Әуелден әлеуметтік желілер адамдарды байланыстыру және алыстағы адамдармен байланыста болу үшін құрылды. Әлеуметтік желілерді танымал ету және жаңа пайдаланушыларды тарту үшін аудио және бейне жазбалары бар бөлімдер қосыла бастады. Бұл пайдаланушылардың қызығушылығын арттырды, олар әр уақытта әлеуметтік желілерде бос уақытын көбірек өткізе бастады. Сабақтарда, жұмыста әлеуметтік желілерге үйреніп қалған адам сол жерде жаңа нәрсе болғанын тексеру үшін өз бетіне кіруге тырысады. Осылайша адам өзінің бойында интернетке деген тәуелділіктің пайда болғанын аңғармай қалады.



Қазақстан билігі 2018 жылы интернет пайдаланушылардың үлесін 78 пайызға жеткізуді жоспарлаған.



Дереккөз: Статистика комитеті, Қазақстан ақпарат және коммуникация министрлігі

Десе де ғаламтордың зияны тек мұнымен шектелмейді. Компьютер монитормының алдында ұзақ уақыт отырудың өзі көзіміздің көруіне теріс ісер етсе, компьютер алдында дұрыс қалыпта отырмағанның салдарынан қимыл-тірек аппаратымызға зиян келеді.

Адам психикасына кері әсер ететін ақпараттарды да ғаламтордың зиянды жағына қоса аламыз. Ғаламтор арқылы алаяқтар жеке тұлға жайлы мәлімет алып, оны өз мақсатына қолдануы мүмкін. Сонымен қатар, әлемдік тор арқылы компьютер жүйесіне зақым келтіріп, зиянын тигізетін вирустар тарайды.

Әлеуметтік желілер мен Интернет мәселесі әрқашан екіұшты пікірлер тудырды. Алайда, сіз қалай айтсаңыз да, монетаның екі жағы бар екенін және олардың әрқайсысын бөлек-бөлек емес, жиынтықта қарастыру керек екенін еске салған жөн. Барлық туындаған мәселелер мен проблемаларды шешу үшін оларды шешу жөніндегі шаралар жүйесін және бірқатар бағдарламаларды әзірлеу қажет: әлеуметтік желілердегі қауіпсіздікті, интернеттегі пайдаланушылардың сенімділігін, қашықтықтан білім беруді насихаттауды дамыту және жеке деректер мен пайдаланушы жасаған барлық операциялардың құпиялы және шифрланғандығын қадағалау қажет. Сондай-ақ, адамның денсаулығына теріс әсер ететін техникамен байланысын азайту үшін белсенді өмір салтына бағытталған бағдарламаларды дамыту алдағы басты мәселелер болып саналады.

Әдебиеттер

1. Латухина К. Владимир Путин поддержал развитие рунета / Кира Латухина // Интернет-портал «Российской газеты». – 2015. – 1 апреля.
2. <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-internet-users/29573452.html>

А.Ж. Ахметғалиева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **Д.А. Жумаханова**, аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдар магистрі

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ РОБОТТАР

Кіріспе

Адамзат дамуының қазіргі технологиялық кезеңінде адам бұрын орындаған процестерді автоматтандыруға көбірек көңіл бөлінеді. Негізгі және қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі-роботтарды әзірлеу және енгізу. Бірнеше ондаған жыл бұрын біз тек фантастикалық фильмдерден көргеніміз, қазіргі уақытта біз күнделікті қолданатын шындыққа айналып жатыр, мысалы, компьютер, ұялы телефон, навигатор, баяу пеш, кіржуғыш машина және т. б.

Роботтандырылған құрылғылар біздің өмірімізге көбірек енуде. Олар ұшақтарды, пойыздарды басқарады, зауыттарда жоғары технологиялық операцияларды орындайды, медицинада қолданылады, ғимараттарды күзетеді, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, әскери технологияларда қолданылады, адамның күнделікті өміріндегі жұмысына көмек көрсетеді. Біздің планетамыздың және ғарыштың адам жете алмайтын зерттелмеген бұрыштарын зерттейтін де роботтар бар. Адам өзіне электронды робот көмекшілерін құруға тырыспайтын сала жоқ деп те айтуға болады.

Роботтар туралы жалпы мәліметтер

Робот термині чех тіліндегі "robot" сөзінен шыққан, мәжбүрлі еңбек дегенді білдіреді. Зиянды және қауіпті ортада объектілерді тану, ұстау және жылжыту принциптері бойынша құрылған, өндіріс үшін әртүрлі операцияларды жүзеге асыруға арналған, алдын-ала белгіленген бағдарлама бойынша әрекет ететін және сенсорлар (техника) арқылы қоршаған кеңістіктің жағдайы туралы ақпарат алатын автоматты құрылғы. Тірі организмдердің сезім мүшелерінің аналогтары арқылы жұмыс жасай алатын құрылғы. Робот өндірістік қажеттіліктерді қанағаттандыратын, адам еңбегін ішінара немесе толығымен алмастыратын өндірістік және басқа да қосалқы операцияларды дербес жүзеге асырады. Бұл жағдайда робот оператормен байланыста бола алады, одан командалар алады (қолмен басқару), сондай-ақ белгіленген бағдарламаға сәйкес автономды түрде әрекет ете алады (автоматты басқару).

Роботтардың ұрпақтары

Бірінші буын роботтары-бағдарламалық басқарылатын роботтар. Бұл роботтар негізінен нақты бағдарламаланған операциялар тізбегін орындауға арналған. Олар адамның араласуынсыз өздігінен жұмыс істей алмайды. Бағдарламаны өзгертудің қарапайымдылығы бұл роботтарды жан-жақты етті. Алғашқы бағдарламалық роботтарды өнеркәсіпте 20 ғасырдың алпысыншы жылдарында жасап, игерді.

Екінші буын роботтары-сезімтал роботтар. Олар бағдарламалық роботтардан, біріншіден, сыртқы сенсорлық датчиктердің едәуір көптігімен ерекшеленеді. Екіншіден, күрделі басқару жүйесі. Басқару жүйесі енді бірінші буын роботтары сияқты нақты қозғалыс бағдарламасын есте сақтайтын құрылғымен ғана шектелмейді, бірақ оны іске асыру үшін басқару компьютерін қажет етеді.

Үшінші буын роботтары интеллектуалды (ақылға қонымды) роботтар деп аталады. Олар екінші буын роботтарынан жасанды интеллект элементтерін қамтитын басқару жүйесінің күрделілігі мен жетілдірілуімен түбегейлі ерекшеленеді. Интеллектуалды роботтар адамның физикалық әрекеттерін имитациялауға ғана емес, оның интеллектуалды қызметін автоматтандыруға, яғни интеллектуалды мәселелерді шешуге арналған.


Роботтардың эволюциясы роботтардың бір буыны екіншісін дәйекті түрде алмастырады дегенді білдірмейді. Эволюциялық процесс роботтардың функционалдығы мен техникалық сипаттамаларын ұрпақтан-ұрпаққа жетілдіреді. Дегенмен, роботтардың әрбір буыны әртүрлі қолданбалы тапсырмаларды орындауға арналған әртүрлі ұрпақ роботтарының отбасы болып табылады.

Қазіргі кезде роботтардың көптеген түрлері бар, әртүрлі орталарда әртүрлі жолмен қолданылады. Қолдану мақсаты мен сыртқы келбеті әртүрлі болғанымен, құрылымына келгенде баршасында 3 бірдей жерлері бар:

Әр робот механикалық негізі – құрылғы, рамадан тұрады. Сол раманың түрі қолданылатын мақсатына қарай өзгереді. Мысалы, робот лай мен құмның үстімен жүретін болса, шынжыр тракторлар қолданылуы мүмкін. Механикалық жағы ойлап табушының бір бөлек мәселенің шешімі, робот жүретін жердің қоршаған ортасына байланысты. Роботтың формасы атқаратын функциясымен тікелей байланысты.

Әр робот электр бөлшектерден тұрады. Сол бөлшектер робот жүйелерін толығымен бақылайды. Мысал ретінде шынжыр арқылы жүретін роботты алсақ, сол шынжырларды жүргізу үшін күш керек. Сол күш электр қуаты ретінде келіп, сымдар арқылы өтіп, батареяда сақталады; осы негізгі схема. Газбен істейтін машиналар да газды қолдану үдерісі үшін токты керек етеді. Сол себептен, газбен жүретін көлік сынды машиналарда да батареялар бар. Электр жүйесі роботтың қозғалуында (мотор) қолданылады, өлшеу үшін (электр сигналдар жылу, дауыс, тұрған жері мен энергия мөлшерін анықтау үшін) және жалпы қолдану үшін (робот жалпы негізгі операцияларды жасау үшін өз мотор мен сенсорларына біраз энергия жолдауы керек).

Барлық роботтар кішкене болса да компьютер кодын керек етеді. Сол алгоритмде робот қалай жұмыс істейтіні көрсетіледі. Код жазған адам программаның ішінде робот шешімін қалай және қашан қабылдап, әрекет ететінін жазады.



Қорытынды

Алдағы жылдары роботтар біздің күнделікті өмірімізге белсенді түрде енгізілетін болады және ХХІ ғасырдың аяғында адам өмірі айтарлықтай өзгереді. Сонымен қатар, қалалар мен біздің пәтерлердің көшелерінде роботтар пайда болады. Бұл тазалаушы Роботтар, аспазшы Роботтар, күзетші Роботтар, Жануарлар роботтары жәнет.б. болады. Жер үсті көлігінің көп бөлігі 2030-2040 жылдарға дейін автоматтандырылады. Автокөліктер "ақылды" және уақыт өте келе бүкіл жүргізу процесін бақылауға алады. Роботтар өзендерде, теңіздерде және Мұхит тереңдігінде жүзіп, ауада жүзе алады. Көптеген роботтар қалыптасқан жағдайға байланысты пішіні мен құрылымын өзгерте алады (өзгереді). Көптеген андроидтар (адамға ұқсас Роботтар) жасалады, олар адамның әмбебап көмекшісі болады. Жыл сайын роботтар жетілдіріліп, ақылды болады. Бірақ адам сияқты йлауға және әрекет етуге қабілетті робот жасауға бола ма?

Әдебиеттер

1. "Википедия" версия энциклопедии на русском языке – ru.wikipedia.org/wiki/Робот.
2. Мифы древней Греции. Греческая мифология – <https://www.grekomania.ru>.
3. Классификация роботов – <http://www.robo-homo.ru/robo-lenta/robo-glossary/144.html>.
4. Три поколения роботов – <http://roboticslib.ru/books/item/f00/s00/z0000026/st004.shtml>.
5. YouTube – <https://www.youtube.com/watch>.

ҒТАХР: 14.15.07

Д. Болатбекова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Б.С. Желдыбаева**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

ФИЗИКА ПӘНІН ЖАҢАША ОҚЫТУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Еліміз егемендік алғаннан кейін білім негіздерін демократиялық, интеграциялық принциптерге орайлас әр баланың жеке-дара ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытып, тәрбиелеу талап етілді. Қазіргі кезде физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор. Бұл тапсырмаларды қалай ұйымдастыру керек, тарау бойынша тақырыпқа сай етіп деңгейлеп, саралап таңдай білу ол мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бүгінгі таңдағы алда тұрған басты міндет – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

Жаңа технологияның басты мақсаты – өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқушы тарихты «зерттеп үйрену» кезінде оқу материалын «жаттап, қайталай бермей» өткеннің оқиғалары мен адамдарына өзінің көзқарасын білдірсе, өткенмен сұхбат құра отырып оның тәжірибесін өз бойына дарытып іштей нәр алса, оқушы рухани жағынан биіктей түседі. Ол үшін оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер қалай оқу керектігін үйрету, сыныпта оқуды үйренетін білім ортасын құру маңызды болып табылады.

Оқытудың жаңа технологиялары: сын тұрғысынан ойлау, ойын технологиясы, тірек сызбалар, интерактивті оқыту, саралап – деңгейлеп оқыту, дамыта оқыту және т.б.

Физиканы оқыту, оның пән ретінде ерекшеліктеріне сай, қазіргі заманғы ақпараттық технологияны қолдануы жайлы сала болып келеді. Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларға физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді. Осылайша, физика сабағын өткізу барысында жаңа ақпараттық технологияны тиімді пайдаланып – білім сапаларының артуына жұмыстанамыз. Жаңа ақпараттық технологияны физика сабақтарында пайдалана отырып, олардың білім, білік дағдыларын қалыптастыруға қызығушылығын арттырып, түрлі деңгейдегі есептерді шығартып, оны талдай білуді меңгереді. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, интернет желісінен сабаққа қажетті деректерді өз бетімен ізденуге, компьютерлік сауаттылықтарына жол ашып, сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білуге тәрбиелейді.

Міне, осы бағытта физика пәнін әртүрлі әдістермен жүргізуге болады. Оқу – тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және білім алушылардың жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек. Өйткені, білім бүгінгі заман талабы, қажеттіліктің қайнар көзі болса, нәтижеге жету жолында іздену әрбір мұғалімнің азаматтық борышы. Осы орайда оң нәтижеге қол жеткізу үшін мынадай мақсат қоюға болады: -заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Өйткені, физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Физика пәнінде ақпараттық технологияларды қолдану пәнді оқытуда дүниенің заңдарын терең меңгертіп қоймай, оқушының ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Өзіне қажетті мазмұны мен мәліметті ақпарат көзінен таңдап өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыландырады. Сондай-ақ сабақ өтуде интерактивті тақтаны қолдану да сабақ тиімділігін арттырады. Компьютердегі интернет жүйесіндегі ақпараттық мәліметтерді сабақ тақырыбына байланысты қажеттісін таңдап тікелей қолдануға болады.

Қазіргі таңда мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру негізінде жаңа технологияны оңтайлы қолдана білу маңызды.

Сонымен қатар, электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Оқушы білімі – бұл өзінің болашақ бағдары мен өмірде жеке тұлға болуға құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Орта мектептің физика сабақтарында жетекші құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекше орын алады. Құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды қолдану физика пәнінен білімді сапалы меңгерумен қатар тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігін дамыту мәселесін шешеді. Жалпы білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау,

интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету.

Физика сабағында ақпараттық жүйені пайдалану оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жаңа технологиялардың өріс алуына орай оқыту үрдісінде «интерактивті әдістер», «интерактивті оқыту» терминдерімен жиі кездесеміз. Интерактивті әдістер – оқушылардың өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер, ал интерактивті оқытуда өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп түсінсек болады. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген. Сондықтан да олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік береді.

Қорыта келе, зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру және қорытындылары мен нәтижелерін тәжірибе жүзінде растап отыруды алға тартатын логикалық ойлауды дамыту; өз бетінше жұмыс істеу біліктілігіне және жағдаяттар ағымына қарай бейімделуге, атап айтқанда, аса қиын проблемаларды шешуге, проблемаларды шешу үдерісінде пайда болған жаңа ақпараттарға жауап беруге және бейімделуге үйрету; теориялық модельдердің жұмысын түсінуді жақсарту үшін ойындар мен модельдерді қолдану; оқушылардың өз тәжірибелерін жобалауы мен жоспарлауы арқылы физикадағы мәселелерді зерттеу; физиканың қазіргі заманғы проблемалары туралы (әртүрлі дереккөздерден алынған) ақпаратты сұрыптау және оқушылардың алынған ақпаратты синтездеу, бағалауы мен қорытындылауы; жаратылыстану құбылыстарын сипаттау, түсіндіру және болжау.

Оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру мұғалім үшін өте маңызды. Ол үшін сабақты көрнекілік құралдармен қамтамасыз ету, физикалық эксперименттер жасау, сабақтың ғылымилығын жоғарылату, проблемалық жағдаяттар туындату, оқушылардың өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыру, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды пайдалану және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, т.б. белсенді оқу әдістерін қолдануға болады.

Әдебиеттер

1. Серкебаев С.К. Орта мектепте физикадан демонстрациялық эксперименттер. Оқу құралы. – Алматы. Альманахъ, 2022. – 218 бет.
2. Рыстыгулова В.Б., Султанова К.Ж. Физика пәнінен оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға жоба әдісін қолдану: Әдістемелік құрал. – Алматы: Алманахъ, 2022. – 82 б.

ҒТАХР: 14.15.07

Н.Т. Камитеев, Б.Қ. Қалихан

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Б.С. Желдыбаева**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТОЛҚЫНДАРДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Адамзат дамуын жалғастыруда – және радиотехникалық және электронды құрылғылардың арқасында біз айналамызда көрінбейтін электромагниттік тор жасадық. Қуатты электр желілері, радио және телевизиялық станциялар, спутниктік байланыс ғарыш станциялары қазірдің өзінде қарапайым болып көрінеді, бірақ сонымен бірге қоршаған ортаны ластайды.

Барлық тірі ағзалар үшін соның ішінде адамға да сыртқы орта әсерлерінің бірі-электромагниттік толқындар болып табылады. Мақалада электромагниттік толқындардың адам ағзасына әсері көрсетілген. Жаңа технологиялық құралдардың пайда болуы адам үшін үлкен көмегін

тигізуде, сонымен қатар, адам ағзасына кері әсерін де тигізуде. Қазіргі заманның өзекті мәселенің бірі болып саналады.

Біз күнделікті өмірде қолданатын жаңа электр құралдарының қаншалықты өз денсаулығымызға зақым келтіретінін кейде білмей де қаламыз. Біз осы өзіміздің таңдаған тақырыбымыз арқылы жұртқа ұялы телефонның, микротолқынды пештің, компьютердің электромагниттік толқындарының адам ағзасына қаншалықты зияны бар екенін ашып айтқымыз келеді. Электромагниттік толқындар кез келген үйде, мекемеде жалпы адам өмір сүретін барлық ортада бар.

Электромагниттік радиация магниттік энергиядан және электромагниттік толқындар арқылы пайда болады. Барлық электромагниттік энергия электромагниттік спектрге түседі, олар өте төменгі радиацияның жиілігінен ренгендік және гамма-сәулелеріне дейін өзгереді. Көп адамдар ұялы телефонмен сөйлескенде оны тым қатты бастарына тақалтады, осыдан адамның миына көп радиация әсер етеді.

Соңғы жылдары қоғамда өмірге қажетті технологиялар көптеп еніп телекоммуникация жүйелері жаңарды. Адамзат игілігіне арналған бұл жаңалықтар, әрине, пайдалы. Дегенмен, әртүрлі жиіліктегі диапазоны бар техногенді электромагниттік өрістердің адамға пайдасы ғана емес кері әсері де бар. Әсіресе, ұялы байланыс пен компьютердің электромагниттік толқындарының адам ағзасына тигізетін зияны ерекше. Ұялы телефоннан шығатын электромагниттік өрістер адам ағзасына біраз жиналып барып, оның әсері 5-10 жылдан соң бірақ пайда болады. 3-6 жас аралығындағы балалар үшін электромагниттік өріс әсері тіптен зиянды. Өйткені, өсіп келе жатқан миға кері әсер етіп, кейін баланың есте сақтау қабілетін төмендетеді. Ересектер де көп қолданса алдымен қан қысымы көтеріліп, жүйке, ісік ауруларына шалдығуы мүмкін.

Электромагниттік толқындарды тұрғын үйдің теледидарында, үтігінде, мұздатқыштарында, микротолқынды пеште, шаңсорғыштарда, компьютерде және ұялы телефондарда болады. Электромагниттік толқындардың 1000 мГц-ы таралу керек болса, электртехникалық құрылғыларда кейде одан көп асып кетеді. Мысалы: үтіккі қосқан кезде 25 см қашықтықта одан 0,2 мкТл электромагниттік толқындар бөлінеді. «Tefal» шәйнегінде 20 см – 0,6 мкТл. Кір жуғыш машина 50 Гц, ал теледидардың пульти 1 метрде 1мкТл болады. Микротолқынды пеште 30 см қашықтықта 50 Гц магниттік өрісі 10,3 – 8 мкТл болады. ал ер адамдар электр қыздырғыш қолданған кезде өздерін әдемілей отырып, беттерінен ток жүргізеді себебі: Электр қырынғыш 100 мкТл (микро Тесла) есептеледі екен. Компьютерде 60 Гц болады. ал ұялы телефонды алатын болсақ оның маркасына қарай олардың электромагниттік толқындарының қуаты да әртүрлі болады. Көп елдерде электромагниттік толқындардың қуаты 1,6 Вт/кг. болатындай көлем алынған. Ұялы телефонның электромагниттік толқынының қуаты аз болғаны жақсы.

Қазіргі кезде SAR ұялы телефонының қуаты 2ВТ/кг-нан аспайды. Осыдан 7-8 жылдан бұрын шығарылған AMPS-800, DAMPS-800, NMT-450 ұялы телефондардың қуаты бұл көрсеткіштен анағұрлым көп болған, ал қазір олардың қуаттары 1,5 Вт/кг, және 0,5Вт/кг аспайды. Ең аз қуат көрсеткіші CDMA құралында, оның қуаты 0,1 Вт/кг-нан аспайды. Барлық ұялы телефондарда аз қуатты қондырғылар орнатылған. автокөліктердің ішіндегі ұялы телефонның қондырғы қуаты 3 ватт, ал қарапайым ұялы телефондарда барлығы 0,75-1 ваттқа тең. Қондырғылар ұялы телефонның антенасының жанында орналасқан. Радиокондырғылар антеналардың функциясы ғарышқа радиотолқындарды жіберіп тұру үшін арналған.

Базалық станцияларда электромагниттік толқындардың қуаты 5Вт тан 20Вт дейін барады, ал үлкен қалаларда тіптен көп болуы мүмкін. Осыдан барлық жерде сәуле шашуы болуы мүмкін деген ой туындайды. Ұялы телефонның зияны жоқ деп шешкен канадалықтар осындай базалық станциялардағы антеналардан бөлінген электромагниттік толқындардың сәулелері адамға өте қатты зиян екенін анықтаған. Осының әсерінен рак ауруы пайда болады.

Электромагниттік толқындардың әсерінен әртүрлі аурулар туындайды:

1. анкологиялық аурулар
2. альцгеймер ауруы
3. Паркинсон ауруы

Компьютердің электромагниттік толқындардың адам ағзасына тигізетін әсері де өте көп. Электромагниттік толқын адамның:

1. Жүйкесінің тозуы, себебі компьютерде көп құжат басқан кезде көбісі құжатты сақтауға ұмытып кетеді, кейде жарық өшіп қалады сонда адам стесс алады. «Барлық ауру жүйкенің әсерінен болады» деп айтылған сөз бекер емес.

2. Иммунитет төмендеуі, адам көп отырған кезде қан айналымы бәсеңдейді.

3. Жүктілік кезде, компьютермен жұмыс істеген кезде оның жанында электромагниттік толқын көп болады. Компьютердің платасы және монитормы қызған кезде ауаға зиян заттар бөлінеді. Осының әсерінен ауа құрғап, адамның тыныс алуы бәсеңдейді. Жүктілік кезде әйел адамның ағзасы көп қимылдағанды қажет етеді. Көп отырған кезде қан айналымы баяулайды, зат алмасу процессі де баяулайды. Жүктілік кезде осының салдарынан гипоксия болуы мүмкін және балаға қажетті заттың дұрыс бөлінбеуіне әкеп соқтырады. Баланың дұрыс дамуына да әсерін тигізеді.

Компьютердің алдында көп отырған кезде басқа да көп аурулар тындауы мүмкін: көз ауруы, қол білезіктерінің ісінуі, омыртқаның қисаюуы, салмақтың қосылуы. Осындай ауруларға шалдыққыңыз келмесе компьютердің алдында көп отырмауға тырысыңыз, ал егер жұмысыңыз бойынша талап етілсе арнайы ережелерді сақтап, жаттығу жасап отыру қажет. Өз денсаулығыңызға көп көңіл бөлгеніңіз жөн.

Электромагниттік өрістердің биологиялық әсер ету дәрежесі олардың әсер ету уақытына байланысты. Осыған байланысты, неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым зиянды: адам шаршауды, қысым мен импульстің өзгеруін, жүректің ауырсынуын сезінуі мүмкін. Әлсіз терморегуляциясы бар адамның миы, көзі, бүйрегі және тіндері сәулеленуге әсіресе сезімтал. Тіндер мен мүшелердің қызып кетуі олардың ауруларына әкеледі. Ақырында, электромагниттік өрістің әсері тежелген рефлексстерге әкелуі мүмкін, қан құрамын өзгертуі мүмкін, одан да жаманы – көздің көру қабілеті бұлыңғыр болуы мүмкін.

Мұндай өрістің біздің денемізге әсерін қалай азайтуға немесе мүлдем жоюға болады?

Ұсыныстар бар:

- өнеркәсіптік жиіліктегі магнит өрісінің деңгейі жоғары жерлерде ұзақ болмау;
- демалу үшін жиһазды дұрыс орналастырыңыз: адамнан электр тарату қалқандарына, қуат кабельдеріне, электр құрылғыларына дейінгі қашықтық 2-3 метрден кем болмауы керек;
- тұрмыстық техниканы сатып ала отырып, құрылғының санитарлық нормалар талаптарына сәйкестігі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі зерделеу;
- мүмкін болса, қуаты аз құрылғыларды қолданыңыз;
- ұялы телефонды қажетінше 3-4 минуттан артық үздіксіз сөйлеспей пайдалану;
- сәулелендіру объектілерін ұтымды орналастыру, сіңіргіш экрандарды тарту – немесе, егер мұндай мүмкіндік болмаса, жеке қорғаныс құралдарын пайдалану.

Қорытындылай келе, осы тақырыбымыз арқылы келешек ұрпаққа электромагниттік толқынның зиянын айта отырып, өз ағзаларын электромагниттік толқынынан дұрыс қорғай білу керек екенін айтып жеткізгіміз келеді. Қазіргі біз өмір сүріп отырған 21-ғасырда күнделікті қажет етілетін, электромагниттік толқындар шығаратын, тұрмыстық электрондық құрылғылардың қай-қайсысы болмасын қауіпті екендігін белгілі, сондықтан оларды қолдануымызда шектеулеп, керек кезде ғана қолданып, дұрыс пайдаланғанымыз жөн.

Әдебиеттер

1. Серкебаев С.К. Орта мектепте физикадан демонстрациялық эксперименттер. Оқу құралы. – Алматы. Альманах, 2022. – 218 бет.
2. <https://infourok.ru/elektromagnittik-tolindardi-azaa-seri-952142.html>
3. Hwang J.H., Kang T.W., Kwon J.H., Park S.O. Effect of electromagnetic interference on human body communication // IEEE Trans Electromagn Compat 2017; 59 (1). P: 48-57.

ҒТАХР: 20.15.05

А.М. Нусюпова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Т.А. Такирова**, магистр

МЕХАНИКАЛЫҚ ТЕРБЕЛІСТЕРДІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ КӨМЕГІМЕН ЗЕРТТЕУ

Қазіргі кезде ақпараттық технологиялардың кеңінен таралуы мен орасан зор жылдамдықпен дамуы барлық дерлік ғылыми-зерттеу жұмыстарында зерттелетін объектіні модельдеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуді қажет етуде. Сондықтан жоғары оқу орындарында – компьютерлік модельдеу тақырыптарын оқытуға басаты назар аударылуда. Ақпараттарды модельдеу түрлерін таңдау мен құруда студенттердің танымдық пен біліктілік деңгейін, эстетикалық талғамын байқауға болады. Дұрыс таңдалған және өз дәрежесінде тиімді құрылған модель зерттеу жұмыстарын жеңілдетіп, объекті туралы толығырақ мәлімет алуға көмектеседі.

Компьютерлік математикалық модельдеу физикалық жүйелерді зерттеудің ең тиімді әдістерінің бірі болып саналады. Компьютерлік модельдеуден әртүрлі деңгейдегі лабораториялық практикумдар жасалынып оқу процесіне енгізілуде. Компьютерлік модельдердің логикалылығы зерттеулі объектілердің қасиеттерін анықтайтын негізгі факторларды ашуға, олардың параметрлері мен бастапқы шарттарының өзгеруіне жүйенің жауабын зерттеуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік модельдеу нақты бір табиғаттағы құбылысты зерттеу үшін ең алдымен сапалық жағынан, содан кейін саны жағынан озық модель жасауды талап етеді. Ол үшін компьютерде көптеген есептеу эксперименттерінің сериясын жүргізу, нәтижелерді талдау, нәтижелерді зерттеулі объектінің сипатымен салыстыру, келесі модельді анықтау және т.б. жұмыстарды жүргізу керек.

Компьютерлік модельдеудің негізгі кезеңдеріне мыналар жатады: есептің қойылымы, модельдеу объектісін анықтау; концептуалды модельді жасау, жүйенің негізгі элементтері мен өзара қарым-қатынас актілерін анықтау; формальдандыру, яғни математикалық модельге өту; алгоритмін жасау және программасын құру; компьютерлік эксперименттерді жоспарлау және өткізу; нәтижелерді талдау және интерпретациялау.

Модельдердің аналитикалық және имитациялық түрлері болады. Аналитикалық модель – дифференциалдық, алгебралық және басқа да теңдеулерді қолданатын шынайы өмірдегі объектілердің модельдері, сол сияқты тура шешімге әкелетін бірімәнді есептеу процедураларын жүзеге асыруды қарастыратын модельдер айтылады. Имитациялық модель – қарапайым операциялардың көпшілігін тізбекті орындау жолымен зерттеулі объектінің функционалдану алгоритмін жүргізетін модельді айтамыз [2].

Табиғатта және техникада кездесетін әртүрлі механикалық қозғалыстардың ішінен бірдей уақыт аралықтарында қайталанатын қозғалыстарды кездестіреміз. Осындай қозғалыстарды периодты қозғалыстар деп атаймыз. Қозғалыс қайталанатын уақыт аралығын период деп атаймыз. Периодты қозғалыстар түрлерінің әртүрлі болғанына қарамастан оларды сипаттау үшін жалпы шамалар енгізіледі.

Серіппелі маятниктің тербеліс (1-сурет).


1-суретте көрсетілген серіппелі маятникті тербелісін қарастырайық. Егер шарды тепе-теңдік А қалпынан оңға қарай В қалпына дейін созып, оны жібере салатын болсақ, онда ол тепе-теңдік қалпы маңында тербеліс жасайды. осы тербелістің себебін түсіндірелік. Шарды оңға қарай бұру арқылы біз серіппені созамыз.

Бұл кезде серіппені тепе-теңдік қалпына әкелуге тырысатын серпімділік күші пайда болады. Осы күштің әсерінен шар тепе-теңдік қалпына қарай үдеумен қозғалады. Тепе-теңдік қалпына жеткеннен кейін шар тоқтай алмай инерциясымен пружинаны солға қарай сығады. Бұл кезде пайда болған серпімділік күші оны бастапқы қалпына келтіруге тырысады. Сөйтіп серіппелі маятниктің тербеліс пайда болады. Өлшеулер көрсеткендей ығысу артқан сайын, серіппенің серпімділік күші оған пропорционал артады. Ендеше шарды тепе-теңдік қалпына алып келетін күш мына теңдікпен анықталады:


$$F = kx$$

Мұндағы, k -пропорционалдық коэффициент. F күші әрқашан ығысуға пропорционал және оған қарама-қарсы бағытталады. Сонымен серіппелі маятниктегі тербелістің тууына себепші серпімділік күші, оның бағыты әрқашанда тепе-теңдік қалпына қарай бағытталған және шамасы ығысуға пропорционал. Енді, математикалық маятниктің тербеліс заңдылықтарын қарастыралық.


Математикалық маятникті А тепе-теңдік қалпынан шығарып, жібере салсақ ол тербеледі. Осы тербелістің себептерін қарастыралық. Маятник тепе-теңдік қалпында болған кезде денеге әсер ететін ауырлық күші жіптің керілу күшімен теңестіріледі. Тепе-теңдікте емес В жағдайында ауырлық күші Р – мен жіптің керілу күші Q бір-біріне бұрыш жасай әсер етеді. Осы күштердің тең әсерлі күші P_1 тепе теңдік қалпына қарай бағытталған



1-сурет



2-сурет



3-сурет

теңестіріледі. Тепе-теңдікте емес В жағдайында ауырлық күші Р – мен жіптің керілу күші Q бір-біріне бұрыш жасай әсер етеді. Осы күштердің тең әсерлі күші P_1 тепе теңдік қалпына қарай бағытталған

және оның шамасы маятник неғұрлым тепе теңдік қалпынан көп ауытқыған сайын соғұрлым көп болады. Тепе-теңдік қалпына келген кезде дене тоқтай алмай солға қарай бұрылады. Бұл кезде оған маятниктің ауытқуына пропорционал өсетін P_1 күші тепе-теңдік қалпына қарай бағытталып әсер етеді. Маятник тағы да тоқтай алмай оңға қарай бұрылады. Сонымен маятникті тепе-теңдік қалпына қарай бұратын күш шамасы маятниктің тепе-теңдік қалпынан ауытқу бұрышына тәуелді екендігі шығады. Енді осы тәуелділікті математикалық түрде өрнектелік. (3-сурет) суреттен $P_1 = P \sin \alpha$ (1) Мұндағы α – маятниктің тепе-теңдік қалпынан ауытқу бұрышы. Маятник ұзындығын l деп белгілесек, онда $OB = OA = l$. Егер α бұрышы өте аз болатын болса, онда OAB үшбұрышы үшін былай жазуға болады:

$$\frac{x}{l} = \sin \alpha \quad (2)$$

(2)-ні (1)-ге апарып қойып, мынаны аламыз:


$$P_1 = \frac{P}{l} x$$

P және l шамалары өзгермейтін болғандықтан, ал P_1 күші әрқашанда ығысуға кері бағытта болады, ендеше оны мына түрде жазуға болады:

$$P_1 = -kx \quad \text{мұндағы, } k = \frac{P}{l}.$$

Осыдан математикалық маятник маятниктің ығысуына пропорционал және тепе-теңдік қалпына қарай бағытталған күштің, яғни квазисерпімді күштің әсерінен тербеледі екен.


Сонымен серіппелі және математикалық маятниктердің тербелістерін тудырушы квазисерпімді күштер екен. Олардың бағыттары әрқашанда тепе-теңдік қалпына қарай бағытталған және шамалары ығысуға пропорционал [1].




4-сурет

Тербелмелі қозғалыс – периодты қозғалыс, сондықтан тербеліс периодын есептеу үшін формула қорытып шығару керек. Серіппеге бекітілген дене тербелісі мен оның қозғалысына ұқсас шеңбер бойымен айналатын шар көлеңкесінің қозғалысын біріктіре қарастырып, сондай формуланы шығарып алуға болады. Шардың қозғалысын емес, шардың бүйір жағынан жарық түсіргенде оның вертикаль орнатылған экрандағы көлеңкесінің қозғалысын қарастырамыз. (4-сурет). Бұл көлеңке шарды экранға түсірген проекциясы болып табылады. Көлеңкесінің горизонталь сызық бойымен, шардың айналу периодына тең периодпен тербелмелі қозғалыс жасайды, оны 4-суреттен көруге болады. Бұл шардың қозғалысы серіппеге ілінген жүктің тербелісіне барынша ұқсас қозғалыс. Бұған көз жеткізу үшін, серіппеге бекітілген жүктің тербелісін осы экранға түсірейік (5-сурет). Жүкті тепе-теңдік қалыптан шар айналып тұрған шеңбердің A радиусына тең қашықтыққа ауытқытайық. Шардың айналу жылдамдығын өзгерте отырып, оның периоды жүктің тербеліс периодына тең болатындай жағдайға жеткіземіз.

Шардың қозғалысы серіппеге ілінген жүктің тербелісіне барынша ұқсас қозғалыс. Бұған көз жеткізу үшін, серіппеге бекітілген жүктің тербелісін осы экранға түсірейік (5-сурет). Бұл жағдайда шар көлеңкесі мен жүк көлеңкесі дәлме-дәл бірдей тербеліске түсетінін көреміз: олардың тербеліс периоды, тепе-теңдіктен ығысуы, ендеше, кез келген уақыт мезетіндегі жылдамдықтары да бірдей. Олай болса, шеңбер бойымен қозғалған шар көлеңкесінің тербелістері серіппеге бекітілген жүк тербелістерімен барынша ұқсас. Бұл тәжірибені вертикаль орнатылған серіппеге ілінген жүкті пайдаланып, жүзеге асыруға болады (6-сурет). Шар жылдамдығы мен оның жылдамдығы бағыттас болатын O және O' нүктелерінде, бұл жылдамдықтар мынаған тең:



5-сурет



6-сурет

$V = \mathcal{G}_m$. Шардың көлеңкесі оның өзінен озып та кетпейді, қалып та қоймайды ғой. Шар көлеңкесінің жылдамдығы мен тербелуші жүктің экрандағы көлеңкесінің жылдамдығы кез келген нүктеде тең болатыны тәжірибе жүзінде (6-суретті қара) тағайындалғанын еске саламыз.

Ендеше, \mathcal{G}_m – серіппеге бекітілген жүктің де максимал жылдамдығы.

Сондықтан серіппеге ілінген жүкті тербеліс периодының формуласын мына түрде жазуға болады:

$$T = \frac{2\pi A}{\mathcal{G}_m}. \quad (1)$$

Тербеліс амплитудасының максимал жылдамдыққа қатынасы мына формула бойынша анықталады:

$$\mathcal{G}_m = \omega \cdot A \rightarrow \mathcal{G}_m = \sqrt{\frac{k}{m}} \cdot A \rightarrow \frac{\mathcal{G}_m}{A} = \sqrt{\frac{k}{m}}$$

$$\text{осыдан } \frac{A}{\mathcal{G}_m} = \sqrt{\frac{m}{k}} \quad (2)$$

(2) формуланы (1)-ге қойып, серіппеге бекітілген жүктің тербеліс периодының формуласын аламыз:

$$T = 2\pi \sqrt{\frac{m}{k}}. \quad (3)$$

Осы сияқты математикалық маятниктің тербеліс периодын мына формуламен анықтықталатынын білеміз:

$$T = 2\pi \sqrt{\frac{l}{g}} \quad (4)$$

Сонымен (3) формулаға сәйкес серіппелі маятниктің периоды масса артқанда өседі де, ал серіппенің қатандығы артқанда азаяды. Осы сияқты (4) формулаға сәйкес математикалық маятниктің периоды жіптің ұзындығы артқан кезде өседі де, дене а үдеумен жоғары қозғалған кезде кемиді де, ал төмен қозғалған кезде артады. Осыдан келіп математикалық және серіппелі маятниктердің периодтарының амплитудаға тәуелді емес екендігі шығады. Осы ортақ ұқсастықты пайдалана отырып, механикалық тербелістерді моделдеуге болады [3].

Әдебиеттер

1. Горностаева Т.Н., Горностаев О.М. Математическое и компьютерное моделирование: учеб. Пособие, 2019.
2. Широкова О.А. Практикум по компьютерному математическому моделированию. Ч.II: Компьютерное моделирование физических процессов: учеб.-метод. пособие, 2015.
3. Юринов А.А. Физика. Классическая механика и специальная теория относительности: учеб. Пособие, 2013.

ҒТАХР: 27.01.45

А.Е. Мусабаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Ш.Г. Сагитова**, аға оқытушы

ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУДЕГІ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

Ұлттық Бірыңғай Тест тапсырмаларын орындағанда басқа пән тапсырмаларына қарағанда математика пәнінен жазып шығаруға тура келеді. Оқушылардың қымбат болған уақыттарын қайткенде үнемдеуге болатын жолдарын іздеу ұстаздардың ойларынан еш кетпек емес. Есептерді шығарудың тәсілдері көп, бірақ оның ішінде тиімді тәсілін оқушыларға жеткізе алу – ол жетістік деп білеміз [2]. Қиын және күрделі тақырыптардың бірі тригонометриялық теңсіздіктер тақырыбына берілген есептерді шығару болып табылады. Мақалада күрделі тригонометриялық теңсіздіктерді шешу кезіндегі кейбір әдістерін қарастырамыз.

I. Негізгі тригонометриялық формулаларды қолданып тригонометриялық теңсіздіктерді шешу

1-мысал.

$$\cos \frac{\pi}{4} \cos 2x + \sin \frac{\pi}{4} \sin 2x \geq \frac{\sqrt{3}}{2}$$

Бұл есепте бірінші байқайтынымыз тригонометриялық функциялардың аргументтерін қосу және азайту формуласына сала алатынымыз.

Сол арқылы біз теңсіздікті $\cos\left(2x - \frac{\pi}{4}\right) \geq \frac{\sqrt{3}}{2}$ түрге келтіріп аламыз. Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу

$\cos x > a$, егер $-1 < a \leq 1$ болса, $(-\arccos a + 2\pi n; \arccos a + 2\pi n), n \in Z$ формуласына қоямыз.

$2x - \frac{\pi}{4} \in \left[-\arccos \frac{\sqrt{3}}{2} + 2\pi n; \arccos \frac{\sqrt{3}}{2} + 2\pi n\right], n \in Z$ Шыққан аралыққа мүшелеп $\frac{\pi}{4}$ -ті қосамыз және $\frac{1}{2}$ -ге көбейтеміз

$$\begin{aligned} 2x - \frac{\pi}{4} &\in \left[-\frac{\pi}{6} + 2\pi n; \frac{\pi}{6} + 2\pi n\right], n \in Z \\ 2x &\in \left[-\frac{\pi}{6} + \frac{\pi}{4} + 2\pi n; \frac{\pi}{6} + \frac{\pi}{4} + 2\pi n\right], n \in Z \\ 2x &\in \left[\frac{\pi}{12} + 2\pi n; \frac{5\pi}{12} + 2\pi n\right], n \in Z \\ x &\in \left[\frac{\pi}{24} + \pi n; \frac{5\pi}{24} + \pi n\right], n \in Z \end{aligned}$$

Сонда шыққан аралық $x \in \left[\frac{\pi}{24} + \pi n; \frac{5\pi}{24} + \pi n\right], n \in Z$ теңсіздіктің жауабы болады.

II. Тригонометриялық теңсіздіктерді графикалық тәсілмен шешу

2-мысал. $2 \sin 4x \geq \sqrt{3}$ теңсіздігін шешу керек. $\sin 4x \geq \frac{\sqrt{3}}{2}$ түріне келтірген соң $y = \sin x$


синусоидасы мен $y = \frac{\sqrt{3}}{2}$ түзуінің графиктерін бір координаталық жазықтыққа саламыз.

Синусоиданың түзуден жоғары орналасқан аралығын табамыз.

Бас аралық $\left[\frac{\pi}{3}; \frac{2\pi}{3}\right]$, $y = \sin x$ функциясы периоды

болғандықтан ұзындығы бас аралыққа тең шексіз көп аралықтар бар, демек, берілген теңсіздіктің шешімі: $\frac{\pi}{3} + 2\pi n \leq 4x \leq \frac{2\pi}{3} + 2\pi n$ болады, $\frac{1}{4}$ -ге мүшелеп көбейтіп x -ті табамыз.

Жауабы: $\left[\frac{\pi}{12} + \frac{\pi n}{2}; \frac{\pi}{6} + \frac{\pi n}{2}\right], n \in Z$



III. Тригонометриялық теңсіздіктерді жаңа айнымалы енгізу тәсілімен шешу.

3-мысал. $\sin \frac{x}{2} \cdot \sin \frac{3x}{2} \leq 0$

Теңсіздікті шешу үшін тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосындыға түрлендіреміз:

$$\begin{aligned} \frac{1}{2} \left(\cos \left(\frac{x}{2} - \frac{3x}{2} \right) - \cos \left(\frac{x}{2} + \frac{3x}{2} \right) \right) &\leq 0 \\ \frac{1}{2} (\cos x - \cos 2x) &\leq 0 \end{aligned}$$

$\cos 2x$ –ті екі еселі аргумент формуласымен ашамыз, $\sin^2 x$ –ті $(1 - \cos^2 x)$ деп түрлендіреміз.

$$\begin{aligned} \cos x - (\cos^2 x - \sin^2 x) &\leq 0 \\ \cos x - (\cos^2 x - (1 - \cos^2 x)) &\leq 0 \\ \cos x - (\cos^2 x - (1 - \cos^2 x)) &\leq 0 \\ \cos x - (\cos^2 x - 1 + \cos^2 x) &\leq 0 \end{aligned}$$

Сонда $\cos x - 2\cos^2 x + 1 \leq 0$ түрге келді. Алынған теңсіздікті (-1)-ге көбейтеміз:

$$2\cos^2 x - \cos x - 1 \geq 0$$

Теңсіздікті шешу үшін жаңа айнымалы енгіземіз: $\cos x = a$

$$2a^2 - a - 1 \leq 0$$

Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктейміз:

$$D = 1 - 4 \cdot 2 \cdot (-1) = 9, D > 0$$

$$a_1 = \frac{1-3}{4} = -\frac{1}{2}; \quad a_2 = \frac{1+3}{4} = \frac{4}{4} = 1$$

$$(a + \frac{1}{2})(a - 1) \leq 0$$

Интервал арқылы керекті аралықты табамыз:

$$a \in \left(-\infty; -\frac{1}{2}\right] \cup [1; \infty)$$

Косинусты орнына қоямыз

$$1. \quad \cos x \leq -\frac{1}{2}$$

$$x \in \left[\arccos\left(-\frac{1}{2}\right) + 2\pi k; 2\pi - \arccos\left(-\frac{1}{2}\right) \right]$$

$$x \in \left[\pi - \frac{\pi}{3} + 2\pi k; 2\pi - \frac{2\pi}{3} + 2\pi k \right]$$

$$\cos x \geq 1$$

$$x = 2\pi k$$

Сонымен, берілген теңсіздіктің шешімі: $x \in \left[\frac{2\pi}{3} + 2\pi k; \frac{4\pi}{3} + 2\pi k\right] \cup \{2\pi k\}$



Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу оқушылар үшін қиындық тудырады. Оқушылардың теңсіздіктерді шеше білу дағдысын қалыптастырып, дамыту үшін теңсіздіктерді шешудің әртүрлі жолдарына мысалдарды көптеп келтірген жөн.

Әдебиеттер

1. Рустюмова И.П., Рустюмова С.Т. Математикадан Бірыңғай Ұлттық тестілеуге (БҰТ) дайындалуға арналған тренажер. Бірінші басылым. – Алматы, 241-249 б.
2. Құрмаш Хасенов Кейбір тригонометриялық теңсіздіктерді шешудің жолдары // Математика және физика Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2018. – 9-12 б.

ҒТАХР: 27.01.45

Б.Р. Оралханова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Ш.Г. Сағитова**, аға оқытушы

АРИФМЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПРОГРЕССИЯНЫҢ ӘРТҮРЛІ САЛАДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ

Қазіргі таңдағы ғылымның математиканың өнеркәсіпте, техникада және жаратылыстану ғылымдарында қолданыстарына ерекше көңіл бөлетіні белгілі. Сондықтан өнеркәсіптік есептерді шешуде прогрессияның қолданылу ауқымы кең.

Біздің түсінуіміз бойынша, математиканы қолданбалы бағытта оқыту дегеніміз – математиканы оқытуда техника мен оған жақын ғылымдарда оны қолдану, халық шаруашылығы мен тұрмыста қолдануға бағыттау немесе оқытуға техникалық бағыт беру, яғни физика, химия, биология, география, сызу, технология сабақтары курсымен байланыс орнату, компьютерлік сауаттандыру, математикалық ойлау және жұмыс дағдысын қалыптастыру, оқушыны есептер шешуге, мысалдар шығартуға, оқушы өз бетінше есептей білу дағдысын қалыптастыру.

Прогрессия пәнаралық сипатқа ие болған математикалық ұғымның бірі. Өнеркәсіпте, геометрияда және жаратылыстану пәндерінде т.б пәндерде қолданылады.

Арифметикалық және геометриялық прогрессиялардың мектеп бағдарламасындағы оқу мақсаттары:

- Арифметикалық прогрессиялардың n -ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;
- Геометриялық прогрессиялардың n -ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;
- Сандар тізбектерінің арасынан арифметикалық және геометриялық прогрессияны ажырату және есептер шығару;

Арифметикалық прогрессияның 9-сынып оқулығында түсіндірілуі мен өнеркәсіпте қолданылуына тоқталайық. Мектеп бағдарламасында арифметикалық прогрессия ұғымын адамдар күнделікті өмірде ағаштарды, құбырларды, т.б заттарды жинағанда жоғарғы қатарларды оларды төменгі қатарларға қарағанда 1-ге кемітіп орналастырады, егер осы қатардағы заттардың санын жазатын болсақ, онда екіншісінен бастап әрбір мүшесі алдыңғы мүшесіне бірдей санды қосқанға тең болатын сандар тізбегін аламыз, осы тізбекті арифметикалық прогрессия деп атаймыз деп түсіндірілген. Ал, арифметикалық прогрессияның өнеркәсіпте қолданылуы да дәл осы мысал арқылы есептелінеді.

1-есеп. Кесілген ағаштарды құрғақ күйінде сақтау үшін оларды жоғарғы қатардағы ағаштар саны төменгі қатардағы ағаштар санынан бір ағаш санына кем етіп орналастырылады. Табанына 12 бөрене қаланған үйіндіде барлығы неше бөрене бар?

Шешуі: 12; 11; 10; 9; 8; 7; 6; 5; 4; 3; 2; 1 болатын шекті арифметикалық прогрессияны құрайды. Бұл прогрессия үшін $a_1=12$, $a_n=1$, $n=12$. Табу керек: S_n .

$$S_n = \frac{a_1 + a_n}{2} \cdot n \text{ формуласын қолданамыз: } S_{12} = \frac{12 + 1}{2} \cdot 12 = 78, S_{12} = 78$$

Жауабы: Бір үйіндіде 78 бөрене.

Сонымен қатар геометриялық прогрессияның биология, геометрия, және де қаржы саласында кеңінен қолданысына мысалдар келтіріп кетсек.

Прогрессия тамақ өнеркәсібінде (сусындар, сүт тағамдарын, тұздауда т.с.с), фармацевтика өнеркәсібінде (дәрі және вакциналарды даярлауда), ауыл шаруашылығында (силос, әртүрлі мал жемдерін даярлауда), коммуналды шаруашылықтарда және табиғатты қорғау іс-шараларында (тұрып қалған суларды тазалауда, мұнай қалдықтарының зардаптарын жойғанда) пайдаланылады. Ал бактериялардың көбею жолын геометриялық прогрессия арқылы есептейміз.

2-есеп. Бактерия адам ағзасына түскеннен кейін, 20-минутта екіге, олардың әрқайсысы келесі 20-минутта екіге т.с.с бөлінеді. Адам ағзасында тәулік соңында қанша бактерия пайда болатынын есептейік.

Шешуі: Тәулікте 1440 минут, әр жиырма минутта жаңа ұрпақ пайда болады – бір тәулікте 72 ұрпақ. Геометриялық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысының формуласы бойынша,

$$S_n = \frac{b_1(1 - q^n)}{1 - q}, \text{ мұндағы } b_1=1, q=2, n=72,$$

$$\text{Сонда } S_{72} = \frac{1(1 - 2^{72})}{1 - 2}$$

$$S_{72} = 2^{72} - 1 = 4\ 722\ 366\ 482\ 869\ 645\ 213\ 696 - 1 = 4\ 722\ 366\ 482\ 869\ 645\ 213\ 695.$$

Жауабы: Барлық бактерия саны: 4 септиллион 722 сектиллион 366 квинтиллион 482 квадриллион 869 триллион 645 миллиард 709 миллион 213 мың 695

3-есеп. Барлық организмдер геометриялық прогрессиядағыдай белсенді көбейеді. Кірпікшелі кебіше... Жазда кірпікшелі кебіше қаққа бөліну әдісімен көбейеді. 15-рет көбейгеннен кейіні кірпікшелі кебішелердің саны қаншаға өсетініне көңіл бөліп көрелік.

Шешуі: $b_n = b_1 \cdot q^{n-1}$ формуласын қолданамыз:

$$b_{15} = 2 \cdot 2^{14} = 32\ 768$$

Жауабы: Кірпікшелі кебішелердің саны 32 768, әрбір түрдің өсуі шектелмесе, ол геометриялық прогрессияға сәйкес өседі.

Геометриялық прогрессияның қаржы саласында да қолданысы кең:

4-есеп. Жинақ банкіне салынған ақша жылына 8 %-ға өседі. Егер банкке бастапқыда 100 000 тг салынса, онда салым 2 жылдан кейін қаншаға тең болады?

Шешуі: $b_n = b_1 \cdot q^{n-1}$ формуласымен есептейміз, мұндағы $b_1 = 100\ 000$, $q = 1,08$, $n = 2$.

$$b_3 = 100000 \cdot 1,08^2 \quad b_3 = 100000 \cdot 1,08^2 = 116640$$

Жауабы: 116 640 тг

Арифметикалық және геометриялық прогрессияны оқушыларға төмендегідей мысалдар арқылы түсіндірген тиімді әрі қызықты деп ойлаймыз.

Мысал. Неміс математигі Карл Фридрих Гаустың 9 жасында мұғалім оқушыларға мына есепті береді: «1-ден 100-ге дейінгі сандардың 100 санын қоса алғандағы барлық натурал сандардың қосындысын мәнін табындар». Бірер уақыттан кейін Гаустың «Мен шығардым» деген дауысы шығады. Көптеген оқушылар біраз есептеулерден кейін қате жауап алады. Ал Гаустың дәптерінде бір ғана жауап болады және ол дұрыс жауап еді.

Оның есептеу сызбасы бойынша әр жұптағы:

1,2,3, ..., 100

+ 100, 99, 98, ..., 1

101,101,101, ... , 101 сандардың қосындысының мәні 101-ге тең. Мұндай жұптар саны 50,

сондықтан ізделінді қосынды $101 \cdot 50 = 5050$ -ге тең. Міне, Гаустың балалық шағы мен $S_n = \frac{a_1 + a_n}{2} \cdot n$

формуласының арасында осындай байланыс бар.

Қорыта айтқанда, оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру және оларға өмірдегі қажеттілігін түсіндіру үшін математика пәнінен өткен тақырыптардың практикалық қолданысына мысалдарды көптеп келтірген жөн.

Әдебиеттер

1. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Екі бөлімді. – Алматы: Мектеп баспасы, 2019 ж. – 1-бөлім. – 108-118 б.
2. Тұрбаев Б.Е., Бедерова Қ., Әжібекова Г. Математиканы практикалық бағытта оқытудың алғашқы негіздері // Математика және физика ғылыми-әдістемелік журналы – 2013. № 1. – 2-36.

ҒТАХР: 27.01.45

А.Б. Слямбекова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Ш.Г.Сагитова**, физика-математика ғылымдары және информатика кафедрасының аға оқытушысы

МОДУЛЬ ТАҢБАСЫ БАР ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ

Математиканың үлкен тарауларының бірі – Теңсіздіктер. Бұл тарауда «Бір айнымалысы бар теңсіздіктер», «Бөлшек-сызықтық теңсіздіктер», «Квадрат теңсіздіктер», «Рационал теңсіздіктер», «Бөлшек-рационал теңсіздіктер», «Көрсеткіштік теңсіздіктер» және «Модуль таңбасы бар теңсіздіктер» тақырыптары қарастырылады.

Жоғарыда айтылған тақырыптардың ішінде оқушы үшін шешуде қиындық тудыратын теңсіздік – модуль таңбасы бар теңсіздіктер. Айнымалысы модуль таңбасы астында болатын теңсіздіктерді шешу үшін модульдің анықтамасын нақты түсініп, қолдана алу керек. Сондықтан мақалада модуль таңбасы бар теңсіздіктерді шешудің бірнеше тәсілі көрсетіледі.

I. Модульдің анықтамасы негізінде ашу әдісі

$$|f(x)| = \begin{cases} f(x), & \text{егер } f(x) \geq 0 \\ -f(x), & \text{егер } f(x) < 0 \end{cases}$$

I-мысал. Теңсіздікті шешіңіз: $|2x + 3| \leq x + 7$

Шешуі:

$$1) \quad \begin{cases} 2x + 3 \geq 0 \\ 2x + 3 \leq x + 7 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x \geq -\frac{3}{2} \\ x \leq 4 \end{cases} \Rightarrow -\frac{3}{2} \leq x \leq 4$$

$$2) \quad \begin{cases} 2x + 3 < 0 \\ -(2x + 3) \leq x + 7 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x < -\frac{3}{2} \\ x \geq -\frac{10}{3} \end{cases} \Rightarrow -\frac{10}{3} \leq x < -\frac{3}{2}$$

Шешімдерді біріктіре отырып $x \in \left[-\frac{10}{3}, 4\right]$ аралығын аламыз.

Жауабы: $\left[-\frac{10}{3}, 4\right]$

II. Теңсіздіктің екі жағын квадраттау әдісі

2-мысал. Теңсіздікті шешіңіз: $|x + 1| \geq 3$

Шешуі:

$$|x+1| \geq 3$$


$$(x+1)^2 \geq 9$$

$$x^2 + 2x - 8 \geq 0$$

$$(x+4)(x-2) \geq 0$$

Нөлдері: $x = -4; x = 2$

Жауабы: $(-\infty; -4] \cup [2; +\infty)$



III. Жаңа айнамалы еңгізу әдісі

3-мысал. теңсіздігін шешіңіз: $x^2 - |x| - 6 \leq 0$

Шешуі:

$$x^2 - |x| - 6 \leq 0$$

$$|x| = t; t \geq 0$$

$$t^2 - t - 6 \leq 0$$


$$(t+2)(t-3) \leq 0$$

$$0 \leq t \leq 3$$

$$|x| \leq 3$$

$$x \in [-3; 3]$$

Жауабы: $[-3; 3]$



IV. Интервалдар әдісі

Берілген теңсіздікті шешу үшін төмендегідей алгоритмді қолдана аламыз:

1) Әрбір модуль ішіндегі өрнектің нөлі есептелінеді;


2) Нөлдер сан түзуін аралықтарға бөледі:

3) Әр аралықта модуль ішіндегі өрнектердің таңбасы зерттеліп, теңсіздіктің шешімі анықталады.

4-мысал. Теңсіздікті интервалдар әдісімен шешіңіз: $|x - 1| + |2 - x| > 3$

Шешуі:


$|x-1| + |2-x| > 3$ модуль ішіндегі өрнектердің нөлдері: $x=1$ және $x=2$



a)
$$\begin{cases} x \leq 1 \\ -(x-1) + 2 - x > 3 \end{cases} \quad \begin{cases} x \leq 1 \\ x < 0 \end{cases}$$

b)
$$\begin{cases} 1 < x \leq 2 \\ x + 1 - x > 3 \end{cases} \quad \begin{cases} 1 < x \leq 2 \\ 1 > 3 \end{cases} \quad \text{бұл}$$

жүйенің шешімі: \emptyset



c)
$$\begin{cases} x > 2 \\ x - 3 + x > 3 \end{cases} \quad \begin{cases} x > 2 \\ x > 3 \end{cases}$$

Жауабы: $(-\infty; 0) \cup (3; +\infty)$



V. Мәндес жүйеге ауыстыру әдісі

1. $|f(x)| < g(x)$

Берілген теңсіздік төмендегі теңсіздерге мәндес болады:

$$-g(x) < f(x) < g(x) \quad \text{немесе} \quad \begin{cases} f(x) < g(x) \\ f(x) > -g(x) \end{cases}$$

2. $|f(x)| > g(x)$

Берілген теңсіздік төмендегі теңсіздерге мәндес болады:

$$f(x) > g(x) \quad \text{немесе} \quad f(x) < -g(x)$$

$$\begin{cases} f(x) > g(x) \\ f(x) < -g(x) \end{cases}$$

5-мысал. Теңсіздікті мәндес жүйеге ауыстыру әдісі арқылы шешіңіз:

$$3x + |2 - x| \leq 5$$

$$|2 - x| \leq 5 - 3x$$

Жоғарыдағы формулаларды қолдансақ:

$$\begin{cases} 2 - x \leq 5 - 3x \\ 2 - x \geq 3x - 5 \end{cases}$$

$$\begin{cases} x \leq 1\frac{1}{2} \\ x \leq 1\frac{3}{4} \end{cases}$$

$$\begin{cases} x \leq 1\frac{1}{2} \\ x \leq 1\frac{3}{4} \end{cases}$$

Жауабы: $(-\infty; 1\frac{1}{2}]$

Жалпы орта білім беретін мектептің оқу бағдарламасында модуль таңбасы бар теңсіздіктерді шешуде жоғарыда көрсетілген әдістер қолданылады. Мұндай есептерді шығару оқушылардың ойлау қабілетін арттырады. Ұстаз оқушыға бір есепті бірнеше тәсілмен шығарып көрсетсе, оқушының білімі тереңдей түседі, оқушылардың есеп шығара білу дағдысы дамиды.

Әдебиеттер

1. Базарбаева А.М. Модуль таңбасы бар теңсіздіктерді бірнеше тәсілмен шығару // Математика және физика Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2018. – №2. – 21-23 б.
2. Шахин Ф., Базаров Е.М. Математика шың кітап. – Алматы, 2011. – 90-92 б.
3. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Жұмағұлова З.Ә. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. Екі бөлімді. – Алматы: Мектеп, 2018, 2-бөлім. – 184 б.

МРНТИ: 77.29.61

А. Мерғазыұлы

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: **Б. Акжигитов**, преподаватель кафедры физической культуры и спорта

ФИЗИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА ФУТБОЛЬНЫХ АРБИТРОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СРЕДСТВ ЛЕГКОЙ АТЛЕТИКИ

Современный профессиональный футбол с каждым годом становится все более динамичным, возрастает скорость игры. Игроки на поле совершают огромное количество перемещений и технико-тактических действий. Возрастают и требования к уровню физической подготовленности игроков и совершенствуются системы физической подготовки футболистов. Если возрастают требования к игрокам, то и футбольным арбитрам нужно соответствовать их уровню.

Футбольному судье необходимо постоянно находиться на оптимальном расстоянии от игровых эпизодов, для того, чтобы была возможность правильно оценить ситуацию и принять верное решение. Правильный выбор места на футбольном поле, позиция арбитра при оценке игровых эпизодов указывает не только на квалификацию арбитра, но и служит показателем уровня физической подготовленности.

Многие специалисты отмечают, что ошибки, которые совершают арбитры во время судейства матчей, часто связаны с недостаточным уровнем подготовленности (Хусаинов С.Г, Спиринов А.Н., Турбин Е.А.). Результаты исследований указывают на то, что чаще всего арбитры допускают ошибки в заключительные минуты каждого из таймов матча. Это, прежде всего, связано с накапливающимся физическим утомлением, что ведет к снижению концентрации внимания и скорости принятия решения. Также увеличивается и расстояние, с которого принимается решение, по оценке игрового эпизода. Следовательно, это указывает на недостаточный уровень физической подготовленности у арбитров во время судейства матчей.

Важнейшим фактором, который определяет профессиональные возможности арбитра, являются знания. Оценка деятельности судьи чаще всего происходит по его профессиональным качествам.

Эрудиция спортивного арбитра складывается из общих и специальных знаний. Общие знания характеризуют мировоззрение и общую культуру судьи. А.Р. Хайрулин разделяет специальные знания на: теоретические, практические и методические.

Основу знаний представляет теоретическая подготовка арбитра. Пьерлуиджи Коллина в своей книге говорит: «Подготовка проводится не только с целью физического развития организма. Подготовиться – значит осознать то, чем ты собираешься заниматься. И уж коли ты футбольный арбитр, глубокое знание футбола – первейшая необходимость. Знать футбол, значит знать правила. Роль арбитра состоит в том, чтобы соблюдать самому и заставлять соблюдать правила игроков».

Средства легкой атлетики, благодаря своей доступности, используются в различных видах спорта для совершенствования процесса физической подготовки спортсменов (например, триатлон, спортивное ориентирование, фигурное катание и т.д.). Футбольные арбитры также на практике используют средства легкой атлетики для физической подготовки, но нет научного обоснования эффективности применения данных средств для судей. Следовательно, использование средств легкой атлетики в физической подготовке футбольных арбитров на сегодняшний день актуально. Для того чтобы осуществить перенос средств легкой атлетики в физическую подготовку арбитров, необходимо интегрировать их с учетом особенностей двигательной деятельности футбольных арбитров.

Литература

1. Кулалаев П.Н. Начальная подготовка футбольных арбитров: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Волгоград, 2006. – 22 с.
2. Масленников А.В. Двигательная активность футбольных арбитров различной квалификации / А.В. Масленников, М.М. Соловьев // Учёные записки Университета имени П.Ф. Лесгафта. – 2017. – № 2 (144). – С. 135-138.

М. Сауытова

